




САМУҒЫҚ  
ҚАЗЫНА



Жылдық есеп  
II томы **2017**





«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ  
Шоғырландырылған қаржылық есептілік  
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге

# МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың есебі .....	3-7
---------------------------------	-----

## Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс .....	8-9
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп.....	10-11
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп .....	12-13
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп.....	14

## Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

1. Жалпы ақпарат.....	16
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі.....	17
3. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу.....	18
4. Маңызды бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар.....	39
5. Сатып алу.....	54
6. Тоқтатылған қызмет және сатуға арналған ретінде жіктелетін активтер.....	55
7. Негізгі құралдар .....	59
8. Материалдық емес активтер .....	62
9. Барлау және бағалау бойынша активтер.....	63
10. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар .....	64
11. Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек.....	72
12. Кредиттік мекемелердегі қаражат .....	72
13. Басқа да қаржы активтері .....	74
14. Басқа да ұзақ мерзімді активтер .....	75
15. Қорлар .....	75
16. Сауда дебиторлық берешек және өзге де ағымдағы активтер.....	76
17. Ақша қаражаты мен оның баламалары.....	77
18. Капитал .....	77
19. Қарыздар .....	83
20. Қазақстан республикасы үкіметінің қарыздары.....	85
21. Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер.....	85
22. Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер .....	87
23. Резервтер.....	88
24. Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер.....	89
25. Өзге ағымдағы міндеттемелер .....	90
26. Түсім .....	91
27. Мемлекеттік субсидиялар.....	91
28. Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны.....	92
29. Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	92
30. Тасымалдау және сату бойынша шығыстар .....	92
31. Құнсыздану залалы.....	93
32. Қаржылық шығындар.....	93
33. Қаржылық кіріс .....	93
34. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто .....	94
35. Табыс салығы бойынша шығыстар .....	94
36. Шоғырландыру .....	98
37. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу .....	98
38. Қаржы құралдары, қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты .....	99
39. Шартты және шарттық міндеттемелер .....	105
40. Сегменттік есептілік .....	110
41. Есепті күннен кейінгі оқиғалар .....	113

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Акционері мен Басшылығына

### **Пікір**

Біз «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының («Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

### **Пікірді білдіру негізі**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне* («БХЭСК Кодексі») сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### **Аудиттің шешуші мәселелері**

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз қорытындымыздың «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

### **Аудиттің шешуші мәселелері**

### **Тиісті шешуші мәселелер аудит барысында қалайша қарастырылды**

#### **Қауымдасқан компанияларға инвестицияларды қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы**

Біз бұл мәселе құнсыздануды талдау негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін барынша маңыздылардың бірі болып табылады деп есептейміз. Сонымен бірге, қарыз алу құнының ұлғаюы және келешек экономикалық өсімге қатысты белгісіздік Топ қызметінің перспективаларына әсер етеді және Топ активтерінің құнсыздануына әкеп соқтыра алады.

Елеулі жорамалдарға дисконттау мөлшерлемелері, табиғи ресурстарға болжамды бағалар мен тарифтер және инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдары жатады.

Елеулі бағалауға өндіру және өндіріс деңгейінің жоспары, келешек күрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді ресурстар қорлары кіреді.

Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4-ескертпесінде келтірілген.

Біз құнсызданудың талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құн есебі үшін бағалау мәселелері бойынша мамандарымызды тарттық. Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған табиғи ресурстардың бағаларын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық. Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырдық. Біз құнсыздану модельдерінің және сезімталдылық талдауының математикалық дәлдігін тексердік.

Сондай-ақ, біз басшылықтың «Балқаш ЖЭС» АҚ қауымдасқан компанияға қатысты жоспарларын бағаладық және бұл инвестицияның өтелімділігін бағалауды сараладық.

Біз құнсыздану туралы ақпараттың шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуін сараладық.

### **Несие келісімдерінің шеңберіндегі шарттық талаптарды сақтау**

Несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді белгілі бір деңгейде сақтауы және қолдауы тиіс. Көрсеткіштердің бұзылуы қаржыландыру дефицитімен қатар, айтарлықтай айыппұлдар мен өсімпұлдарға әкеп соқтыра алады. Сонымен бірге, кросс-дефолт туралы ережелер Топтың несие келісімдері бойынша қолданылады. Шарттық талаптарды сақтау аудит үшін барынша маңызды мәселе болып табылады, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі пайыздық міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар.

Несие келісімдерінің шеңберінде шарттық талаптарды сақтау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *18-ескертпесінде* ашылып көрсетілген.

### **Қаржы активтерінің өтелетін құнын бағалау**

Банктерде орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттерді, сондай-ақ басқа да қаржы активтерін бағалау тиісті қалдықтардың елеулілігіне, басшылықтың пайымдауына және банктер 2017 жылы Қазақстанда тап болған қаржылық қиындықтармен байланысты белгісіздікке орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Қаржы активтерін бағалауға қатысты ашып көрсету шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *4-ескертпесіне* қосылған, сауда дебиторлық берешек және өзге де қаржы активтері туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 9 және 11-*ескертпелеріне* қосылған.

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделедік. Біз есептеулерде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз қаржылық көрсеткіштер бойынша есептеулердің математикалық дәлдігін бағаладық.

Сонымен қатар, біз есептен шығарулар мен сатып алуларға қатысты шектеулер, активтерге бақылауды сақтап қалу және дәрменсіздік немесе банкроттық туралы істер бойынша сот өндірістерінің жоқтығы сияқты қаржылық емес көрсеткіштерді сараладық.

Банктерде орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттерге қатысты аудиторлық процедураларымыздың шеңберінде біз тиісті банктерді санациялау жоспарлары туралы ақпаратты зерделеп, оны Топ басшылығымен талқыладық. Біз мұндай банктерде орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттердің құнын бағалау кезінде Топ басшылығы пайдаланған жорамалдарды бағаладық. Сондай-ақ біз күмәнді қаржы активтері бойынша резерв сомасын және бұл қаржы активтерінің құнын өтеудің баламалы тәсілдерін анықтау үшін пайдаланылған басшылықтың жорамалдарын, дебиторлық берешектің жас ерекшелігінің құрылымы туралы және есепті күнге дейін әрі кейін өтеу туралы ақпаратты сараладық. Біз қаржы активтерін бағалауға қатысты шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *ескертпелерінде* ақпараттық сараладық.

### ***Топтың 2017 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат***

Басқа да ақпаратқа Топтың жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудитті жүргізу барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### ***Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі***

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### ***Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.



Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз, аудит процедураларын айқындаймыз және орындаймыз, сондай-ақ өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін.
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз.
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз.
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздік қағидатын қолдану мақсатына лайықтығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымды жасасақ, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аударуға немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді өзгертуге міндеттіміз. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапкершілік көтереміз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және бұл тұлғаларға барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.


Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық қорытынды шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер – Пол Кон.

### „Эрнст энд Янг“ ЖШС



Пол Кон  
Аудит жөніндегі партнер

Адиль Сыздықов  
Аудитор



Гульмира Тұрмағамбетова  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры



Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ МФ-0000172 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік  
лицензия: сериясы МФЮ - 2, № 0000003,  
Қазақстан Республикасының Қаржы  
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2018 жылғы 21 мамыр

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	7	10.782.247	10.160.089
Материалдық емес активтер	8	923.811	922.465
Барлау және бағалау бойынша активтер	9	451.782	427.368
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		11.601	9.083
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	10	2.843.489	2.767.678
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек	11	593.325	560.952
Кредиттік мекемелердегі қаражат	12	502.493	684.442
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	35	135.735	145.150
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	13	95.620	166.236
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	14	687.954	511.324
		<b>17.028.057</b>	<b>16.354.787</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Қорлар	15	396.944	319.698
Өтелуге жататын ҚҚС		144.593	177.212
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		54.077	95.942
Сауда дебиторлық берешек	16	479.910	438.486
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек	11	250.362	140.345
Кредиттік мекемелердегі қаражат	12	1.951.384	1.669.459
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	13	30.229	27.316
Басқа да ағымдағы активтер	16	353.581	399.666
Ақша қаражаты мен оның баламалары	17	2.190.107	1.554.035
		<b>5.851.187</b>	<b>4.822.159</b>
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	6	1.286.659	1.283.914
<b>Активтер жиыны</b>		<b>24.165.903</b>	<b>22.460.860</b>

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Негізгі компанияның акционеріне жататын капитал</b>			
Жарғылық капитал	18.1	5.133.476	5.058.658
Қосымша төленген капитал	18.2	13.189	–
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	18.9	922.497	1.008.696
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві		26.177	31.032
Хеджирлеу резерві	18.10	(54.666)	(52.712)
Өзге де капитал резервтері		(16.742)	(16.522)
Бөлінбеген пайда		3.817.514	3.321.930
		9.841.445	9.351.082
Бақыланбайтын қатысу үлесі	18.8	1.821.720	1.640.592
<b>Капитал жиыны</b>		<b>11.663.165</b>	<b>10.991.674</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	19	5.399.886	4.930.158
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	20	776.141	912.180
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	22	120.021	116.078
Резервтер	23	198.716	161.936
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	35	638.722	583.245
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	24	76.604	66.887
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	21	1.215.327	1.476.788
		8.425.417	8.247.272
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Қарыздар	19	1.516.573	820.570
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	20	5.907	6.231
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	22	19.742	18.332
Резервтер	23	115.967	193.499
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	24	6.883	6.172
Төленуге жататын табыс салығы		13.876	4.220
Сауда және басқа да кредиторлық берешек		660.487	587.217
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	25	1.118.234	892.977
		3.457.669	2.529.218
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер	6	619.652	692.696
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>12.502.738</b>	<b>11.469.186</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>24.165.903</b>	<b>22.460.860</b>

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Бейбит Карымсаков

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл (қайта есептелгені)*
<b>Жалғасып отырған қызмет</b>			
Түсім	26	5.124.158	4.067.693
Мемлекеттік субсидиялар	27	52.443	34.209
		5.176.601	4.101.902
<b>Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны</b>			
<b>Жалпы пайда</b>		<b>623.300</b>	<b>729.386</b>
<b>Жалпы және әкімшілік шығыстар</b>			
Жалпы және әкімшілік шығыстар	29	(412.861)	(344.701)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	30	(319.154)	(218.340)
Құнсыздану зияны	31	(94.933)	(68.654)
Еншілес ұйымдардың шығуынан (зиян)/пайда		(3.528)	44.531
KPI қатысу үлесінің 51% қайта бағалаудан кіріс	5	26.449	–
<b>Операциялық қызметтен болған (зиян) / пайда</b>		<b>(180.727)</b>	<b>142.222</b>
<b>Қаржылық шығындар</b>			
Қаржылық шығындар	32	(474.646)	(400.955)
Қаржылық кіріс	33	191.932	273.738
Өзге де операциялық емес зиян		(42.415)	(31.714)
Басқа да операциялық емес кіріс		49.471	61.216
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске, нетто	34	531.841	355.969
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто		23.737	(23.583)
Пут опционын іске асырудан түскен кіріс	13	107.714	–
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>		<b>206.907</b>	<b>376.893</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	35	(263.782)	(169.892)
<b>Жалғастырылатын қызметтен бір жылғы таза (зиян)/пайда</b>		<b>(56.875)</b>	<b>207.001</b>
<b>Тоқтатылған қызмет</b>			
Табыс салығын шегергендегі тоқтатылған қызметтен түскен пайда	6	792.850	368.199
<b>Бір жылғы таза пайда</b>		<b>735.975</b>	<b>575.200</b>
<b>Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда:</b>			
Бас компанияның акционеріне		600.807	454.545
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		135.168	120.655
		735.975	575.200

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл (қайта есептелгені)*
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс</i>			
Есептік валютасын қайта есептеу	18.9	(62.251)	(24.351)
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған зиян		(11.514)	(1.380)
Қауымдасқан компания мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық зиянындағы үлес		(408)	(1.683)
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша кіріс	18.10	260	9.421
Ақша ағындарын хеджирлеудің салықтық әсері	18.10	(271)	(1.001)
Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша іске асырылған таза пайда/(зиян)		6.659	(405)
<b>Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жататын өзге де жиынтық зиян</b>		<b>(67.525)</b>	<b>(19.399)</b>
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс</i>			
Қауымдасқан компания мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық зиянындағы үлес		(371)	(343)
Белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық (зиян)/кіріс		(8.046)	7.424
Жиынтық (зиян) құрамдастарының салық әсері		(358)	(654)
<b>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық (зиян) / кіріс</b>		<b>(8.775)</b>	<b>6.427</b>
<b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы өзге жиынтық зиян</b>		<b>(76.300)</b>	<b>(12.972)</b>
<b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жалпы сомасы</b>		<b>659.675</b>	<b>562.228</b>
<b>Бір жылғы жиынтық кірістің жалпы сомасы:</b>			
Бас компанияның акционеріне		521.969	447.957
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		137.706	114.271
		<b>659.675</b>	<b>562.228</b>

\* Осында келтірілген кейбір сомалар 2016 жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келмейді, өйткені жүргізілген қайта есептеулерді көрсетеді, олар туралы нақты ақпарат 2-ескертеде келтіріледі.

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Бейбит Карымсаков

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Бас компания акционеріне тиесілі									
	Ескерт.	Жарғылық капитал	Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Басқа да күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
<b>2015 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо</b>		4.916.269	32.817	1.025.930	(59.171)	(13.922)	2.971.941	8.873.864	1.527.508	10.401.372
Бір жылғы жиынтық кіріс		-	(1.785)	(17.234)	6.459	-	460.517	447.957	114.271	562.228
Акциялар шығару		142.389	-	-	-	-	-	142.389	-	142.389
Үкіметтің қарыздары бойынша дисконт		-	-	-	-	-	4.007	4.007	-	4.007
Дивидендтер		-	-	-	-	-	(10.393)	(10.393)	(16.549)	(26.942)
Акционермен жасалатын өзге де операциялар		-	-	-	-	-	(54.643)	(54.643)	-	(54.643)
Акционерге өзге де бөлу		-	-	-	-	-	(46.993)	(46.993)	-	(46.993)
Еңшлес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыланбайтын қатысу үлесін сату		-	-	-	-	-	(2.425)	(2.425)	11.425	9.000
Акциялар негізіндегі төлемдер бойынша опциондарды орындау		-	-	-	-	(3.366)	-	(3.366)	3.366	-
Капиталдағы басқа да өзгерістер		-	-	-	-	766	(81)	685	571	1.256
<b>2016 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо</b>		5.058.658	31.032	1.008.696	(52.712)	(16.522)	3.321.930	9.351.082	1.640.592	10.991.674

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Бас компания акционеріне тиесілі											
Миллион теңгемен	Есерт.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резерв			Басқа да күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жымыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жымыны
				Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві	Есептік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві					
		5.058.658	-	31.032	1.008.696	(52.712)	(16.522)	3.321.930	9.351.082	1.640.592	10.991.674
2016 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		-	-	(4.855)	(87.300)	(1.954)	(18)	616.096	521.969	137.706	659.675
Кезеңдегі жиынтық кіріс	18.1	74.818	-	-	-	-	-	-	74.818	-	74.818
Акциялар шығару	18.2	-	13.189	-	-	-	-	-	13.189	-	13.189
Акционердің өзге де салымдары	18.3	-	-	-	-	-	-	(11.899)	(11.899)	(24.328)	(36.227)
Дивидендтер											
Акционермен жасалатын өзге де операциялар	18.4	-	-	-	-	-	-	(6.534)	(6.534)	-	(6.534)
Акционерге өзге де бөлу	18.5	-	-	-	-	-	-	(112.131)	(112.131)	-	(112.131)
Еңшілес компаниялардың сатып алуы	5	-	-	-	-	-	-	1.036	1.036	56.359	57.395
Еңшілес ұйымдардың шығуы	6	-	-	-	(108)	-	-	-	(108)	(3.143)	(3.251)
Еңшілес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыланбайтын қатысу үлесін сату	18.6	-	-	-	-	-	-	7.547	7.547	16.517	24.064
Еңшілес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу	18.7	-	-	-	1.209	-	-	1.547	2.756	(3.082)	(326)
Капиталдағы басқа да өзгерістер							(202)	(78)	(280)	1.099	819
2017 жылдың 31 желтоқсанына арналған сальдо		5.133.476	13.189	26.177	922.497	(54.666)	(16.742)	3.817.514	9.841.445	1.821.720	11.663.165

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Бейбит Қарымсақов

Бас бухгалтер

Алғаз Әбдірахманова



## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Сатып алушылардан ақша түсімдері		8.540.915	7.944.790
Өнім жеткізушілерге ақша төлемдері		(5.165.564)	(3.868.042)
Жұмысшыларға ақша төлемдері		(882.235)	(790.686)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(1.117.307)	(967.252)
Қаржы құралдарымен операциялар (Қордың КЦ және Қазпошта)		(63.143)	79.020
Бюджеттен ҚҚС-ты қайтару		124.621	91.394
Басқа да төлемдер, нетто		(51.047)	(46.456)
Төленген табыс салығы		(169.442)	(169.533)
Төленген пайыздар		(454.320)	(410.074)
Алынған пайыздар		168.165	143.373
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі</b>		<b>930.643</b>	<b>2.006.534</b>
<b>Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары</b>			
Негізгі құралдар мен барлау активтерін сатып алу		(1.087.829)	(1.129.245)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	10	356.098	209.523
Банк депозиттерін орналастыру, нетто		(312.441)	(228.781)
Қарыздар беру		(181.948)	(58.122)
«Пут» опционын сатудан түскен түсімдер	13	173.719	–
Еншілес ұйымдарды сатудан түскен түсімдер, нетто		24.174	1.656
БТА сатудан болған дебиторлық берешек бойынша түсімдер		51.211	
Материалдық емес активтерді сатып алу		(23.161)	(44.640)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сату/(сатып алу)		15.745	(8.288)
Берілген қарыздарды өтеу		7.879	45.511
Басқа да түсімдер, нетто		17.921	41.030
<b>Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалыуы</b>		<b>(958.632)</b>	<b>(1.171.356)</b>
<b>Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Қарыздар бойынша түсімдер		2.336.650	657.108
Қарыздарды өтеу		(1.442.094)	(1.005.100)
Қаржылық жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу		(18.401)	(19.764)
Жарғылық капиталға салынған жарналар	18.1	74.552	137.923
Акционерге бөлу		(62.166)	(55.513)
Еншілес ұйымдардағы бақыламайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер		(21.379)	(19.742)
Бақыламайтын қатысу үлесін сату	18.6	24.068	9.000
Солтүстік Каспий жобасында бөлінбейтін қатысу үлесінде қосымша үлесті сатып алу берешегін төлеу	25	(177.079)	(176.600)
Акционерге төленген дивидендтер		(11.899)	(10.393)
Басқа да төлемдер, нетто		(4.932)	–
<b>Қаржылық қызметтен болған ақша қаражатының таза (жұмсалыуы) / түсуі</b>		<b>697.320</b>	<b>(483.081)</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы</b>		<b>669.331</b>	<b>352.097</b>
<b>Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері</b>			
Сатуға арналған активтерге қайта топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс		(51.006)	6.832
Ақша қаражаты мен оның баламаларының күнсыздануы	4	(6.368)	
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.554.035	1.206.557
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>17</b>	<b>2.190.107</b>	<b>1.554.035</b>

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Бейбит Карымсаков

Бас бухгалтер

Алмас Әбдірахманова

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

#### Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - «Самұрық») біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі - «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өзінің қатысу үлесін қосымша беру жолымен жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті білдіретін Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер») болып табылады.

Осы қайта ұйымдастыру кезіндегі Үкіметтің негізгі мақсаты менеджменттің тиімділігін арттыру және Үкіметтің тиісті бағдарламаларында белгіленген стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында Қордың еншілес ұйымдарындағы ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру болып табылады.

Қор *36-ескерпеле* санамаланған бірқатар мемлекеттік кәсіпорындарды (бұдан әрі - «Топ») біріктіретін холдинг болып табылады. Қордың қызметі 2012 жылғы 1 ақпанға дейін «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы №134-4 Заңымен реттелген және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған болатын. 2012 жылғы 1 ақпанда «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-4 Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топ активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға шоғырлануы тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (серіз) операциялық сегментке бөлінеді (*40-ескерпеле*):

- ▶ Мұнай-газ сараланымы мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, мұнай мен газды қайта өңдеу және сату, шикі мұнай, газ және қайта өңделетін өнімдер бойынша операцияларды қамтиды;
- ▶ Тасымалдау сараланымы жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау жөніндегі операцияларды қамтиды.
- ▶ Коммуникация сараланымы жергілікті, алыстағы қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері; сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері бойынша операцияларды қамтиды.
- ▶ Энергетикалық сараланым Энергетикалық сараланым электр энергиясын өндіру және беру жөніндегі, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық, диспетчерлеу және импортталатын электр энергиясын пайдалану жөніндегі операцияларды, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды.
- ▶ Тау-кен сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі операцияларды қамтиды.
- ▶ Өнеркәсіптік сегмент қорғаныс кешені мен азаматтық машина жасау, химия саласын дамыту кәсіпорындарын қамтиды.
- ▶ Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржы операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыздар беруді қамтиды.
- ▶ Басқа сегмент мемлекетке тұрғын үй құрылысына инвестицияларды салу арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда қолдау көрсету операцияларын және басқа да операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген офісі мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қонаев көшесі 8, Б блогы.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2018 жылғы 17 мамырда Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері бекітті және нақ осы күні Қордың Директорлар кеңесінің Аудит комитеті алдын ала бекітті. Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті кейіннен Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер бекітуі тиіс.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

### Жекешелендіру жоспары

2014 жылғы 30 сәуірде Үкімет 2014-2016 жылдарға арналған бастапқы Жекешелендіру жоспарын бекітті. 2015 жылғы 30 желтоқсанда Үкімет, алдындағы 2014-2016 жылдарға арналған Жекешелендіру жоспарын ауыстырып, 2016-2020 жылдарға арналған жаңа кешенді Жекешелендіру жоспарын, сондай-ақ Қордың кейбір еншілес ұйымдарын қоса алғанда, жекешелендіруге жататын мемлекетке тиесілі активтер тізбесін бекітті.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде сипатталған жағдайларды қоспағанда, бастапқы құн қағидаты негізінде дайындалды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, ақша сомалары миллион теңгеге дейін дөңгелектелген.

### Сәйкестік туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір сыни есептемелік бағалауды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар *4-ескертеде* ашылған.

### Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзету

Топтың своп операциялары бойынша өзінің түсіндірмесі мен бухгалтерлік есебін қайта қарауына орай, 2016 жылғы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қайта қаралды (*4-ескерте*).

2016 жылға түзету әсері төменде көрсетілген:

Миллион теңгемен	2016 жыл қайта қаралғанға дейін	Түзету	2016 жыл қайта есептелгені
Түсім	4.092.279	(24.586)	4.067.693
Сатудың өзіндік құны	(3.397.102)	24.586	(3.372.516)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>729.386</b>	<b>-</b>	<b>729.386</b>

Бұл түзету 2016 жылғы 31 желтоқсанға шоғырландырылған бухгалтерлік баланстың баптарына әсерін тигізбеді.

### Шетел валютасын қайта есептеу

#### Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - «функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол Топтың есептілігін білдіру валютасы болып табылады.

#### Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде және жыл аяғындағы бағамдар бойынша шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындаған бағамдық айырмадан пайда болатын кірістер мен шығындар пайдалар мен шығындар болып мойындалады.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

### Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

#### Операциялар және шоттар сальдосы (жалғасы)

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

#### Топтың кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- ▶ ұсынылған бухгалтерлік баланстардың әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күндердегі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- ▶ жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басуа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- ▶ барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

#### Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде 31 желтоқсандағы шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы орташа алынған бағам	2016 жылғы орташа алынған бағам	2018 жылғы 17 мамыр
АҚШ Доллары	332,33	333,29	326,08	341,77	327,11
Еуро	398,23	352,42	368,45	378,57	386,02
Ресей рублі	5,77	5,43	5,59	5,12	5,28
Швейцария франкі	340,61	328,14	331,23	347,17	326,46

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

### Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2017 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау

Топ 2015 жылға шоғырландырылған қаржылық есептілікте алғаш рет қолданған мынадай жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттарға және түсіндірмелерге түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына елеулі ықпал еткен жоқ:

*«Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» - «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама» 7 ХБЕС-ке түзетулер*

Түзетулер компаниялардан, ақша ағындарымен және ақшалай емес өзгерістермен байланысты өзгерістерді қоса алғанда, қаржылық қызметтің нәтижесінде туындайтын міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. Топ талапты перспективті түрде қолданып, ағымдағы кезең үшін ақпаратты ұсынды (*38-ескерте*).

*«Пайдаға салынатын салықтар» - «Өткізілмеген шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» 12 ХБЕС-ке түзетулер*

Түзетулер, компанияға салық заңнамасы салық салынатын пайда көздерін шектейтіндігін айқындау қажет екендігін түсіндіреді, әрі солардың есебінен компания бұл есептен шығарылатын уақыт айырмасының күшін жоюмен байланысты есептен шығаруларды жасай алады. Сонымен қатар, түзетулер компания келешек салық салынатын пайданы қалайша айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтитын және мұндайда салық салынатын пайда олардың баланстық құнынан асатын кейбір активтер үшін алынған өтемақыны қамтитын жағдайларды түсіндіреді.

Топ түзетулерді ретроспективті қолданды. Дегенмен олардың қолданылуы Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізбейді, өйткені Топтың түзетулердің қолданылу аясына кіретін есептен шығарылатын уақыт айырмалары немесе активтері жоқ.

#### ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар

*«Басқа ұйымдарға қатысу туралы ақпаратты ашып көрсету» - «Талаптардың 12 ХҚЕС-тегі ақпараттың ашылып көрсетуіне қолданылу аяларын түсіндіру» 12 ХҚЕС-ке түзетулер*

Түзетулер 12 ХҚЕС-те («IFRS») ақпаратты ашып көрсетуге қатысты талаптар ұйымның еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан ұйымға қатысу үлесіне (немесе бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан ұйымдағы үлестің бір бөлігіне) қатысты қолданылатындығын түсіндіреді, әрі ол сатуға арналған деп жіктеледі (немесе шығатын топтың құрамына қосылады). Түзету Топқа еш әсерін тигізбейді.

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі, әрі олар, Топтың пікірінше, қолданылғаннан кейін ашып көрсетулерге, қаржылық жағдайға немесе қызмет нәтижелеріне әсерін тигізеді. Топ осы стандарттар мен түсіндірмелерді, қажет болған жағдайда, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

- ▶ 9 ХҚЕС «Қаржы құралдары» (1 қаңтар 2018 жыл);
- ▶ 15 ХҚЕС «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» (1 қаңтар 2018 жыл);
- ▶ 2 ХҚЕС «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» (түзетулер) (1 қаңтар 2018 жыл);
- ▶ 16 ХҚЕС «Жалдау» (1 қаңтар 2019 жыл);
- ▶ 10 ХҚЕС пен 28 ХБЕС «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу» (күні айқындалмаған);
- ▶ 22 IFRIC түсіндірмесі «Шетел валютасындағы операция және алдын ала төлем» (1 қаңтар 2018 жыл);
- ▶ 23 IFRIC түсіндірмесі «Табыс салығын есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» (1 қаңтар 2019 жыл);

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

- ▶ 1 ХҚЕС «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» - ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар үшін қысқа мерзімді босатуларды жою (1 қаңтар 2018 жыл);
- ▶ 28 ХҚЕС «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» - Жылжымайтын мүлік объектілерін әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімі әрбір инвестиция үшін бөлек қабылдануы тиіс екендігін түсіндіру (1 қаңтар 2018 жыл);
- ▶ Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа аудару - 40 ХБЕС-ке түзетулер) (1 қаңтар 2018 жыл).

#### 9 ХҚЕС «Қаржы құралдары»

9 ХҚЕС «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХҚЕС-ті ауыстырады және қаржы құралдарын есепке алу жобасының барлық үш аспектісін біріктіреді: жіктеу мен бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу.

9 ХҚЕС 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, ретроспективті түрде қолданылу талап етіледі, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Топ талап етілген күшіне енгізу күніне жаңа стандартты қабылдауды жоспарлап отыр және салыстырмалы ақпаратты қайта есептемейді.

Есепті күнгі жағдай бойынша Топ 9 ХҚЕС-тің барлық үш аспектісінің әсерін толық бағалауды аяқтамады. Бұл бағалау амалы одан әрі негізделген әрі расталатын ақпараттың нәтижесінде өзгертілуі мүмкін, әрі 9 ХҚЕС толығымен қабылданғанда, Топ үшін 2018 жылы қолжетімді болады.

#### (а) Жіктеу және бағалау

Топ қазіргі уақытта әділ құны бойынша бағаланатын барлық қаржы активтерін әділ құны бойынша бағалауын жалғастыруды жоспарлап отыр. Топ ықтимал әсерді бағалауды жалғастырады.

Сауда дебиторлық берешек шарттық ақша ағындарын алу үшін ұсталады және олар негізгі борыш сомасы мен пайыздардың есебіне төлем болып табылатын ақша ағындарының пайда болуына әкеп соқтырады деп күтіледі. Топ осы құралдар бойынша шартта көзделген ақша ағындарының сипаттамаларын саралап, олар 9 ХҚЕС-ке сай амортизацияланған құны бойынша бағалау критерийлеріне жауап беретіндігі жайында тұжырымға келді. Тиісінше, бұл құралдарды қайта жіктеу қажет емес.

#### (б) Құнсыздану

9 ХҚЕС Топ барлық қарыздар, сауда дебиторлық берешек, банк салымдары және басқа да қаржы активтері бойынша 12 айлық күтілетін кредит шығындарын немесе бүкіл мерзімі үшін күтілетін кредит шығындарын көрсетуін талап етеді. Топ жеңілдетілген тәсілді қолдануды және бүкіл мерзім үшін күтілетін кредит шығындарын сауда дебиторлық берешек бойынша қолдануды жоспарлап отыр. Топ қазіргі сәтке 9 ХҚЕС-тің қолданылуына қатысты Топтың барлық кәсіпорындары үшін бірыңғай тәсілді әзірлеуде және есепті күнге 9 ХҚЕС-тің қабылдану ықпалын бағалау үшін барлық қолжетімді ақпаратты саралауды жалғастырады.

#### (в) Хеджирлеуді есепке алу

Топ қазіргі уақытта тиімді болып табылатын барлық қолданыстағы хеджирлеу қатынастары 9 ХҚЕС-ке сәйкес бұрынғыдай хеджирлеуді есепке алу талаптарына сәйкес келеді. Тиімді хеджирлеуді есепке алудағы базалық ережелер өзгеріссіз қалғандықтан, 9 ХҚЕС бойынша хеджирлеуге қойылатын талаптардың қолданылуы Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді.

#### 15 ХҚЕС «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

15 ХҚЕС 2014 жылғы мамырда шығарылды, ал 2016 жылғы сәуірде түзетулер енгізілді. Стандарт сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін модельді көздейді. 15 ХҚЕС-ке сай түсім соған арналған құқықты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

##### *15 ХҚЕС «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» (жалғасы)*

Түсім бойынша жаңа стандарт ХҚЕС-тің түсімді тануға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарын ауыстырады. Толық ретроспективті қолданылу немесе 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін түрлендірілген ретроспективті түрде қолдану талап етіледі; бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 2017 жылы Топ 15 ХҚЕС-ке егжей-тегжейлі талдау жасады және күшіне енгізудің талап етілетін күнімен жаңа стандарттың түрлендірілген ретроспективті қолданылу нұсқасын пайдалану жөнінде шешім шығарды.

##### *(а) Тауарларды сату*

Тауарларды сату, әдетте, орындау бойынша жалғыз міндеттеме болып есептелетін клиенттермен келісімшарттар үшін 15 ХҚЕС-ті қабылдау, Топтың түсіміне және пайдасына немесе залалына айтарлықтай әсерін тигізбейді. Топ түсімді мойындау активке бақылау, әдетте, қабылдау-өткізу актісіне қол қойылғанда, клиентке берілгенде, белгілі бір уақыт сәтінде болады деп күтіп отыр.

##### *(б) Қызметтерді көрсету*

Топ орындау бойынша міндеттемелерді ай сайын орындайды және көрсетілген қызметтердің нақты көлемдеріне сүйене отырып қызметтерден түскен түсімді мойындайды. Қызметтерден түскен түсім сатып алушы бір мезгілде Топ ұсынатын пайданы алатындығын және тұтынатындығын ескере отырып, уақыт өте мойындалады. 15 ХҚЕС-ті қызметтерді көрсетуге арналған келісімшарттарға қолдану Топтың түсіміне және пайдасына немесе залалына әсерін тигізбейді деп күтілуде.

##### *(в) Ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын талаптар*

15 ХҚЕС-те ақпараттың ұсынылуына және ашылып көрсетілуіне қойылатын талаптар қолданыстағы ХҚЕС-те белгіленгенге қарағанда барынша толығырақ. 15 ХҚЕС-те ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылған көптеген талаптар жаңа болып табылады және Топ ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылған осы талаптардың кейбіреулері айтарлықтай болмайды деп бағалады.

2018 жылы Топ қажетті ақпаратты жинауға және ашып көрсетуге қажетті тиісті жүйелерді, ішкі бақылау құралдарын, саясаттар мен процедураларды тестілеуді жалғастырады.

##### *16 ХҚЕС «Жалдау»*

Топ басшылығы «Жалдау» 16 ХҚЕС қолдану болашақта Топ жалға алушы болып табылатын барлық жалдау шарттары есептілікте танылатынына байланысты, активтер мен міндеттемелердің сомасына елеулі ықпал етуі мүмкін деп күтеді.

16 ХҚЕС жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 ХБЕС-те көзделген есепке алу тәртібі сияқты баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуді талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен құны бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты. Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады.

Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады.

Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оқиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді.

16 ХҚЕС-ке сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі қазіргі уақытта қолданылатын 17 ХБЕС талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХБЕС сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

*16 ХҚЕС «Жалдау» (жалғасы)*

Сонымен қатар, 16 ХҚЕС жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 ХБЕС-пен салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуді талап етеді.

16 ХҚЕС 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын, бірақ ұйымның 15 ХҚЕС-ті қолдану күнінен ерте емес мерзімде қолдануға жол беріледі. Жалға алушы бұл стандартты ретроспективті тәсілді не болмаса түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдана отырып пайдалануға құқылы. Стандарттың өтпелі ережелері белгілі бір босатуларды көздейді.

Топ басшылығы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап және одан кешірек күшіне енетін қалған стандарттарды, түзетулер мен интерпретацияларды қолдану оларды қолдану кезеңінде шоғырландырылған қаржылық есептілікке елеулі ықпал етпейді деп күтеді.

#### Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Қордың және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қамтиды (*36-ескерту*).

*Еншілес ұйымдар*

Еншілес ұйымдар - бұл Топ бақылайтын кәсіпорындар. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар нысанын бақылайды:

- ▶ Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының тиісті қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- ▶ Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы болған немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраған;
- ▶ Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда Топ инвестициялар объектісін ғана бақылайды.

Топтың инвестициялар объектілеріне қатысты дауыстың көпшілігіне қарағанда аз дауыс беру құқығы немесе ұқсас құқықтар болған кезде, Топ осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:

- ▶ инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- ▶ басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- ▶ Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады.

Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке және шоғырландырылған бухгалтерлік балансқа қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар арасындағы мәміледе сатып алуды қоспағанда, еншілес ұйымдар оларды сатып алған сәттен бастап, Топтың оларды бақылауды алған күні болып табылады, осындай бақылау аяқталған күнге дейін шоғырландырылады. Еншілес ұйымдарды сатып алған кезде сатып алу құны олардың сатып алу күніне әділ құны негізінде активтер мен міндеттемелерге бөлінеді. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі келісілген есеп саясаты пайдаланыла отырып, Қордың қаржылық есептілігі дайындалатын есепті кезеңге дайындалады.



### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Шоғырландыру қағидаттары (жалғасы)

##### *Еншілес ұйымдар (жалғасы)*

Мәмілелер бойынша барлық топшілік сальдо мен топшілік мәмілелер бойынша туындайтын іске асырылмаған пайданы қоса алғандағы мәмілелер шоғырландырылған есептіліктен толығымен шығарылған болатын. Іске асырылмаған шығындар, олар құнсыздану туралы куәлік болмағандай дәрежеде ғана шығарылатынын қоспағанда, іске асырылмаған пайда сияқты шығарылды.

Бақыламайтын қатысу үлесі Топқа тиесілі емес еншілес ұйымдар капиталының бір бөлігін білдіреді және Акционерге жататын капиталдан бөлек, шоғырландырылған бухгалтерлік баланстағы капиталдың құрамында жеке көрсетіледі. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да бақыламайтын қатысу үлесіне жатады.

Бақылауда айырылмастан еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту капиталмен операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымның үстінен бақылаудан айырылып қалса, ол:

- ▶ еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін мойындауды тоқтатады (оның ішінде оған жататын гудвилді);
- ▶ бақыламайтын қатысу үлесінің баланстық құнын тануды тоқтатады;
- ▶ капиталда көрсетілген жинақталған бағам айырмаларын мойындауды тоқтатады;
- ▶ алынған сыйақының әділ құнын мойындайды;
- ▶ қалған инвестицияның әділ құнын мойындайды;
- ▶ операцияның нәтижесінде пайда болған артықшылықты немесе тапшылықты пайда немесе шығын ретінде мойындайды;
- ▶ бұрын өзге де жиынтық кірістің құрамында мойындалған құрамдауыштардағы негізгі компанияның үлесін, егер Топтың тиісті активтерді немесе міндеттемелерді тікелей шығаруды жүзеге асырғаны сияқты, пайданың немесе шығындың немесе бөлінбеген пайданың құрамына қайта жіктейді.

##### *Кәсіпорындарды біріктіру*

Кәсіпорындарды (бизнесі) біріктіру сатып алу әдісі пайдаланыла отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесі ретінде бағаланады. Бизнесі біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты болған шығындар жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттық талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу қажеттілігі мәніне талдау жасау жатады.

Бизнес сатылап біріктірілген жағдайда Топқа ертеректе тиесілі болған сатып алынатын компанияның қатысу үлесі пайда немесе зиян арқылы бақылауды сатып алу күніне әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Актив немесе міндеттеме болуы мүмкін шартты сыйақының әділ құнының кейінгі өзгерістері 39 ХБЕС-ке сәйкес, не пайданың немесе шығынның құрамында, не өзге де жиынтық кірістің өзгерісі ретінде танылуға тиіс. Егер шартты сыйақы капитал ретінде жіктелсе, ол капитал құрамында толық өтелгенге дейін қайта бағаланбауы тиіс.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Шоғырландыру қағидаттары (жалғасы)

##### *Кәсіпорындарды біріктіру (жалғасы)*

Гудвилл бастапқыда Топ сатып алған таза пайда сәйкестендірілетін активтер мен ол қабылдаған міндеттемелер берілген сыйақы мен мойындалған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының артығы ретінде айқындалған бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер осы сыйақы еншілес ұйым сатып алған таза активтердің әділ құнынан кем болса, айырма пайданың немесе шығынның құрамында мойындалады.

Кейіннен гудвилл құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді құнсыздану тұрғысынан тексеру мақсаттары үшін, гудвилл компаниялар Тобы сатып алған күннен бастап Топтың сатып алынатын компанияның басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бөлімшелерге жататын-жатпайтындығына қарамастан, бизнестің бірігуінен пайда алады деп болжанатын ақша ағындарын біріктіретін әрбір бөлімшесіне бөлінеді.

Егер гудвилл ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің бір бөлігін құраса, және осы бөлімшенің бір бөлігі шығып қалса, тоқтатылған қызметке жататын гудвилл оның шығарылуынан келетін пайданы немесе зиянды анықтау кезінде осы қызметтің баланстық (ағымдағы) құнына қосылады. Осындай жағдайларда шығып қалған гудвилл тоқтатылған қызметтің құны мен ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

##### *Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу*

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды (Мемлекет бақылайтын кәсіпорындар) сатып алуды есепке алу үлестерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Берілген еншілес ұйымның жалпы бақылаудағы активтері мен міндеттемелері берілген күнгі беруші компанияның (алдыңғы иесі) есептілігінде олардың баланстық құны бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетіледі. Алдыңғы иесі ұйымды бастапқы сатып алған кезде пайда болған гудвилл, сондай-ақ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Алдыңғы иесінің гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы баланстық құны мен төленген қаражат сомасы арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында капиталды түзету ретінде ескеріледі.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандары, егер осындай еншілес ұйымды Топ оны бастапқыда алдыңғы иесі сатып алған күні сатып алған күндегідей дайындайды.

##### *Бар еншілес ұйымдардағы қатысу үлесінің өзгеруі*

Бақылауды сақтай отырып, бар еншілес ұйымдағы қатысу үлесінің бір бөлігі сатылатын немесе сатып алынатын мәмілелерде еншілес ұйымның таза активтеріндегі иеліктен шығарылатын немесе сатып алынатын үлестің баланстық құны мен осы үлесті сатып алу құнының арасындағы айырма бөлінбеген пайданың ұлғаюы немесе азаюы ретінде көрсетіледі.

##### *Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар*

Топтың бірлескен қызметке қатысушылар олардың экономикалық қызметіне бірлескен бақылауды белгілейтін шарттық келісімге кірген, бірлесіп бақыланатын компаниялар нысанындағы бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлестері бар. Сондай-ақ Топтың олардың экономикалық қызметіне елеулі ықпал ете алатын қауымдасқан компанияларда да үлесі бар. Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Қатысу үлесі әдісіне сәйкес бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялар шоғырландырылған бухгалтерлік баланста бастапқы құны бойынша ескеріледі плюс Топқа тиесілі бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның таза активтері үлесінде сатып алғаннан кейін туындаған өзгерістер. Бірлескен кәсіпорынға/қауымдасқан компанияға тиесілі гудвилл инвестицияның баланстық құнына енгізіледі және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану тұрғысынан жеке тексеруге ұшырамайды.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Шоғырландыру қағидаттары (жалғасы)

##### *Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар (жалғасы)*

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорынның / қауымдасқан компанияның қызметінің қаржылық нәтижелерінің үлесін көрсетеді. Егер бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның капиталында тікелей мойындалған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін мойындайды және оны капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолдануға болатын болса, бұл фактіні ашады. Топтың бірлескен кәсіпорынмен/қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындаған, іске асырылмаған пайдалары мен шығындары бірлескен кәсіпорында/қауымдасқан компанияда Топтың үлесі бар дәрежеде шығарылады.

Бірлескен кәсіпорындағы/қауымдасқан компаниядағы пайдадағы үлесі тікелей кірістер мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте берілген. Ол бірлескен кәсіпорынның / қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан бірлескен кәсіпорындардың / қауымдасқан компаниялардың еншілес ұйымдарындағы салық салу мен бақыланбайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі негізгі компанияның қаржылық есептілігі кезеңіндегі есепті кезеңге жасалады. Қажет болған жағдайда, есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ Топтың бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша шығынын мойындау қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті күнге Топ бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануының объективті куәсі болуын анықтайды. Осындай куәлар болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынға / қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және құнсызданудан болған шығынды жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындайды.

Бірлескен кәсіпорынға бірлескен бақылаудан / қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Бірлескен бақылау жойылған кезге / қалған инвестициялардың айтарлықтай ықпал етуі кезінде бірлескен кәсіпорынға / қауымдасқан компанияға инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және шығудан болған түсімдер арасындағы айырма пайдада немесе шығындарда танылады.

##### *Бірлесіп-бақыланатын операцияларға қатысу үлестері*

Топтың бірлесіп-бақыланатын операцияларға қатысу үлестері бар.

Бірлесіп-бақыланатын операцияларға бөлінбейтін қатысу үлестерін сатып алу кезінде Топ, бірлесіп-бақыланатын активтердегі үлесті қоса алғанда, мұндай үлеске қатысты активтерді; бірлесіп көтерген міндеттемелердегі үлесті қоса алғанда, міндеттемелерді мойындайды. Кейіннен, Топ бірлесіп-бақыланатын операциялардың нәтижесінде жасалған өнімді сатудан түскен кірістің үлесін қоса алғанда, бірлесіп-бақыланатын операцияларға қатысты өнімдерді сатудан түскен кірісті; бірлесіп-бақыланатын операцияларда болған шығыстардың үлесін қоса алғанда, бірлесіп-бақыланатын операцияларға қатысты шығыстарды мойындайды.

Топ мұндай активтерге, міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға қатысты Топтың есеп саясатына сәйкес бірлесіп-бақыланатын операциялардан болған активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды мойындайды.

##### *Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер және тоқтатылған қызмет*

Сатуға арналған деп жіктелген активтер және шығу топтары кемінде екі мәні бойынша бағаланады – сатуға арналған шығындарды шегергенде баланстық құн және әділ құн. Активтер мен шығу топтары, егер олардың баланстық құны жалғасқан пайдалану нәтижесінде емес, сату бойынша сату бойынша мәміле арқылы өтелуге жатса, сату үшін арналған болып жіктеледі. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады. Басшылықтың, оған қатысты жіктелген күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде мойындау өлшемшарттарына сәйкестігі күтілуге тиіс, сауда-саттық жасауға бекем ниеті болуы тиіс.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер және тоқтатылған қызмет (жалғасы)

Есепті кезеңдегі, сондай-ақ өткен жылдың салыстырмалы кезеңіндегі пайдалар және шығындар туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен түскен кірістер мен шығыстар, егер тіпті сатқаннан кейін де Топ еншілес ұйымдағы бақыламайтын қатысу үлесін сақтап қалса да, әдеттегі кірістер мен шығыстардан жеке ескеріледі. Табыс салығы есептелгеннен кейін пайда немесе шығын пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте жеке ұсынылады.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

#### Минералдық ресурстар мен көмірсутегілерін барлау және өндіру жөніндегі активтер (мұнай-газ және тау-кен активтері)

*Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар*

Лицензияларды алғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қазақстан Республикасының Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындар капиталдандырылады.

*Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу жөніндегі шығындар*

Жер қойнауын пайдалану (барлау және өндіру) құқығын сатып алу жөніндегі шығындар қол қою бонустарын, тарихи шығындарды, экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларға жұмсалатын міндетті шығыстарды қамтиды және материалдық емес активтердің құрамында кен орны бойынша барлау және бағалау сатысында жер қойнауын пайдалану құқығы ретінде капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу шығындарын есепке алу кен орындары бөлінісінде жүргізіледі. Әрбір кен орны жыл сайын құнсыздану тұрғысынан қаралады. Егер объекті бойынша болашақта жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындарының қалған сальдосы есептен шығарылады. Кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап жер қойнауын пайдалану құқығы (қалған шығындар) негізгі құралдар құрамына көшіріледі және дәлелденген қорлардың жалпы сомасына сүйене отырып, іс жүзіндегі өндіру бойынша өндірістік әдіс бойынша амортизацияланады.

*Барлау және бағалау жөніндегі шығындар (аяқталмаған құрылыс)*

Барлау және бағалау жөніндегі шығындар геологиялық және геофизикалық шығыстарды; барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындарды; ашу жұмыстарын; әкімшілік нақты кен орнына жатқызуға болатын барлау және бағалау жөніндегі өзге де шығыстарды қамтиды. Мұндай шығындар жалақыны, материалдар мен жанармайды, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Геологиялық және геофизикалық шығыстарды қоспағанда, барлау және бағалау бойынша шығындар барлау және бағалау бойынша материалдық емес әрі материалдық активтердің құрамында капиталдандырылады және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бөлінісінде ескеріледі және амортизацияланбайды. Егер минералдық ресурстар немесе көмірсутегілер табылмаса, бұл құнсызданудың дәлелі болуы мүмкін. Барлық капиталдандырылған шығындар табылған затты коммерциялық өндіру немесе одан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілі туралы ниетті растау үшін, кемінде жылына бір рет техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге жатады. Керісінше жағдайда шығындар шығысқа есептен шығарылады. Минералдық ресурстардың қорлары дәлелденгенде және өндіруді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар мұнай-газ немесе тау-кен активтерінің кіші сыныптарына көшіріледі.

*Барлау және өндіру шығындары (мұнай-газ және тау-кен активтері)*

Барлауға және өндіруге жұмсалатын шығындар бұрын капиталдандырылған (және игерудің басында қайта жіктелген) жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындарын және барлау және бағалау шығындарын; бұрғылау нәтижелеріне қарамастан пайдалану ұңғымаларын бұрғылауға; полигондар салуға; кен орындарындағы көміртегілер мен минералдық ресурстарды өндіру, жинау және дайындау үшін қажетті жерүсті технологиялық құрылыстар салуға арналған шығыстарды; кен орындарында коммерциялық өндіруді ұйымдастыру барысында жұмсалған өзге де шығындарды; ұңғымаларды консервациялауға және учаскелерді қалпына келтіруге арналған капиталдандырылған дисконтталған шығындарды қамтиды. Әзірлеуге және өндіруге жұмсалған шығындар негізгі құралдардың (мұнай-газ және тау-кен активтері) құрамында капиталдандырылады, есеп кен орындары бөлінісінде жүргізіледі.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Минералдық ресурстар мен көмірсутегілерін барлау және өндіру жөніндегі активтер (мұнай-газ және тау-кен активтері) (жалғасы)

*Мұнай-газ және тау-кен активтерінің тозуы (негізгі құралдар мен материалдық емес активтер құрамында)*

Мұнай-газ және тау-кен активтері кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап іс жүзіндегі өндіру бойынша тозуды есептеудің өндірістік әдісі пайдаланыла отырып амортизацияланады. Мұнай-газ және тау-кен активтерінің кен орындарының пайдалы қызмет мерзімінен айтарлықтай ерекшеленетін пайдалы қызмет мерзімі бар кейбір объектілері (жерүсті технологиялық құрылыстар мен жабдықтар) тұзу сызықты әдіс пайдаланыла отырып, пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады. Кен орындарын пайдаланудан шығаруға жұмсалған дисконтталған шығындарды қамтитын жер қойнауын пайдалану құқығын алуға жұмсалатын шығындар, дәлелденген қорлардың жалпы сомасы бойынша амортизацияланады. Кен орындарын игеруге жұмсалған қалған шығындар дәлелденген әзірленген қорларға есептеле отырып, амортизацияланады.

#### Негізгі құралдар (мұнай-газ және тау-кен активтерінен басқа)

Бастапқы мойындау кезінде негізгі құралдар бастапқы құн бойынша бағаланады. Кейін негізгі құралдар жинақталған тозуды, түгесілуді және құнсыздануды шегергенде ескеріледі. Шаруашылық тәсілмен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, тікелей еңбек шығындарын және өндірістік жүктеме шығыстарының тиісті үлесін қамтиды.

Мұнай-газ активтерінен басқа негізгі құралдар негізінен мынадай негізгі құралдардың кластарын қамтиды, олар мына пайдалы қызмет мерзімі ішінде тұзу сызық әдісімен амортизацияланады:

ҰЭЖ электрді тарату желілері	50 жыл
МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Үйлер мен ғимараттар	2-100 жыл
Темір жолдар мен инфрақұрылым	10-80 жыл
Машиналар мен жабдықтар және көлік құралдары	2-50 жыл
Басқасы	2-20 жыл

Негізгі құралдардың объектілері ірі ауқымды техникалық тексеру нысаны болып табылғанда, тиісті шығындар 16 ХБЕС-да белгіленген мойындау өлшемшарттары сақталған жағдайда құрамдас бөлігін ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады.

Негізгі құралдар объектісін мойындау ол істен шыққаннан кейін немесе оны пайдаланудан не шығуынан болашақ экономикалық пайда алу күтілмейтін болса, тоқтатылады. Активті мойындау тоқтатылған кезде пайда болған кез келген пайда немесе шығын (шығу мен активтің қалдық құнынан түскен таза түсімдер арасындағы айырма ретінде есептелген) активті мойындау тоқтатылған есепті кезеңдегі пайдалар мен шығындарға қосылады.

Активтің қалдық құны, қажеттілік болғанда пайдалы қызмет мерзімі және амортизациялау әдістері әрбір қаржы жылының аяғында қайта қаралады және түзетіледі.

#### Материалдық емес активтер

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы мойындау кезінде сатып алу құны бойынша ескеріледі. Ұйымдарды біріктіру бойынша операциялар шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтер бастапқы мойындалғаннан кейін кез келген жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болатын кез келген жинақталған шығын шегеріле отырып, сатып алу құны бойынша ескеріледі. Әзірлеуге жұмсалған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, өз күштерімен құрылған материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыстар, шығыстар туындаған кезеңдегі пайдалар мен шығындарда мойындалады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Материалдық емес активтері (жалғасы)

Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі шектеулі немесе шектеусіз ретінде айқындалады. Пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер қызметтің осы мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес актив құнсыздануы мүмкін көрсеткіш болған кезде құнсыздану тұрғысынан бағаланады. Амортизациялау кезеңі және пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер үшін амортизация әдісі кем дегенде әрбір есепті жылдың аяғында қайта қаралады. Пайдалы қызметтің күтілетін мерзіміне немесе материалдық емес активтен түсетін болашақ экономикалық пайданың күтілетін көлеміне өзгерістер амортизация кезеңіне өзгерістер немесе мән-жайлар бойынша амортизация әдісі арқылы ескеріледі және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде қаралады. Қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтерді амортизациялау бойынша шығыстар материалдық емес активтің мақсатына сәйкес шығыстар құрамында кірістер мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер негізінен мынадай пайдалы қызмет мерзімі ішінде түзу сызық әдісімен амортизацияланатын активтердің мынадай сыныптарын қамтиды:

Лицензиялар	3-20 жыл
Бағдарламалық жасақтама	1-14 жыл
Басқасы	2-15 жыл

Қызмет мерзімі шектеусіз материалдық емес активтер амортизацияланбайды, бірақ жыл сайын немесе құнсыздану көрсеткіштері болған кезде құнсыздану тұрғысынан тексеріледі және қажет болған кезде өтелетін шамаға дейін есептен шығарылады.

#### Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Топ есептеу әдісін бастапқы құн бойынша қолданатындықтан, бастапқы мойындалғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік 16 «Негізгі құралдар» ҚХЕС сәйкес қабылданған әдіс бойынша, яғни жинақталған құнсыздану және жинақталған амортизация ескеріле отырып, ескеріледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік 2 жылдан 100 жылға дейінгі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті шоғырландырылған бухгалтерлік баланста мойындау ол шыққан кезде, не ол пайдаланудан шығарылған және оның шығуынан болашақта экономикалық пайда күтілмейтін жағдайда тоқтатылады. Шығудан туындайтын таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма оны мойындау тоқтатылған кезең ішіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

#### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ қаржылық емес активтерді немесе активтер тобын оқиғалар немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің баланстық құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздану тұрғысынан бағалайды. Жекелеген активтер негізінен басқа активтер топтары өндіретін ақша ағындарынан тәуелсіз сәйкестендірілетін ақша ағындары бар ең төменгі деңгейде құнсыздануға бағалау мақсаттары үшін топтастырылады. Егер құнсызданудың осындай көрсеткіштері болған жағдайда немесе активтер топтарын құнсыздану тұрғысынан жыл сайын тестілеу талап етілген кезде, Топ активтің өтелетін құнын бағалауды жүзеге асырады.

Активтер тобының өтелетін құны оларды өткізуге шығатын шығыстарды және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан ең көбі болып табылады. Активтер тобының баланстық құны оның өтелетін құнынан артық болған жағдайда, активтер тобы құнсыздануға жатады және активті өтеу құнына дейін төмендетуге арналған резерв құрылады. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде күтілетін ақша ағындары активтер тобы үшін тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, оның ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Бағалау бұрын мойындалған құнсыздану жөніндегі резервтер енді жоқ немесе азайды деген қандай да бір көрсеткіштің бар-жоқтығына қатысты әрбір есепті күні жүргізіледі. Егер ондай көрсеткіштер бар болса, онда өтелетін құн бағаланады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Бұрын мойындалған резерв құнсыздандыру жөніндегі соңғы құнсыздандыру жөніндегі резерв мойындалған сәттен бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгерістер болса ғана түзетіледі. Мұндай жағдайда, активтің қалдық құны өтелетін құнға дейін ұлғаяды. Активтің ұлғайтылған құны, егер алдыңғы кезеңдерде құнсыздандыру жөніндегі резерв мойындалмаған болса, тозуды немесе амортизацияны шегергенде анықталуы мүмкін баланстық құннан аспайды. Мұндай түзету пайдалар мен шығындарда мойындалады.

Түзететін жазба жасалғаннан кейін кейінгі кезеңдерде, қалдық құнын шегере отырып, қалған пайдалы қызмет мерзімінің ішінде жүйелі негізде активтің қайта қаралған баланстық құнын бөлу үшін амортизация бойынша шығыстар келешек кезеңдерде түзетіледі.

Гудвилдің құнсыздануын бағалау кезінде мынадай процесс қолданылады:

- ▶ әрбір есепті күнге Топ гудвилдің құнсыздану белгілерінің болуын бағалайды. Гудвил жыл сайын және жағдаяттар баланстық құнның құнсыздануы мүмкіндігін көрсеткен кезде құнсыздану белгілерінің болуына тестіленеді.
- ▶ гудвилдің құнсыздануы, гудвил жататын ақша ағындарын қалыптастыратын өтелетін бірліктер сомасын бағалау арқылы айқындалады. Егер оған гудвил жататын ақша ағындарын қалыптастыратын өтелетін бірліктер сомасы оның баланстық құнынан аз болса, онда құнсызданудан болған шығын мойындалады. Құнсызданудан болған шығынды болашақ кезеңдерде қалпына келтіру мүмкін емес.

#### Қаржы активтері

Қаржы активтері бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе шығын; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Барлық қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, алғашқыда мәміле бойынша онымен тікелей байланысты шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша танылады.

Төлем мөлшері тіркелген немесе анықтауға икемді және өтеу мерзімі тіркелген туынды емес қаржы активтері, егер Топ оларды өтеу мерзіміне дейін ұстауға ниетті және қабілетті болған жағдайда, өтегенге дейін ұсталатын ретінде жіктеледі.

Қарыздар мен дебиторлық берешек төлем мөлшері тіркелген немесе анықтауға икемді, белсенді нарықта баға белгіленбейтін туынды емес қаржы активтері болып табылады. Мұндай активтер пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі пайдаланыла отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Мұндай активтер бойынша пайдалар мен шығындар мойындау тоқтатылған сәтте немесе мұндай активтер құнсызданған жағдайда, сондай-ақ амортизация арқылы пайдалар мен шығындар туралы есепте көрсетіледі.

Бағалы қағаздар, егер олар жақын болашақта сату мақсаттары үшін сатып алынса, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Туынды құралдар да, олар хеджирлеудің тиімді құралдарын білдіретін кездегі жағдайларды қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Қаржы активтері, егер бұл берілетін ақпараттың маңыздылығын арттырса, бастапқы мойындау кезінде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелуі мүмкін, өйткені осындай жіктелу, керісінше жағдайда активтерді немесе міндеттемелерді бағалау кезінде не ол бойынша пайданы немесе шығындарды әртүрлі негізде мойындау кезінде туындауы мүмкін бағалаудың немесе мойындаудың сәйкессіздігін жоққа шығарады немесе айтарлықтай азайтады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Қаржы активтері (жалғасы)

Сату үшін қолда бар инвестициялар сату үшін қолда бар ретінде жіктелетін және жоғарыда аталған кез келген үш санатқа енгізілмеген туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Есепте бастапқы көрсетуден кейін, сату үшін қолда бар инвестициялар әділ құны бойынша бағаланады, бұл ретте, пайдалар мен шығындар инвестицияларды мойындау немесе құнсыздану тоқтатылған сәтке дейін капитал құрамында бөлек құрамдауыш ретінде көрсетіледі. Бұл жағдайда бұрын капиталдың құрамында көрсетілген жиынтық пайда немесе шығын пайдалар мен шығындарға қосылады. Үлестік құралдарға байланысты құнсызданудан болатын шығынды қалпына келтіру пайдалар мен шығындарда көрсетілмейді. Егер құралдың әділ құнынан артуы құнсызданудан болатын шығынды мойындағаннан кейін болған оқиғаға объективті түрде жатқызылуы мүмкін болса, борыштық құралдарға байланысты құнсызданудан болатын шығын пайданың немесе шығынның құрамында түзетіледі.

Ұйымдасқан қаржы нарықтарында белсенді айналымдағы инвестициялардың әділ құны есеп күнгі сауда-саттық аяқталған сәттегі сатып алуға нарықтық баға белгілеу бойынша анықталады. Нарықта белсенді айналымы жоқ инвестициялардың әділ құны бағалау әдісі пайдаланыла отырып, оның ішінде нарықтық жағдайларда жасалған уақыты бойынша соңғы мәмілелерге ұқсас, сондай-ақ іс жүзінде қарастырылып отырған құралға ұқсас немесе дисконтталған ақша ағындарын талдауға сүйене отырып, қаржы құралының ағымдағы нарықтық құны негізінде айқындалады.

#### Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті күні Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының болған-болмағанын айқындайды.

##### *Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын активтер*

Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты Топ алдымен жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері бар екендігіне не жинақтай алғанда жекелей маңызды емес қаржы активтері бойынша бөлек бағалауды жүргізеді. Егер Компания дербес бағаланатын қаржы активі құнсыздануының объективті дәлелдері жоқ деп анықтаса, ол осы активті дәл сондай кредиттік тәуекел сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады, ал содан кейін осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады. Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер бойынша не құнсызданудан болған залалдарды тану жалғастырылады, не құнсыздану мәніне жиынтық бағаға енгізілмейді. Егер амортизациялық құны бойынша есепке алынатын активтер бойынша құнсызданудан шығынның пайда болуының объективті күәсі бар болса, шығынның сомасы активтің баланстық құны мен қаржы активі бойынша пайыздың бастапқы тиімді сыйақы мөлшерлемесі бойынша дисконтталған, күтілетін болашақ ақша ағындарының (әлі туындамаған болашақтағы кредиттік шығындарды қоспағанда) арасындағы айырма ретінде бағаланады. Активтің ағымдағы құны резерв шотын қолдану арқылы кемітіледі, ал зиян сомасы кезең шығыстары ретінде танылады.

Төмендетілген ағымдағы құн бойынша пайыздық кірісті есептеу, құнсызданудан болған шығынды бағалау мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделе отырып жалғаса береді. Пайыздық кірістер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің қаржылық кірістер құрамында көрсетіледі. Қарыздар егер оларды болашақта өтеудің айқын келешегі болмаса, ал барлық қол жетімді қамтамасыз ету іске асырылған не Топқа берілген болса, тиісті резервтермен бірге теңгерімнен шығарылады.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан болған шығынның сомасы азайса және мұндай азаю құнсыздану мойындалғаннан кейін жүргізілген оқиғаға объективті түрде байланысты болса, құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығын қалпына келтіріледі. Құнсызданудан болған шығынды кез келген келесі қалпына келтіру активтің баланстық құны осы активтің қалпына келтірілу күніндегі амортизацияланған құнынан аспайтындай көлемде пайдалар мен шығындарда мойындалады.

Егер Топ шот-фактураның бастапқы шарттарына сәйкес өзіне тиесілі бүкіл соманы алмайтынының объективті күәсі болса (мысалы, дебитордың төлем қабілетсіздігі немесе басқа да елеулі қаржылық қиындықтары ықтималдығы), сауда-дебиторлық берешек бойынша күмәнді берешек резерві жасалады. Дебиторлық берешектің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы азайтылады. Егер құнсызданған берешек үмітсіз болып саналса, оларды мойындау тоқтатылады.



### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

##### *Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары*

Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларына қатысты Топ әрбір есепті күнге инвестициялар немесе инвестициялар тобы құнсыздануға ұшырағандығының объективті дәлелінің бар екендігін бағалайды.

Сату үшін қолда бар деп жіктелген үлестік құралдарға инвестициялар болған жағдайда, объективті дәлелдерге оның бастапқы құнының деңгейінен төмен инвестициялардың әділ құнының елеулі немесе ұзақ уақыт бойғы төмендеуі кіреді. «Елеулілікті» инвестициялардың бастапқы құнымен салыстыра отырып, ал «ұзақтықты» соның ішінде әділ құн бастапқы құннан кем болған кезеңмен салыстыра отырып бағалау қажет. Құнсызданудың дәлелдері болған кезде мұндай инвестициялар бойынша құнсыздану залалында бұрын танылғанды шегере отырып, сатып алу құны мен ағымдағы әділ құны арасындағы айырма ретінде бағаланған жиынтық зиян сомасы басқа да жиынтық кірістен алынып тасталып, пайда немесе зияндар арқылы ағымдағы кезеңде танылады. Үлестік құралдарға инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залалдар ағымдағы кезеңнің кірістері арқылы қалпына келтірілмейді, құнсызданудан кейін олардың әділ құнының ұлғаюы тікелей басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Сату үшін қолда бар деп жіктелген борыштық құралдар жағдайында құнсыздану амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты қолданылатын дәл сол критерийлердің негізінде бағаланады. Дегенмен құнсызданудан болған көрсетілген залал сомасы бұрын кезең шығыстары ретінде танылған мұндай инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залалды шегере отырып, амортизацияланған құн мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырма ретінде бағаланған жинақталған залалды білдіреді.

Активті төмендетілген ағымдағы құнына қатысты пайыздардың есептелуі құнсызданудан болған шығынды бағалау мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылған пайыздық мөлшерлемеге бойынша жалғасады. Пайыздық кірістер қаржы активтерінің құрамында көрсетіледі. Егер келесі жылдың ішінде үлестік құралдың әділ құны өсетін болса және мұндай өсімді объективті түрде құнсызданудан болған залал мойындалғаннан кейін болған оқиғамен байланыстыруға мүмкін болса, құнсызданудан болған залал ағымдағы кезеңнің кірістері арқылы қалпына келтіріледі.

#### Хеджирлеуді есепке алу

Топ валюталық тәуекелдер бойынша хеджирлеудің жекелеген құралдарын ақша ағындарын хеджирлеу немесе таза инвестицияларды шетелдік бөлімшеге хеджирлеу ретінде айқындайды.

Топ тәуекелдерді басқару және хеджирлеу стратегиясына сәйкес хеджирлеу құралдары мен хеджирленетін баптардың арасындағы қатынастарды олар белгіленген сәттен бастап құжаттамалы түрде ресімдейді. Бұдан басқа, хеджирлеу қатынастары белгіленген сәтте және одан әрі Топ әділ құнның немесе хеджирленетін тәуекелге жататын хеджирленетін баппен байланысты ақша ағындарының өзгерістерін өтеу тұрғысынан хеджирлеу құралының тиімділігін тұрақты түрде құжаттайды.

Бұрын жиынтық кірісте мойындалған сомалар хеджирленетін позиция пайдалар мен шығындарға әсер ететін кезеңдердегі пайдаға және шығынға, хеджирленетін позицияны есептен шығару көрсетілетін бапқа қайта жіктеледі.

Хеджирлеуді есепке алу:

- а) Топ хеджирлеу қатынастарын тоқтатқан;
- б) хеджирлеу құралын қолдану, сату, бұзу немесе оны орындау мерзімі өткен; немесе
- в) қаржы құралы хеджирлеу құралы ретінде есепке алу талаптарын қанағаттандыруды тоқтатқан күні тоқтатылады.

Өзге де жиынтық кірістің құрамында және капиталда көрсетілген пайда немесе шығын болжанатын мәміле мойындалғаннан кейін пайдалар мен шығындарда көрсетіледі. Егер болжанатын мәмілені жасау енді күтілмесе, капиталда жинақталған пайда немесе шығын дереу пайдалар мен шығындарға жатқызылады. Тиімді емес бөлікке жататын пайда немесе шығын да дереу пайдалар мен шығындарға жатқызылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Хеджирлеуді есепке алу (жалғасы)

##### *Таза инвестицияларды шетелдік бөлімшеге хеджирлеу*

Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құралдары бойынша есеп айырысулардың нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмадан туындайтын кірістер мен шығындар есепті күнгі бағам бойынша шетелдік валютада көрсетілген активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу кезінде пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте есептілік валютасын қайта есептеу жөніндегі резервтің құрамында мойындалады.

##### *Ақша ағындарын хеджирлеу*

Қаржы құралдарын қайта есептеу кезінде туындайтын және ақша ағындарын хеджирлеу құралдары болып табылатын бағамдық айырмадан болған пайдалар мен шығындар пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте хеджирлеу резервінің құрамында мойындалады.

#### Қорлар

Қорлар өзіндік құнының ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша бағаланған. Өзіндік құн қорларды жеткізуге және ағымдағы жағдайға келтіруге байланысты шығындарды қамтиды. Таза өткізу құны аяқтауға жұмсалған шығындарды және өткізуге жұмсалған есеп айырысу шығындарын шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында қорларды өткізу бағасын бағалауды білдіреді. Шығындарды есептеп шығарудың ұқсас формуласы сипаттамасы мен мақсаты ұқсас барлық қорлар үшін пайдаланылады. Операциялық мұнай-газ және энергетикалық сегменттердің қорлары ФИФО әдісі негізінде бағаланады. Барлық қалған қорлар орташа өлшенген құн негізінде бағаланады.

#### Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, мерзімді депозиттерді, алдын ала келісілген ақша қаражаты сомасына еркін айырбасталатын және олардың құнының өзгеруіне байланысты елеусіз тәуекел деңгейіне ұшырайтын өтеу мерзімі 3 (үш) айдан аспайтын қысқа мерзімді және өтімділігі жоғары инвестицияларды қамтиды.

#### Қаржылық міндеттемелер

##### *Қарыздар және тартылған қаражат*

Қарыздар бастапқыда мәміле бойынша келтірілген шығындарды шегере отырып, әділ құн бойынша танылады. Келесі кезеңдерде қарыздар амортизацияланған құн бойынша бағаланады: алынған қаражаттың (мәміле жөніндегі шығыстарды шегергенде) әділ құны мен өтеу сомасы арасындағы айырма пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте пайыздың тиімді мөлшерлемесі пайдаланыла отырып, қарыз берген мерзім ішінде көрсетіледі. Егер Топ төлемді есепті күннен кейін кемінде 12 (он екі) айға кейінге қалдыруға құқылы болмаса ғана, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Егер шарттық келісімнің нәтижесінде Топтың не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болса, шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдауыштары қарыздар ретінде жіктеледі. Мұндай құралдар Үкіметтің қарыздары және тікелей мәмілемен байланысты шығындарды шегере отырып алынған бастапқыда қаражаттың әділ құны бойынша есепке алынатын кредиттік мекемелерден алынған қарыздарды қамтиды. Кейіннен, алынған қаражат амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Жіктелетін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысы бар қарыздар бойынша шығындар осындай активтің баланстық құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа шығындар пайда болу сәтіне кезең шығыстары ретінде танылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

##### *Сауда және басқа да кредиторлық берешек*

Сауда және өзге де кредиторлық берешек жөніндегі міндеттемелер Топқа шоттардың берілген-берілмегендігіне қарамастан алынған тауарлар мен қызметтер үшін болашақта төленуі тиіс соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құны бойынша есепке алынады және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

##### *Қаржылық кепілдік шарттары*

Топ шығарған қаржы кепілдігі шарттары осы шарт иесі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес уақтылы төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігінің салдарынан шеккен залалдарды өтеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары ең алдымен кепілдік шығарылымымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Соңынан, міндеттеме мынадай шамалардан барынша көп бағаланады: есепті күнге қолданыстағы міндеттемені өтеуге қажетті шығындарды ең жақсы бағасы және жинақталған амортизацияны шегере отырып міндеттеменің мойындалған сомасы.

#### Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

##### *Қаржы активтері*

Қаржы активтері (немесе, қолданылуына қарай – қаржы активтерінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- ▶ активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі өтіп кетсе;
- ▶ Топ активтен ақша ағындарын алу құқығын сақтаса, бірақ қайта бөлу туралы келісімге сәйкес үшінші тарапқа елеулі кешігусіз оларды толығымен беру міндеттемесін қабылдаса; немесе
- ▶ Топ өзінің активтен ақша ағындарын алуға арналған құқықтарын берсе және не (а) активтен барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақы берсе, не (б) бермесе, бірақ активтен барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды өзінде сақтаса, алайда активтерге бақылауды берсе бухгалтерлік баланста ескерілуін тоқтатады.

##### *Қаржылық міндеттемелер*

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық міндеттеме шоғырландырылған бухгалтерлік баланста мойындалуын тоқтатады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен зияндарда мойындалады.

#### Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынуға, ал нетто-сомасы шоғырландырылмаған бухгалтерлік баланста және мына жағдайларда ұсынылуға жатады:

- ▶ қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға заңды құқық болғанда;
- ▶ нетто-негізде есептесуді жасау не болмаса активтерді өткізу және осымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болғанда ұсынылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есепті күнге белсенді нарықтарда саудалануы жүзеге асырылып отырған қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығасылар шегерілмей нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлердің баға белгілеулеріне сүйене отырып (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгілеу) анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелер мыналарды қамтуы мүмкін:

- ▶ жақында коммерциялық негізде жүргізілген мәмілелердің бағаларын пайдалануды;
- ▶ ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалануды;
- ▶ дисконтталған ақша ағындарын талдау не болмаса бағалаудың басқа да үлгілері.

Қаржы құралдарының әділ құнын талдау және оны айқындау әдістері туралы қосымша ақпарат *38-ескертеде* келтіріледі.

#### Жалдау

##### *Операциялық жалдау*

Жалдау объектісіне меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайданы жалға беруші іс жүзінде өзіне қалдырған кезде мүлкті жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шарты бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте теңбе-тең шығыстарға есептен шығарылады.

##### *Қаржылық жалдау*

Топ жалданған мүлктің әділ құнына тең сомада немесе егер бұл сома әділ құннан төмен болса, ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны бойынша жалдау мерзімі басталған күнгі шоғырландырылған бухгалтерлік баланста активтер мен міндеттемелердің құрамында қаржылық жалдау шарттарын мойындайды. Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құнын есептеу кезінде, егер мұндай мөлшерлемені айқындау мүмкін болып табылса, дисконттау коэффициенті ретінде жалдау шарты бойынша пайыздың ішкі мөлшерлемесі пайдаланылады. Өзге де жағдайларда, Топтың қарыз қаражаты бойынша өспелі мөлшерлеме пайдаланылады. Бастапқы тікелей шығындар активтің құрамында ескеріледі.

Жалдау төлемдері қаржыландыру шығындары мен міндеттемелерді өтеулер арасында бөлінеді. Қаржылық шығындар жалдау мерзімі ішінде әрбір есепті кезеңдегі міндеттемелердің қалдығына есептелетін тұрақты мерзімді пайыздық мөлшерлеме бойынша шығыстарды көрсетуді қамтамасыз ететіндей болып есепті кезеңдерге жатқызылады.

Қаржылық жалдау активке қатысты амортизация бойынша шығыстың ұлғаюына, сондай-ақ әрбір есепті кезеңдегі қаржылық шығындарға әкеледі. Жалға алынатын активке қатысты амортизацияны есептеу саясаты меншікті активтерді амортизациялау жөніндегі саясатқа сәйкес келеді.

#### Резервтер

##### *Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)*

Пайдаланудан шығаруға арналған резервтер Топтың объектіні немесе негізгі құралды демонтаждау мен көшіру бойынша және объекті тұрған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ мұндай резервті пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болған кезде, дисконттау негізінде толық көлемде мойындалады.

Мойындалатын сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығындардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне балама, тиісті негізгі құрал мойындалады. Соның салдарынан, осы актив тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндірістік құралдар мен тасымалдау құралдары бойынша күрделі шығындар шеңберінде амортизацияланады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Резервтер (жалғасы)

*Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару) (жалғасы)*

Есепті мерзімдегі немесе міндеттемелерді өтеуге қажетті экономикалық пайданың негізіндегі ресурстардың ағып кету сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болған пайдаланудан шығару бойынша қолдағы резервті бағалаудағы өзгерістер немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс былайша ескеріледі:

- а) резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңде тиісті активтің баланстық құнына қосылады немесе шегерілетіндей;
- б) актив құнынан шегерілген сома оның теңгерім құнынан асып кетпеуі қажет. Егер резервтегі кему активтің баланстық құнынан асып кетсе, онда асып кету пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте дереу мойындалады; және
- в) егер активтің құны ұлғаюға әкелсе, Топ активтің жаңа теңгерім құны толығымен өтелмейтіні осы көрсеткіш болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тәстілейді және 36 ХБЕС-ке сәйкес құнсыздану бойынша кез келген залалды ескереді.

#### *Басқа резервтер*

Резервтер Топтың өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болса, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаларға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Егер Топ резерв өтеледі деп күтсе, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі, бірақ өтеу іс жүзінде кепілді болып табылғанда ғана.

Егер ақша қаражатының уақытша құнының әсері мәнді болып табылса, резервтер ақша қаражатының уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және онда міндеттемеге тән тәуекелдер орынды салықтарды төлегенге дейін мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде резервтің ұлғаюуы уақыттың өтуі салдарынан қаржылық шығындар ретінде танылады.

#### Жұмыскерлерге сыйақылар

##### *Зейнетақы қорларына аударымдар*

Топ аударымдар ретінде өзінің жұмыскерлерінің жалақысынан олардың зейнетақы қорларына аударымдар ретінде 10% ұстайды. Заңнамаға сәйкес жұмыскерлер өздерінің зейнетақы төлемдеріне өздері жауапты болады және Топтың зейнетақы қорларына аударымдар бойынша ағымдағы, сол сияқты келешектегі міндеттемелері жоқ.

##### *Әлеуметтік салық*

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық есептелуіне қарай шығыстарға жатқызылады.

##### *Төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары*

Кәсіптік одақтармен жасалған ұжымдық шарттарға және өзге де сыйақылар туралы ережелерге сәйкес Топтың кейбір еншілес ұйымдары өздерінің жұмыскерлеріне еңбек қызметін аяқтағанда («Төлемдердің белгіленген мөлшерімен зейнетақы жоспары») белгілі бір сыйақылар төлейді.

Топ олар басқа да жиынтық пайда мен шығындардың құрамында анықталған кезеңде жұмыскерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді қайта бағалаудан туындаған актуарлық пайдалар мен шығындарды мойындайды және «Жұмыскерлерге берілетін сыйақы» 19 ХБЕС-да айқындалған бағаға сәйкес сыйақы бойынша шығыстарды және міндеттемені мойындайды.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Қызметкерлерге сыйақылар (жалғасы)

##### *Төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары (жалғасы)*

Төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспарына сәйкес міндеттемелер мен сыйақы бойынша шығыстар болжамдалған шартты бірлік әдісінің көмегімен анықталады. Бұл әдіс әрбір жұмыс істелген жылды сыйақы алу құқығына қосымша бірлігіне өсу ретінде қарастырады және жиынтық міндеттемені көрсету үшін әрбір бірлікті жеке өлшейді. Сыйақылар беру бойынша шығыстар, белгіленген төлемдер мөлшерімен зейнетақы жоспары бойынша сыйақы формуласына сәйкес жұмыскерлердің жұмыс өтілі ішінде жиынтық сыйақыны бөлу үшін пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Бұл міндеттеме валютасы мен шарттары төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелер валютасымен және бағаланған шарттарымен салыстыруға болатын мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне ұқсас дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, болашақтағы есеп айырысу ақша қозғалысының ағымдағы құны бойынша өлшенеді.

Топтың еншілес ұйымдарының төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспарлары қаржыландырылмайтын болып табылады.

#### Капитал

##### *Жарғылық капитал*

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа, жаңа акциялар шығаруға тікелей қатысы бар сыртқы шығындар капиталға түсімдер сомасынан шегерім ретінде көрсетіледі. Шығарылған акциялардың номиналды құнынан алынған қаражаттың әділ құнының кез келген асып түсуі бөлінбеген пайданың ұлғаюы ретінде мойындалады.

##### *Бақыламайтын қатысу үлесі*

Бақыламайтын қатысу үлесі шоғырландырылған бухгалтерлік баланста Акционерге қатысты капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында ұсынылған. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да бақыламайтын қатысу үлесіне жатады.

##### *Дивидендтер*

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға қаржылық есептіліктің шоғырландырылған нысандары бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, қаржылық есептіліктің шоғырландырылған нысандарында ашып көрсетіледі.

##### *Акцияларға негізделген төлемдер*

Топтың кейбір жұмыскерлері үлестік құралдар жөніндегі операцияларға негізделген төлемдер нысанында сыйақы алады. Жұмыскерлер өздері жұмыс істейтін еншілес ұйымның үлестік құралдарымен сыйақы алатын қызметтерді ұсынады («олар бойынша есеп айырысулар үлестік құралдармен жүзеге асырылатын мәмілелер»).

Олар бойынша есеп айырысулар үлестік құралдармен жүзеге асырылатын жұмыскерлермен жасалған мәмілелердің құны, сыйақы берілген күнгі осындай құралдардың әділ құны негізге алына отырып, бағаланады. Әділ құн тиісті бағалау моделінің көмегімен айқындалады.

Үлестік құралдар негізіндегі төлемдер бойынша операциялар бойынша шығыстар, қызмет нәтижелеріне қол жеткізу шарттары және/немесе белгілі бір мерзімнің еңбек сіңіру шарттары орындалатын және жұмыскерлер сыйақы алуға толық құқықтарды алған кездегі күнгі аяқталатын (сыйақы алу құқығы ауысқан күні) кезең ішінде өзге күрделі резервтерде тиісті ұлғаюымен бір мезгілде мойындалады. Осы мәмілелер бойынша жиынтық шығыстар сыйақы ретінде берілетін үлестік құралдар санына қатысты Топтың оңтайлы бағалауы негізінде аяқталған мерзімге міндеттемелер теңбе-тең өтелгенге дейінгі әрбір есепті күнге мойындалады. Кезең ішіндегі пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте шығыс немесе кіріс кезеңнің басында немесе аяғында мойындалған жиынтық шығыстың өзгерісін білдіреді.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Капитал (жалғасы)

##### *Акцияларға негізделген төлемдер (жалғасы)*

Егер үлестік құралдармен төленетін сыйақының шарттары өзгерсе, шығыс ең азы ретінде шарттар өзгермеген кездегі мөлшерде мойындалады. Бұдан басқа, сыйақының жалпы әділ құнын үлестік құралдармен ұлғайтатын немесе осындай өзгеріс күнінде жүргізілген бағалауға сәйкес өзгеше түрде жұмыскер үшін тиімді өзгеріс бойынша қосымша шығыс мойындалады.

Егер үлестік құралдармен төленетін сыйақының күші жойылса, ол егер де оның құқығы күшін жою күніне өтетіндей болса, ескеріледі. Бұл ретте әлі мойындалмаған шығыстар жедел түрде мойындалады. Алайда, егер күші жойылған сыйақы жаңа сыйақымен ауыстырылса және жаңа сыйақы ол ұсынылған күнгі күші жойылған сыйақыны ауыстыратын ретінде қарастырылса, күші жойылған және жаңа сыйақы, бастапқы сыйақының өзгерісі жүргізілген сияқты ескеріледі.

##### *Акционерге өзге де бөлу*

Бөлінбеген пайдада Акционерге басқа да бөлу ретінде болған шығындар немесе активтердің акционер бұйрығымен бөлу, оған қоса негізгі құралдар объектілері, басқа кәсіпорынға қатысу үлестері және шығу топтары, ақша қаражаты және Топтың есеп саясатының анықтамасына сай басқалары мойындалады.

#### Түсімді мойындау

Топтың экономикалық пайда алу ықтималдылығы болса және түсім сенімді бағаланатын болса, түсім танылады.

##### *Тауарларды сату*

Шикі мұнайды, мұнай өнімдерін, газды, уран өнімдерін, тазартылған алтынды және басқа да тауарларды сатудан түскен кірістер тауарды жеткізу жүргізілгенде және тәуекел мен меншік құқығы сатып алушыға берілгенде мойындалады.

##### *Қызметтерді көрсету*

Қызметтер көрсетуден түсетін кірістер қызметтер көрсетілген сәтте мойындалады.

Тасымалдауға жататын қызметтерге қатысты, аяқталу дәрежесі мен кіріс сомасының жеткілікті түрде дәл анықталған жағдайда есепті күнгі тасымалдаудың аяқталу дәрежесі бойынша мойындалады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомалары алу сәтінде тапсырыс берушілерден алынған аванстар құрамында көрсетіледі. Көрсетіліп қойған қызметтерден түсетін күтілетін есепті кіріске шамамен тең болатын тапсырыс берушілерден алынған аванстар шоғырландырылған бухгалтерлік баланстағы өзге де ағымдағы міндеттемелердің құрамындағы болашақ кезеңнің кірістеріне көшіріледі. Болашақ кезеңдердің кірістері қызмет көрсетілуіне қарай ағымдағы кірістерге жатады.

Клиенттердің әділдігі бағдарламасы бойынша сатып алушылар қосымша балл алатын авиабилеттерді сату көрсетілген қызметтер мен болжанатын награда арасындағы шамаға жатқызылған олардың әділ құны бойынша кіріс операцияларының көп элементі ретінде ескеріледі. Болжанатын награда әділ құн – осы награданы бөлек сатудың құны бойынша бағаланады. Бұл бағалау тауарды сату/қызметтер көрсету сәтіндегі кіріс болып мойындалмайды, болашақ кезеңнің кірісі ретінде көрсетіледі және аталған награда пайдаланылғанда және Топтың міндеттемелері толығымен орындалғанда кіріс болып мойындалады.

##### *Тарифтер белгілеу*

Топтың бірқатар еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі - «ТМРК») тарапынан реттеу объектілері болып табылады. ТМРК негізінде еншілес ұйымдар өз кірістерінің айтарлықтай бөлігін алатын тарифтерді және тариф мөлшерлемелерін есептеу әдістемелерін бекітуге жауапты.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Мемлекеттік субсидиялар

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылғандықтан, Топ Үкіметтің рөлін бағалай отырып, онымен жасалған барлық мәмілелерді талдайды: Үкімет ең бастысы қай жағдайларда Акционер ретінде, ал қай жағдайларда реттеуші ретінде әрекет етеді. Егер нақты операция кезінде Үкіметтің акционер ретінде әрекет ететіндігі анықталса, Топтың мұндай операцияның нәтижесінде алған кез келген пайдасы немесе шеккен шығыны тікелей капиталда жарна немесе Акционердің капиталын алып қою ретінде мойындалады.

Егер Үкіметтің ерекше операциясы Акционер ретіндегі әрекет ретінде анықталмаса, мұндай операциялар 20 «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» ХБЕС ережелеріне сәйкес ескеріледі. Мұндай жағдайларда мемлекеттік субсидиялар субсидиялардың алынатындығы және онымен байланысты барлық қажетті жағдайлардың орындалатындығына ақылға қонымды сенімділік болған кезде олардың әділ құны бойынша мойындалады. Егер субсидия шығыс бабына қатысты болған жағдайда, ол жүйелі негізде өтеуі тиіс тиісті шығыстармен салыстыру үшін қажетті кезең ішіндегі кіріс ретінде мойындалады. Субсидия активке қатысты болған кезде оның әділ құны болашақ кезеңдердің кірісіне жатқызылады және тиісті активтің пайдалы қызмет етуінің күтілетін кезеңі ішінде пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте тең бөліктермен жыл сайын көрсетіледі. Кіріске жататын субсидиялар пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен түсетін кірістердің құрамында жеке ұсынылған.

#### Шығыстарды мойындау

Шығыстар пайда болуына қарай мойындалады және олар есептеу әдісінің негізінде, жатқызылған кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

#### Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы өзге жиынтық кірісте немесе капиталда көрсетілетін баптарға жататын сомаларды қоспағанда, пайдалар мен шығындарда көрсетіледі, бұл жағдайда, ол тиісінше өзге жиынтық кірісте немесе капиталда мойындалады. Салық бойынша ағымдағы шығыстар – бұл бір жылғы салық салынатын кіріс бойынша төлеуге күтілетін салық және алдыңғы жылдарға қатысты төленетін салыққа қатысты кез келген түзетулер.

Үстеме пайдаға салынатын салық табыс салығы ретінде қаралады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрайды. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес Топ белгілі бір мәндерден асатын пайданың ішкі нормасы кезінде қолданылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес белгілі бір шегерімдер сомасына түзетуге жататын салық салудан кейін пайда сомасынан көрсетілген мөлшерлеме бойынша үстеме пайдаға салық есептейді және төлейді.

Пайданың ішкі нормасы әрбір жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша ақша ағындарының негізінде есептеледі және инфляцияның ұлттық деңгейіне түзетіледі. Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығы («КТС») үшін, сол сияқты үстеме пайда салығы үшін есептеледі. Үстеме пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық келісімшарт бойынша төлеуге жататын үстеме пайдаға салықтың күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақытша айырмалар бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілік мақсаты үшін активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салу мақсаты үшін пайдаланылған сома арасындағы уақытша айырмалар бойынша баланстық әдіспен ескеріледі. Мыналардың нәтижесінде туындаған:

- ▶ компанияларды біріктіру болып табылмайтын мәміледе активті немесе міндеттемені бастапқы мойындау және мәміле жасасу сәтінде де, бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе шығынға да әсер етпейді; және
- ▶ еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты егер уақыт айырмасын азайту уақытындағы бөлуді бақылау мүмкін болса уақытша айырмасы жақын болашақта азаймайды деген айтарлықтай ықтималдылық болса, уақытша айырмалар мойындалмайды.



### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

#### Табыс салығы (жалғасы)

Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер қолданылған немесе есепті күні іс жүзінде қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізге алына отырып, актив алынған немесе міндеттеме төленген кезеңге қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық бойынша актив оның есебін актив өткізілуі мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар көлемде ғана мойындалады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер тиісті салық жеңілдігін іске асыру ықтималдығы бұдан әрі болмайтын көлемде азаяды.

#### Қосылған құн салығы («ҚҚС»)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтелуге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатылымдар нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

#### Байланысты тараптар

Байланысты тараптар Топтың акционерін, негізгі басқарушы персоналды, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарды және дауыс беретін акцияларының елеулі үлесі тікелей немесе жанама түрде Топтың акционерлеріне немесе негізгі басқарушы персоналына тиесілі ұйымдарды қамтиды.

#### Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалмайды. Мұндай міндеттемелер туралы деректер, экономикалық пайдаларды құрайтын ресурстардың шамадан тыс кету ықтималдығы аз болып табылатын жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына ескертпелерде (39-ескертпе) ашылып көрсетіледі.

Шартты түрдегі активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Егер мұндай активтерге байланысты экономикалық пайдалар алудың жеткілікті ықтималдығы болған жағдайда, көрсетілген активтер туралы деректер ескертпелерде ашылып көрсетіледі.

#### Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғанда болған және есепті күнгі Топтың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты қамтитын оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылса, шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына ескертпелерде ашылып көрсетіледі.

### 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

ХҚЕС-ға сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарын дайындау басшылықтан есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерінің және есепті күнгі шартты түрдегі активтер мен міндеттемелерге ықпал ететін бағалар мен жол берулерді, сондай-ақ есептілікте көрсетілген активтерді, міндеттемелерді, кірістерді, шығыстарды және есепті кезеңдегі шартты түрдегі активтер мен міндеттемелерді пайдалануды талап етеді. Іс жүзіндегі нәтижелер осы бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Келесі қаржы жылының ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнында елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін есепті күнге келешек туралы негізгі жорамалдар мен белгісіздік пайымдауларының басқа да негізгі дерек көздері төменде қарастырылады:

### Мұнай мен газ қорлары

Мұнай мен газдың қорларын бағалау мұнай сегментінің тозуы, ескіруі және амортизациясы бойынша есеп айырысуда маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлық бағаларды пайдалану жыл соңындағы споттық бағаны пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Барлық мұнай мен газ қорларын бағалаулар кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Баға жыл сайын талданады және түзетіледі. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін өндіру көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы дәлелденген қорларға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу кезеңі ішінде өндірілетін болады деп күтілетін көлемді ғана қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне қатысты белгісіздікке байланысты, өйткені жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды ұзарту ең соңында Үкіметтің қалауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген өндірілген қорлардағы төмендеу тозуға, сарқылуды және амортизацияға (өндіру деңгейі тұрақты болған кезде) аударымдардың ұлғаюына, кірістің төмендеуіне әкеледі және сонымен қатар мұнай-газ активтерінің ағымдағы құнының тікелей төмендеуіне де әкелуі мүмкін. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

### Тау-кен қорлары

Тау-кен қорлары активтердің өтелетін құнын бағалау үшін және тау-кен өндіретін сегменттің тозуы және амортизациясы бойынша аударымдарды анықтау үшін пайдаланылатын ақша қаражатының болжанатын қозғалысын бағалаудың негізгі құрамдауышы болып табылады. Топ қорларды әдетте кен орнын егжей-тегжейлі барлау нәтижелері бойынша бағалайды, әрі оны Қазақстан Республикасы Геология комитетінің Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы («ҚМК») қарастырып, бекітеді. Әдетте, әрбір тыңайтылған жер бойынша өндіру сатысында олар ҚМК бекіткен геологиялық қорлардан көп немесе аз жағына қарай ерекшеленеді.

#### *JORC қорлары*

2017 жылы Топ геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералды ресурстар мен кен қорлары туралы есепті (2012) жасау үшін Австралазиялық кодекске (бұдан әрі – «JORC кодексі») сәйкес Топтың қорлары мен ресурстарын бағалау үшін SRK Consulting (UK) Limited компаниясын (бұдан әрі – «SRK») тартты. Қорлар мен ресурстарды бағалау амалдары 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орындалды. Қорларды бағалау кезінде SRK соған барынша соңғы 2017 жылғы 31 желтоқсанға негізделген барлық шешуші ақпаратты саралады, ҚАӨ ҰАК өндірген минералды ресурстар мен кен қорларын бағалады.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Тау-кен қорлары (жалғасы)

#### *JORC қорлары (жалғасы)*

ҚАӨ ҰАК 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап өндірістік активтердің (тарату қорының активтері, тарихи шығындар мен негізгі құралдардың құрамындағы тау-кен кешенінің активтері) амортизациясын қайта есептеу үшін JORC қорлары бойынша деректерді қолданды.

#### Ұзақ мерзімді активтердің өтелуі

Әрбір есепті кезеңде Топ құнсыздану индикаторларының болуын анықтау үшін әрбір активті немесе ақша қаражатын әкелетін («әкелуші бірлік») активтер тобын бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Мұндай есептеулер мұнайға деген ұзақ мерзімді бағалар (ағымдағы және тарихи бағаларды, бағаның өзгеруіндегі үрдістерді және ілеспе факторларды ескере отырып), дисконт мөлшерлемелері, операциялық шығындар, капиталдағы келешек мұқтаждық, пайдаланудан шығару шығындары және пайдалану сипаттамалары, резервтер мен операциялық қызмет (бұған өндіру және сату көлемдері кіреді) сияқты бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуі мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін факторлардың әсерін ескермейді.

36 ХБЕС-ке (IAS) сай құнсыздану белгілерінің бірі кезең ішінде болған немесе таяу болашақта Топ қызметін жүзеге асыратын технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңгерлік талаптарда немесе соған актив арналған нарықта күтілетін Топ үшін теріс салдары болған елеулі өзгерістердің болуы болып табылады.

#### Мұнай-газ және мұнайды қайта өңдеу активтерінің өтелімділігі

2017 жылғы 31 желтоқсанға бұрғылау қызметтері көлемінің одан кейінгі төмендеуі, инфляция деңгейі мен капитал құнының өсуі Топтың бірліктері құнсыздануы мүмкін екендігіне көрсетті. Осыған орай, 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ басымылығы өз активтерінің өтелетін құнын бағалады. «Oil Transport Corporation» ЖШС-тің («ОТК») 5.040 миллион теңге сомаға негізгі құралдарын жаңғырту және құнсыздандыру жобасы конфигурациясының өзгеруі нәтижесінде «Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ-ның («ПМХЗ») 15.227 миллион теңге мөлшеріндегі аяқталмаған құрылысының құнсыздануы кіретін 23.310 миллион теңге мөлшеріндегі құнсыздану залалы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылды.

#### ОТК

ОТК өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 12,77%-дан бастап 16,01%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі капиталдың орташа алынған құнынан салықтар ұсталғанға дейін алынды. Жыл сайынғы негізде бекітілетін бес жылдық бизнес-жоспар ақпараттың негізгі дерек көзі болып табылады, өйткені ол бұрғылау жұмыстарын жасау деңгейі бойынша, кірістер, шығыстар және күрделі шығындар бойынша болжамдарды қамтиды. Қызмет көрсету тарифтері бойынша болжамдар мен инфляция қарқыны сияқты түрлі жорамалдар қолданыстағы бағаларды, шетелдік валюталардың айырбастау бағамдарын, басқа да макроэкономикалық факторлар мен тарихи үрдістерді және құбылуларды ескереді. Осы кезеңнен кейін ақша ағындарының көп бөлігі болжамды инфляция мөлшерлемесін қолдану жолымен болжанды.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Мұнай-газ және мұнайды қайта өңдеу активтерінің өтелімділігі (жалғасы)

#### **ПМХЗ**

2017 жылғы желтоқсанда Топ ПМХЗ құнсыздануына жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ мұнайды қайта өңдеу маржасының болжамын, өндіріс көлемін және басқа да факторларды ескерді. Тестілеуді өткізбес бұрын, Топ ПМХЗ бірлік әкелетін бөлік ретінде қарастырылмаған аяқталмаған жұмыстарды құнсыздандырды.

ПМӨЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. Дейінгі дисконттау мөлшерлемесі салықтар ұсталғанға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. 2036 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМӨЗ-дың 2021 жылға дейінгі бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. Бұл ақша ағындарының едәуір бөлігі 2021 жылдан кейін бағалау күніне басқарудың ең үздік бағалауына негізделген күрделі шығындарды шегере отырып, инфляцияның күтілетін деңгейін қолдану арқылы болжанды.

2017 жылдың 31 желтоқсанына ПМХЗ бірлігін әкелетін өтелетін құны 432.622 миллион теңге болды. Ақша ағындары нарықтың тәуелсіз қатысушыларының, яғни жұмыс істеп тұрған экономикалық ортаның сол саласындағы басқа компаниялардың активтерді барынша көбірек және тиімді пайдалану жорамалына негізделеді. Болжамды ақша ағындарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 13,25% (2016 жылы: 11,58%) болды, ал бес жылдық мерзімнен тыс ақша ағындары 2,78% (2016 жылы: 4,99%) тең болатын өсу қарқынын ескере отырып экстраполяцияланды.

*Өткізу шығыстарын шегере отырып әділ құнды есептеу кезінде қолданылған негізгі жорамалдар:*

- ▶ шикі мұнайды және мұнай өнімдерін өндіру көлемі;
- ▶ 2018-2036 жылдардағы күрделі шығындар;
- ▶ жергілікті нарықта шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің бағалары;
- ▶ дисконттау мөлшерлемелері.

ПМХЗ өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, теңгенің айырбас бағамын, WACC дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесін 1,0%-ға 13,25%-дан 14,25%-ға дейін арттыру ПМХЗ бірлік әкелетін өтелетін құны 40.370 миллион теңгеге азаятындығына әкеп соқтырады. Жоспарланған EBITDA мәндерінің терминалды кезеңде 23%-дан 18% -ға дейін 5% -ға төмендеуі бірлік әкелетін өтелетін құнының 3.994 мың теңгеге азаюына әкеп соқтырады.

Жасалған талдаудың нәтижесінде, ПМХЗ гудвилінің құнсыздануы танылмады.

#### **Энергия жасаушы активтер**

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жасалған талдаудың нәтижелері бойынша басшылық «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС (бұдан әрі «ЕМАЭС-1») қаржылық емес активтердің құнсыздану индикаторларын және «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі «ЕМАЭС-2») инвестицияларды анықтады.

#### **Энергия жасаушы активтер**

##### **ЕМАЭС-1**

2017 жылғы 31 желтоқсанға ЕМАЭС-1 қаржылық емес активтерінің ықтимал құнсыздану индикаторларын талдау негізінде басшылық орташа алынған тариф деңгейінің төмендеуіне әкеп соқтырған 2017 жыл ішіндегі тарифтерді және барынша бәсекеге қабілетті тарифтік саясаттың жүргізілуін реттейтін заңнамада болған таяу арадағы өзгерістер ЕМАЭС-1 қаржылық емес активтерінің ықтимал құнсыздануының факторлары болып табылады деген тұжырымға келді.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Мұнай-газ және мұнайды қайта өңдеу активтерінің өтелімділігі (жалғасы)

#### *Энергия жасаушы активтер (жалғасы)*

##### *ЕМАЭС-1 (жалғасы)*

Басшылық АЖК-ның барлық негізгі құралдары мен материалдық емес активтерін ақша ағындарын әкелетін бірегей бірлікке жатқызады, өйткені бұл басқа активтер әкелетін ақша ағындарына қарамастан едәуір дәрежеде ақша қаражатының ағынын жасайтын активтердің мейлінше сәйкестендірілетін тобы және ЕМАЭС-1 активтер құнының өтелуіне бақылау жасайтын барынша төмен деңгей болып табылады. Басшылық негізгі құралдардың өтелетін сомасын Топ оларды пайдаланудан алуға үміттеніп отырған бағаланып дисконтталған келешек ақша ағындарының сомасы ретінде айқындалған пайдалану құндылығының негізінде бағалады. Өткізілген тесттің нәтижесінде 2017 жылғы 31 желтоқсанға негізгі құралдардың өтелетін құны 503.020 миллион теңге баланстық құнымен 603.074 миллион теңге болды. Бұл тестілеудің нәтижесінде, басшылық негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануын анықтамады.

##### *ЕМАЭС-2-ге инвестициялар*

Топтың ЕМАЭС-2 бірлескен кәсіпорынға инвестициясы бар. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл инвестицияның баланстық құны 22.265 миллион теңге болды.

2017 жылғы 31 желтоқсанға № 3 энергия блогын салуды аяқтаумен, сол сияқты № 3 энергия блогы беретін электр қуатын одан әрі өткізумен байланысты белгісіздік Топтың ЕМАЭС-2-дегі негізгі құралдардың әлеуетті құнсыздануына және тиісінше ЕМАЭС-2-дегі инвестицияларының ықтимал құнсыздануына нұсқады.

ЕМАЭС-2 басшылығы АЖК-ның барлық негізгі құралдары мен материалдық емес активтерін ақша ағындарын әкелетін бірегей бірлікке жатқызады, өйткені бұл басқа активтер әкелетін ақша ағындарына қарамастан едәуір дәрежеде ақша қаражатының ағынын жасайтын активтердің мейлінше сәйкестендірілетін тобы және ЕМАЭС-2 активтер құнының өтелуіне бақылау жасайтын барынша төмен деңгей болып табылады.

ЕМАЭС-2 «Активтердің құнсыздануы» 36 ХБЕС-ке сәйкес өткізілген құнсыздану тестін өткізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартты. Тәуелсіз сарапшы ЕМАЭС-2 негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің өтелетін құнын болжамдалған болашақтағы түсімдерді және активтерді пайдаланудан түскен ақша қаражаты ағындарын, дисконт мөлшерлемесін және өзге де көрсеткіштерді бағалауға сүйене отырып бағалады.

Өтелетін құн пайдалану құндылығының негізінде айқындалды. Бұл есептеулерде басшылық 2018-2022 жылдар аралығындағы 5 жылдық кезеңге жаңартып бекіткен қаржылық бюджеттердің негізінде ақша қаражаты қозғалысының болжамдары пайдаланылды.

Құнсыздану тестісінің нәтижесінде ЕМАЭС-2 негізгі құралдары 11.687 миллион теңге сомаға құнсызданды. Тиісінше, Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікте 5.844 миллион теңге сомасында ЕМАЭС-2 салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған залалды мойындады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы құнсызданудан болған шығынды мойындауға әкеп соқтырған негізгі оқиғалар:

- ▶ Қуаттылықтардың болжамды шығулары энергия шығаратын және энергия тұрмыстық ұйымдарды бірегей инвестордың сатып алуы сияқты оқиғаларды қоса алғанда, бірақ шектелмей, бірқатар себептерден 2016 жылдың соңына болжамды деректермен салыстырғанда 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша айтарлықтай азайды, бұл өз кезегінде жеке энергия шығарушы объектілердің шығатын қуаттылығы тәсілінің өзгеруіне әкеп соқтырды.
- ▶ Төмен тарифтер бойынша орталықтандырылған сауда-саттық арқылы электрқуатын өткізу үлесінің ұлғаюына орай тарифтің орташа алынған деңгейінің төмендеуі.
- ▶ 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында байқалатын негізгі тұтынушылардың тарапынан жалпы коммерциялық сұраныстың азаюы және Ресей Федерациясына электр энергиясы экспортының тоқтата тұрылуы.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Мұнай-газ және мұнайды қайта өңдеу активтерінің өтелімділігі (жалғасы)

### Энергия жасаушы активтер (жалғасы)

#### ЕМАЭС-2-ге инвестициялар (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің өтелетін құнына қатысты негізгі жорамалдар төменде көрсетілген:

#### Электрқуатына тарифтер

Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін ЕМАЭС-2 басшылығы электр қуатына арналған келесі тарифтерді пайдаланды:

- ▶ 2017 жылғы орташа алынған тариф 1 кВт.с үшін 6,6 теңге болды, бұл ЕМАЭС-2 2017 жылы қолданған электр қуатын өткізуге арналған іс жүзіндегі тарифті білдіреді және Энергетика министрлігі 2016-2018 жылдарға 1 кВт.с үшін 8,8 теңге мөлшерінде бекіткен және белгілеген шекті тарифтен аспайды.
- ▶ Кейінге кезеңдер үшін болжамды орташа алынған тарифтер былайша көрсетілген:

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
Электр қуатының тарифі (1 кВт.с үшін теңге)	6,63	5,77	6,18	6,48	6,77	7,04	7,30	7,55	7,80
Қуаттылық тарифі (мың теңге) (1 кВт.ай. мың теңге)	–	0,7	0,75	0,79	0,82	0,85	0,89	7,67	7,79

Тарифтің болжамы 2020 жылы № 3 энергия блогын салу жобасының қалпына келтірілуіне орай басшылық үміттерінің негізінде жасалды. 2025 жылы тарифтің айтарлықтай ұлғаюы № 3 энергия блогын пайдалануға берумен және ҚР электр қуатының қуаттылығы нарығының жұмыске енгізілуімен негізделген тарифті белгілеу құрылымының өзгеруімен байланысты болды.

Электр қуатының тарифтері бойынша жоғарыда аталған көрсеткіштер 10%-ға азайған жағдайда негізгі құралдардың өтелетін құны олардың баланстық құнынан 34.822 миллион теңгеге аз болады. Тиісінше, Топтың ЕМАЭС-2-ге салған инвестицияларының өтелетін құны оның баланстық құнынан 17.411 миллион теңгеге аз болады.

#### Өндіріс көлемдері және электрқуатын өткізу

Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін № 3 энергия блогының электр қуатын өндірудің/сатудың болжамды көлемдері және құрылысты аяқтауға қажетті тиісті инвестициялар ескерілді. Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін электр қуатын өткізудің келесі көлемдері пайдаланылды:

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
The volume of electricity production (in millions of kWh)	5,100	5,801	6,001	6,101	6,101	6,101	6,101	6,185	6,270

Басшылық № 3 энергия блогы пайдалануға берілгенге дейінгі болжамды кезең ішінде өндіру және өткізу көлемдері тұрақты болады деп болжап отыр. № 3 энергоблок іске қосылғаннан кейін электр энергиясы көлемінің едәуір ұлғаюы болжанбайды, бірақ электр энергиясын өндіру көлемдері үш блоктың арасында бөлінеді. Басшылық электр қуатын өткізу көлемі болжамды кезең ішінде ұлғаюды деп күтіп отыр. 10% мөлшерінде рұқсат етілген шекте электр қуатын өткізу көлемінің азаюы 28.986 миллион теңге сомасында негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын шығынға және тиісінше Топтың 14.493 миллион теңге сомасында ЕМАЭС-2-ге салған инвестициялардың құнсыздануынан болатын шығынға әкеп соқтырады.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Мұнай-газ және мұнайды қайта өңдеу активтерінің өтелімділігі (жалғасы)

### **Энергия жасаушы активтер (жалғасы)**

*ЕМАЭС-2-ге инвестициялар (жалғасы)*

#### Дисконттау мөлшерлемесі

Дисконттау мөлшерлемесі ЕМАЭС-2-ге тән болатын тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағалануын ескере отырып есептелген және сала үшін капиталдың орташа алынған құнының негізінде бағаланды. Келешекте салаға тән болатын құбылмалы тәуекелдерді және капиталдың орташа алынған құнының өзгеруін көрсету үшін дисконттау мөлшерлемесінің одан кейінгі өзгеруі қажет болып қалуы мүмкін. Дисконттау мөлшерлемесінің 1%-ға ұлғаюы 24.619 миллион теңге мөлшеріндегі құнсыздануға әкеп соқтырады және Топтың ЕМАЭС-2-ге 12.309 миллион теңге сомасындағы инвестицияларының құнсыздануынан болатын шығынға әкеп соқтырады.

#### *«Балқаш ЖЭС» АҚ-на инвестициялар*

«Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасы (бұдан әрі – «Жоба») ҚР Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасында қол қойылған үкіметаралық келісімнің шеңберінде іске асырылады. 2011 жылы қол қойылған келісімге электрстанциясын қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және техникалық қызмет көрсету саласында экономикалық ынтымақтастық кіреді.

«Балқаш ЖЭС» АҚ (бұдан әрі - «БЖЭС») акционерлері Samsung C&T Corporation (бұдан әрі - «Samsung C&T») және «Самұрық-Энерго» АҚ (Қордың еншілес ұйымы) болып табылады, солардың қатысу үлестері 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісінше 50% + 1 акция және 50% – 1 акция құрайды. БЖЭС 2008 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды. 2012 жылғы маусымда «БЖЭС» АҚ мен Samsung Engineering Ltd. және Samsung C&T консорциумы (бұдан әрі - «Консорциум») арасында қуаттылығы 1320 МВт болатын Балқаш ЖЭС жобалауға, жеткізуге және салуға арналған келісімшарт жасалды (бұдан әрі - «ЕРС»).

Жоспарларға сай, жобаның рентабельділігі 2014 жылғы 19 маусымда БЖЭС пен «KEGOC» АҚ (Қордың еншілес ұйымы) арасында жасалған пайдалануға жаңадан берілетін қуат өндіретін қондырғылардың электр қуаттылықтарының дайындығын қолдау қызметтерін сатып алуға арналған шарт арқылы қамтамасыз етіледі, бұл ретте тарифтер АҚШ долларымен білдірілген.

2012 жылғы 14 ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен Samsung C&T «Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларына қатысты Опцион келісімін жасады. Бұл келісімге сәйкес Samsung C&T БЖЭС акцияларын сатуға арналған опционы бар, бұл Samsung C&T, егер Үкіметаралық келісімді ратификациялауға, ДПМ жасалу ықтималдылығын қамтамасыз ететін заңдардың қабылдануына, сондай-ақ жобалық қаржыландыруды тартуға жеткілікті болатын талаптармен кепілдіктердің беріліне ДПМ уақтылы жасалуына қатысты опциондық келісімнің тиісті келісімдері орындалмаған жағдайда, опционды пайдалану құқығы бар. Опциондық келісімнің талаптарына сай опцион бағасы Samsung C&T опцион акцияларын сатып алғаны үшін төлеген жалпы сомаға, капитал салымдарының сомасына және Samsung C&T тиесілі акциялар үшін алған дивидендтерді және басқа да төлемдерді шегере отырып, Samsung C&T қарыздары бойынша берешек сомасына тең болады.

2016 жылғы тамызға дейін Топ пен Samsung C&T акцияларды сатуға арналған опционды бірнеше рет ұзартты.

Қарыз қаржыландыруын ұйымдастыру мақсатында жобаның әлеуетті кредиторлары жобалық қаржыландырудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес инвесторлардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуді талап етеді.

Пакетті қолдау жобасының келісілген нұсқасының жоқтығына орай 2016 жылғы 31 тамызда Samsung C&T Топтың атына Опциондық келісімге сәйкес акцияларды сатуға арналған опционды орындауға келтіру туралы хабарламаны жолдады.

Сондай-ақ, Жоба бойынша қаржыландырудың жоқтығына орай, 2016 жылғы 31 тамызда Консорциум БЖЭС атына ЕРС келісімшартын бұзу туралы хабарламаны жолдады.

Samsung C&T-ден хабарлама түскеннен кейін «Самұрық-Энерго» АҚ мен ҚР Үкіметі 2016 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін мәселені реттеу бойынша бірқатар шараны қолға алды.

Оңтүстік Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін Жобаның стратегиялық маңыздылығын назарға ала отырып ҚР Үкіметі Samsung C&T-мен келіссөздерді жалғастыруды мақұлдады.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Мұнай-газ және мұнайды қайта өңдеу активтерінің өтелімділігі (жалғасы)

#### **Энергия жасаушы активтер (жалғасы)**

##### *«Балқаш ЖЭС» АҚ-на инвестициялар (жалғасы)*

Атап айтқанда, ҚР Үкіметі мен ҚР мемлекеттік органдары Samsung C&T қатысуымен Жобаны одан әрі іске асыру мәселелерін талқылау үшін бірқатар кездесуді өткізді. Тараптар белгіленген тәртіппен жобаны қаржыландыруға лайықты болатын талаптармен Үкімет тарапынан Қолдау хаты ұйымдастырылады.

2017 жылғы 28 ақпанда жобаны жалғастыру туралы келіссөздердің нәтижесінде Samsung Engineering Co. Ltd және Samsung C&T EPC келісімшартын бұзу туралы хабарламасын шақыртып алды.

Дегенмен, кейіннен қазақстандық тараптан Қолдау хаты 2017 жылғы 29 сәуірге дейінгі мерзімде шығарылмады және Samsung Engineering Co. Ltd БЖЭС-қа 2017 жылғы 28 ақпандағы EPC келісімшартын бұзу туралы хабарламаны шақыртып алу тиімді болып табылмайтындығы жайында хабардар етті. Қазақстан Республикасының Үкіметі «Самұрық-Энерго» АҚ-мен бірлесіп акцияларды сату опциясымен және қосылу және салу туралы шарттың тоқтауымен байланысты мәселелерді реттеу бойынша келіссөздерге кірісіп, жүргізуін жалғастыруда. «Самұрық-Энерго» АҚ өз акцияларын сату бойынша опциондық келісімді орындау талап оның келісімшарттық міндеттемелеріне сәйкес келмейтіндігін айтатын тараптың дәрменсіздігіне сүйене отырып жарамсыз болып табылады деп есептейді. Осыған орай 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол жылы аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте Top Samsung C&T опционды орындау жөніндегі хабарламаға қатысты қандай да бір резервтерді құрмады.

Бұдан кейін, EPC келісімшарты бойынша электр станциясын салу бойынша барлық жұмыстар тоқтата тұрылды. 2017 жылғы 29 қыркүйекте Консорциум БЖЭС атына EPC келісімшартының бұзылуына орай төлем бойынша түпкі талапты жолдады. Түпкілікті талап ету сомасы 108.860 мың АҚШ долларын құрады. Кейіннен, Консорциум өзінің 2017 жылғы 30 қарашадағы хатында Консорциум Dongfang Electric Corporation Limited және Siemens AG (бұдан әрі – «Қосалқы мердігерлер») қосымша шығыстарды болдырмас үшін EPC келісімшарты бойынша жабдықты кәдеге жарату жайында нұсқаулықтар бергенін хабарлайды.

Топ жоғарыда аталған оқиғалар Топтың «Активтердің құнсыздануы» 36 ХБЕС-ке сәйкес БЖЭС-ке инвестицияларының құнсыздану белгілері болып табылады деген тұжырымға келді. Тиісінше, 2017 жылғы 31 желтоқсанға Top 27.571 миллион теңге мөлшерінде БЖЭС салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған залалды мойындады.

#### Теміржол активтері

ҚТЖ ҰК құнсыздану индикаторларының болуына орай 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теміржол активтерінің құнсыздануына тест жасалды.

Теміржол инфрақұрылымы бүтін болып табылады және жүк әрі жолаушылар қатынасы жолдарына бөлінбейді, осыған орай инфрақұрылымның негізгі құралдарының жүк және жолаушылар тасымалы қызметінен болатын ақша ағындарына объективті бөлінуі жоқ. Жүк тасымалдарына тарифтерді реттеудің ерекшеліктеріне, сондай-ақ жолаушылар тасымалын кросс-субсидиялау қажеттілігіне орай, теміржол инфрақұрылымы тәуелсіз ақша ағындарын тудыра алмайды және тиісінше, Топ оларды ақша қаражатын тудыратын бірлік ретінде қарастырады.

Топ Акционері ретінде Үкімет Топтың белгілі бір кәсіпорындарын жекешелендіру жоспарын бекітті, соны іске асырудың нәтижесінде Топтың бизнес-бірліктерінің арасында өзара әрекет етудің жаңа нобайлары әзірленген. Топты қайта құрылымдау процестерінің аяқталмауына орай, бұл ықтимал оқиғалар ағымдағы жылы құнсыздану тестісі кезінде назарға алынбады. Тудыратын бірлік анықтамасындағы кейінгі өзгерістер Топ активтерінің баланстық құнына әсер ете алады.

Сонымен бірге, ақша ағындарын бағалауға көптеген субъективті факторлар қосылған, оның ішінде ең үздік қолжетімді дәлелдерді пайдалана отырып, операциялық және қаржылық.

Тестілеу кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар тасымалдаудың барынша ықтимал көлемдерін, оның ішінде тарихи деректер мен жоспарланған сұраныс көлемдерінің негізінде транзит көлемін көрсетеді.



## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Теміржол активтері (жалғасы)

Қаржылық жорамалдарға тарифтердің болжамды деңгейімен және өсуімен, ұсынылатын жеңілдіктермен, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына және швейцария франкісіне қатысты болжамды бағамымен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеуде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар тарифтердің жүк және жолаушылар тасымалы бойынша 4%-ға жыл сайын өсуі, бір АҚШ доллары үшін айырбас бағамы – 340 теңге және 13,21% мөлшерінде дисконттау мөлшерлемесі болды. Бұл жорамалдар нақты жағдайларда көрсетілген.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың негізгі құралдарын пайдалану құндылығын есептеудің негізінде құнсыздану анықталған жоқ. Бұл ретте пайдалану құндылығының есебі келесі жорамалдарға барынша сезімтал келеді:

- ▶ дисконттау мөлшерлемесі;
- ▶ жүк тасымалдары транзитінің көлемдері; және
- ▶ теңгенің шетелдік валюталарға, оның ішінде швейцариялық франк пен АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамы.

Ел экономикасындағы жалпы үрдістермен, тарифтердің инфляция деңгейіне индексациясының жеткіліксіздігімен, теңгенің шетелдік валюталарға қатысты бағамының жалғасып отырған волатильділігімен, мемлекеттің қолдау деңгейімен байланысты жүк айналымы мен жолаушылар айналымы өсімінің жоспарланған үрдістеріндегі теріс өзгерістер, сондай-ақ келешекте өзге факторлардағы теріс өзгерістер мұндай өзгерістер орын алатын кезеңдерде құнсызданудан елеулі шығындардың пайда болуына әкеп соқтыра алады.

### Уран өнімін өндірумен байланысты активтер

2017 жылғы 31 желтоқсанға Топ уран өнімін өндірумен байланысты активтердің (бірліктерді тудыратын) құнсыздану белгілеріне талдау жасады. 2017 жылы уранның іс жүзіндегі орташа бағасының 2016 жылы болжанғанға қарағанда жоғары болуына және тұрақты болып қала беруіне орай және жалпы, келешек кезеңдерге болжамды бағаларға қатысты оң үрдіс байқалуда, Топ басшылығы баға факторын уран активтерінің құнсыздану индикаторы ретінде қарастырмады.

2017 жылғы 31 желтоқсанға Топ басшылығы әрбір уран кен орнына қатысты басқа да сыртқы және ішкі факторларды қарастырды. Нәтижесінде «Уванас», «Канжуган», «Южный Моинкум», «Қарамұрын», «Семізбай», «Еркөл», «Восточный Мынкудук» және «Заречное» тудыратын бірліктер үшін құнсыздану индикаторлары айқындалды. Құнсызданудың қадағаланатын индикаторларына JORC кодексі бойынша бағалауға өтуге орай қорлардың азаюы және қорлардың таусылуы немесе жоғары өндірістік өзіндік құн сияқты басқа да факторлар кірді.

Топ басшылығы уран өнімін өндірумен байланысты Топ активтерінің (тудыратын бірліктерінің) құнсыздануына тест өткізді, соларға қатысты 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздану белгілері айқындалды.

Құнсыздануды бағалау үшін активтер ең төменгі деңгейлерге топтастырылады, солар бойынша басқа активтерден немесе активтер топтарынан (тудыратын бірліктерден) ақша ағындары ағынынан едәуір дәрежеде тәуелсіз болатын жеке сәйкестендірілетін ақша ағындары бар. Топ әрбір кен орнын (келісімшарттық аумақты) бөлек тудыратын бірлік ретінде айқындады. Егер бірнеше кен орны бір қайта өңдеуші зауытпен (өнімді ерітінділерді қайта өңдеу учаскесімен) технологиялық тұрғыдан байланысты болса, Топ мұндай кен орындарды бірегей тудыратын бірлік ретінде қарастырады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануға жасалған тесттің нәтижелері бойынша Топ «Уванас», «Канжуган», «Южный Моинкум», «Центральный Моинкум», «Карамурун» тудырушы бірліктер үшін құнсыздану залалын мойындады, өйткені бұл тудырушы бірліктердің өтелетін құны олардың баланстық құнынан 4.954 миллион теңгеге төмен болды (2016 жылғы 31 желтоқсан: 2.060 миллион теңге).

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Уран өнімін өндірумен байланысты активтер (жалғасы)

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздану индикаторлары айқындалған уран өнімін өндірумен байланысты Топтың активтерін (тудыратын бірліктерін) пайдалану құндылығын бағалау кезінде басшылық қолданған негізгі жорамалдар көрсетілген:

- ▶ уранға орташа жылдық бағалар 10% төмендетілген коэффициенттің қолданылуын ескере отырып, 2017 жылғы төртінші тоқсанда жарияланған (Mid Price Midpoint) «Ux Consulting LLC» тәуелсіз ресми дерек көзі болжамының негізінде төменде көрсетілген деңгейлерде күтіледі:

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023- 2030 жылдар
U308 фунты үшін орташа баға (АҚШ долларында)	23,45	22,6	22,8	24,6	26,7	31,3-45,6

- ▶ уран өндірісі кезеңі мен көлемдерінің болжамдары жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында айқындалған жыл сайынғы өндіріс көлемдеріне сәйкес келеді; бұл көлемдерді басшылық өндірісті азайту жоспарларына орай түзетті және SRK есебі бойынша JORC кодексіне сәйкес айқындалған қорлармен шектелген;
- ▶ 2018-2022 жылдарға операциялық және күрделі шығындар Топтың бекітілген 5 жылдық бюджетіне сәйкес келеді;
- ▶ 2023 жылдан бастап операциялық және күрделі шығындардың ұлғаюы инфляцияның ұзақ мерзімді мөлшерлемесінің мөлшерінде болады, әрі ол жылдық 4 - 6% құрайды;
- ▶ дисконт мөлшерлемесі жылдық 9,57% - 12,1% құрайды;
- ▶ валютаны ұзақ мерзімді айырбастау бағамының болжамы IHS Global Insight дерек көзінің негізінде қолданылады.

Төменде солар үшін құнсыздану индикаторлары айқындалған активтер (тудыратын бірліктер) үшін негізделген жорамалдардың негізделген өзгерістері кезінде (барлық басқа ауыспалы мәндердің өзгермеуі кезінде) құнсызданудың ықтимал сомаларын көрсететін сезімталдылықтың талдауы көрсетілген:

- ▶ болжамды кезең ішінде уранға орта жылдық бағалардың төмендеуі:

төмендеу %	Құнсыздану залалы, миллион теңге
10%	38.368
20%	40.549

### Мұнай-газ активтерінің шығуы бойынша міндеттемелер

Жер қойнауын пайдалануға арналған белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды демонтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарттық аумақты рекултивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Жер қойнауын пайдалану келісімшартының қолданылу мерзімі Топтың қалауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнында міндеттемелерді өтеудің есептік мерзімі әрбір жер қойнауын пайдалану келісімшартының кезеңі аяқталған күн болып табылады. Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын экономикалық тұрғыдан негізделген пайдалануды аяқтау өткенде өтелуі тиіс болса, онда көрсетілген міндеттеме ұңғымаларды жою бойынша барлық шығыстар мен жабу бойынша түпкілікті шығындарды енгізу салдарынан елеулі өскен болар еді. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Мұнай-газ активтерінің шығуы бойынша міндеттемелер (жалғасы)

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу кезеңі соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу жөніндегі мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені білдірмеген жағдайларда міндеттемелер мойындалмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* 1 КРМФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді демонтаждау технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін.

Активтерді түпкілікті жабуға және есептен шығаруға арналған шығындарға жатқызылатын айқындықтың болмауы күтілетін ақша ағындарын дисконттаудың әсер етуі есебінен кемітіледі. Топ ағымдағы жылдық бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымалардың болашақтағы жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік баланс бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2017 жылғы 31 желтоқсанда 2,01%-дан 5,57%-ға дейін және тиісінше 5,17%-дан 10,00%-ға дейінгі аралықта болды (2016 жылғы 31 желтоқсан: 2,04%-дан 6,7%-ға дейін және 5,5%-дан 10,15%-ға дейін). Активтерді істен шығару бойынша міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 23-ескертпеде ашылған.

### Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге резервтер

Табиғатты қорғау заңнамасына және жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына сәйкес Топтың өз операциялық қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды жою және кен орындары мен қалдықтарды орналастыру полигондарын жою, құрал-жабдықтарды демонтаждау және жұмыстар аяқталғаннан кейін жер құнарлығын қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемесі бар. Резервтер бұрынғы операциялық қызметтің салдарынан міндеттемелердің пайда болуына қарай жою және қалпына келтіру бойынша шығындардың дисконтталған құнының негізінде қалыптасады.

Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резервтері Топтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын және келісімшарттық аумақтарда жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша байланысты бағдарламалардың және жер құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарын қалпына келтірудің әрі жасаудың ағымдағы нормалары мен әдістеріне сәйкес техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен тиянақталған басқа да операциялық қызметті түсіндірудің негізінде айқындалады.

Есепті күнге жою бойынша ағымдағы міндеттемелердің есебі Топ ұсынған деректердің негізінде орындалды. Заңнамамен көзделген және есепке қосылған жұмыстардың көлеміне объектілер мен инфрақұрылымды демонтаждау (тартып шығару, айдау және қадағалау ұңғымаларын, қышқылданудың технологиялық тораптары және ерітінділерді, құбырларды, келу жолдарын, технологиялық алаңдарды, полигондарды, ғимараттарды және басқа да объектілерді бөлу) және жерлерді кейіннен қалпына келтіру жатады.

Залалды жою жөніндегі шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптары мен заңнаманың интерпретацияларында ықтимал өзгерістерге ұшырағыш. Кен орындарын жою бойынша міндеттемелер олардың пайда болу ықтималдылығы кезінде және олардың сомасын мүмкіндігінше негізделген бағалау кезінде танылады.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге резервтер (жалғасы)

Мұндай бағалауды жүргізу кезіндегі елеулі пайымдауға дисконт мөлшерлемесі және ақша қаражатының қозғалыс мерзімдерін бағалау кіреді. Дисконт мөлшерлемесі басшылық кен орындарын келешекте жоюға және қалпына келтіруге шегуге болжайтын жұмыстардың номиналды құнына қолданылады. Тиісінше, басшылық ағымдағы бағалар бойынша жасаған есепті бағалаулар 5,4% (2016 жыл: 5,13%) инфляцияның болжамды ұзақ мерзімді деңгейін пайдалана отырып ұлғайтылған және кейіннен дисконт мөлшерлемесінің негізінде дисконтталған. Дисконт мөлшерлемесі ақша қаражатының уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауын, сондай-ақ шығындардың ең үздік бағалауларында ескерілмеген міндеттемелер бойынша тәуекелдерді көрсетеді. Дисконт мөлшерлемесі өтеу мерзімдері жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының мерзімдерімен сай келетін мемлекеттік облигациялардың кірістілігі ретінде айқындалған тәуекелсіз мөлшерлемеге негізделеді. Топ компаниялары 2017 жылғы 31 желтоқсанға резервті есептеу үшін қолданған дисконт мөлшерлемесі 9,06% (2016 жыл: 7,08%) болды. Басшылық шешуші жорамалдардағы ықтимал өзгерістер кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің резервтеріне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп есептейді.

#### *Магистральды мұнай құбырлары мен газ құбырлары*

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистральды құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Топтың еншілес ұйымдары «ҚазТрансОйл» АҚ мен «Интергаз Орталық Азия» АҚ пайдалануды аяқтағаннан кейін магистральды құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген демонтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 65.140 миллион теңге құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 59.540 миллион теңге) (23-ескертіпте).

### Экологиялық оңалту

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпарат және қалпына келтіру жөніндегі күтілетін жоспарлар негізінде анықталады және егер рәсімдер мерзімі тиісті органдармен келісілмесе, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Қоршаған ортаны қалпына келтіру міндеттемелеріндегі ықтимал өзгерістер 39-ескертіпте көрсетілген. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 23-ескертіпте ашылып көрсетілген.

### Әлеуметтік объектілерді салу резервтері

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер контруктивті болып табылады және Үкіметтің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап отыр. Үкімет Топтың түпкі акционері болып табылғандықтан, мұндай міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстар «Акционердің пайдасына басқа да бөлу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Негізгі құралдар объектілерінің пайдалы қызмет мерзімі

Топ әрбір есепті күнгі негізгі құралдардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін қайта қарайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер *«Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер»* 8 БЕХ-ке сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

### Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде мойындалуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі. Кейінге қалдырылған салық жөніндегі мойындалған активтер сомасы 2017 жылғы 31 желтоқсанда 135.735 миллион теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 145.150 миллион теңге). Барынша толық ақпарат *35-ескертепде* қамтылған.

### Салық салу

Күрделі салық заңнамасын интерпретациялауға, салық заңнамасындағы өзгерістерге, сондай-ақ болашақтағы салық салынатын пайда алу сомалары мен мерзімдеріне қатысты белгісіздік бар. Топ халықаралық операцияларының елеулі әр алуандығын, сондай-ақ ұзақ мерзімді сипатын және қолда бар шарттық қатынастардың күрделілігін ескере отырып, іс жүзіндегі нәтижелер мен қабылданған жол берілімдердің арасындағы айырма, немесе осындай жол берілімдердің болашақтағы өзгерістері табыс салығы бойынша шығыстардың немесе кірістердің көрсетілген есептілігіне болашақта түзетулерге әкелуі мүмкін. Негізді жол берілімдерді негізге ала отырып, Топ өз қызметін жүзеге асыратын елдің салық органдары жүргізетін салық аудитінің ықтимал салдарларына резервтер жасайды.

Осындай резервтердің шамасы әр түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне және салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының салық заңнамасының әртүрлі интерпретацияларына байланысты. Интерпретациядағы осындай айырмашылықтар Топтың тиісті компаниясы тіркелген елде басым болатын жағдайларға байланысты мәселелердің көп саны бойынша туындауы мүмкін.

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде Топ басшылығы, егер қосымша салықтарды салық органдары есептейтін болса, ол сәтті шағымдана алады деп Топ дауласпайтын немесе санамайтын салық заңнамасын сақтамаудың белгілі салаларының ықтимал міндеттемелері ретінде қарайды. Мұндай анықтау елеулі пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, Топтың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында салық салу талабына түзетулер, өзі шешімін күтіп отырған салық талқылаулары бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтижені анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. *23-ескертепде* ашылып көрсетілген салықтар бойынша резерв, негізінен, Топтың трансферттік баға белгілеу туралы қазақстандық заңнаманы қолдануына қатысты. Салық салуға қатысты қалған белгісіздіктер *39-ескертепде* ашылып көрсетілген.

### Қаржы құралдарының әділ құны

Шоғырландырылған бухгалтерлік баланста танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін. Барынша толық ақпарат *38-ескертепде* ашылып көрсетілген.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Қызметкерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттеме

Топ зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі белгіленген төлемдер бойынша міндеттемелердің ағымдағы құнын және осыған байланысты көрсетілетін ағымдағы қызметтердің құнын анықтау үшін бағалаудың актуарлық әдісін пайдаланады (*24-ескертпе*). Бұл сыйақы төленуі тиіс жұмыс істеп жатқан және жұмыстан кеткен қызметкерлердің болашақтағы мінездемелеріне қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыста немесе одан кейін қайтыс болуы, персонал санының өзгеруі бойынша статистика және басқалар), сондай-ақ қаржылық жорамалдарды (дисконттау мөлшерлемесі, болашақтағы жылдық материалдық көмек, болашақтағы жылдық ең төменгі жалақы, темір жол билетінің болашақтағы орташа құны) пайдалануды талап етеді. Пайдаланылған жол берулер туралы толық ақпарат *24-ескертпеде* ашып көрсетілген.

### Күмәнді дебиторлық берешек және өзге де активтер бойынша резервтер

Топ күмәнді дебиторлық берешек пен өзге де активтер бойынша резервтер қалыптастырады. Күмәнді берешекті анықтау кезінде елеулі пайымдаулар пайдаланылады. Күмәнді берешектерді анықтау кезінде сатып алушылардың тарихи әрі күтілетін мінез-құлқы қарастырылады. Экономикадағы, индустриядағы өзгерістер немесе сатып алушының жеке шарттары осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте күмәнді берешек бойынша резервті түзетуді талап етуі мүмкін. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күмәнді берешек бойынша резервтер 163.781 миллион теңге мөлшерінде көрсетілген (2016 жылғы 31 желтоқсан: 118.198 миллион теңге) (*14 және 16-ескертпелер*).

### Своп мәмілелері

НАК КАП уран өнімінің бір бөлігін своп (swap) талаптарында өткізеді. НАК КАП талаптарды келісіп, бір қарсыагентпен екі бөлек шартты бір мезгілде жасайды, біреуі – жеткізуге, екіншісі – уранның бір көлемін екі түрлі жеткізу орнында бірдей баға бойынша сатып алуға. Нәтижесінде өзінің (өндірілген немесе Топ кәсіпорындарынан сатып алынған) ураны және сатып алынған уран ауыстырылады. Әдетте, своп операциялары кезінде Топ уранды бір жеткізу орнына нақты жеткізеді және түпкі сатып алушыларға одан кейін сату үшін уранның дәл сондай көлемін бөгде конвертордан сатып алады. Бұл ретте, НАК КАП тауарды түпкі сатып алушыларға жеткізу бойынша көлік шығыстарында үнемдейді.

2017 жылға дейін НАК КАП сатудан түскен кірістерді және жиынтық негізде своп операциялары бойынша өнімнің өзіндік құнын ескерді (яғни бір жеткізу орнына сатуды бөлек және конвертордан үшінші тараптарға кейіннен сатуды, сондай-ақ бұл айналымдарды азайтпастан, өз уранын сатудың өзіндік құны және сатып алынған уранның өзіндік құны). Басшылық жиынтық негізде есепке алу жеткізудің коммерциялық мәнін көрсетеді деп есептеді, солардың әрқайсысы Топтың байланысты емес тұтынушылардың алдында ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерді орындауы бойынша оқшауланған операцияны білдірді және своп талаптарында екінші мәмілені жүзеге асырмастан жүзеге асырылар еді. Сонымен бірге, басшылық келесі факторларды назарға алды: шарттар бір бірімен заң тұрғысынан байланысты емес, әрбір шарттың орындалуы басқа шарт бойынша орындалуға байланысты емес, төлем өзара есеп айырысусыз әрбір шарт бойынша ақша қаражатымен жасалады.

2017 жылы Топ своп операцияларын түсіндіруге және есепке алуға деген өз тәсілін қайта қарады. Своп мәмілелері бойынша шарттардың бір бірімен формальды түрде байланысты еместігіне қарамастан, басшылық бұл мәмілелер байланысты болып табылады және нарықтағы сұраныс пен ұсынысты түсіну амалдарына сүйене отырып, оқшауланып жүзеге асырылар еді деген тұжырымға келді. Басшылықтың пікірінше, біртекті тауарды (уранды) бірдей көлемде бірдей бағамен жеткізу іс жүзінде тауарды ауыстыру болып табылады, әрі ол бұл транзакцияның экономикалық мәнін көрсете отырып, қаржылық есептілікте ашық негізде көрсетілуі тиіс. Своп операциялардың талаптарын және көрсетілуіне тәсілді түсіну басшылықтың пайымдауын қажет етеді. Басшылық своп операциялардың нетто негізде көрсетілуі нарықтың ағымдағы жағдайларында операциялардың экономикалық мән-жайын барынша орынды етіп көрсетеді деп есептеді. Тиісінше, басшылық 2017 жылы своп мәмілелері бойынша кірістер мен шығыстарды қысқарту, сондай-ақ 2016 жылғы салыстырмалы ақпаратта деректерді салыстыру мақсатында қысқарту шешімін қабылдады (*2-ескертпе*).

2015 жыл үшін өнімді өткізуден түскен кірістерді түзету және өткізілген өнімнің өзіндік құнының сомасы 13.806 миллион теңге болды. 2016 жылы 24.586 миллион теңге сомаға өнімді өткізуден түскен кірістер мен өткізілген өнімнің өзіндік құнын түзету «Уран өнімін сату» және тиісінше «Материалдар мен қорлар» бабына әсер етті (*26 және 28-ескертпелер*).

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

### Своп мәмілелері (жалғасы)

2017 жылы Топ своп операцияларынан түсімнің 52.241 миллион теңге сомаға азаюын, 47.596 миллион теңге сомаға өткізудің өзіндік құнының азаюын және 4.645 миллион теңге қорлар балансының азаюын көрсетті. Қорларды түзету сатып алынған уранның бір бөлігі 2017 жылғы 31 желтоқсанға үшінші тараптарға сатылмағанына байланысты болды және тиісінше бұл қорлардың құны уранның тоннасы үшін құнына дейін жеткізілді.

Сонымен бірге, 2017 жылы Топ 4.935 миллион теңге сомаға байытылған уранды жеткізуден түскен түсімді және өзіндік құнын қысқартты. Басшылық бұл мәміледе Топ принципал емес, агент болып табылды және тиісінше, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте 27 миллион теңге мөлшерінде агенттік сыйақыны ғана мойындады деп есептейді.

#### *«ҚазИнвестБанк» АҚ-тағы ақша қаржаты мен банк салымдары*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы қаулысына сәйкес «ҚазИнвестбанк» АҚ-ын бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру туралы шешім қабылданды. Ұлттық банк уақытшы әкімшілікті тағайындады. Топ басшылығы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігінің 2009 жылғы 5 тамыздағы № 176 Ережесіне сәйкес «ҚазИнвестбанк» АҚ-да орналастырылған Топ қаражатының қайтарылуын бағалауға арналған бірқатар есептеулерді жасады.

2018 жылғы 24 қаңтарда соттың «ҚазИнвестБанк» АҚ мәжбүрлі тарату туралы шешімі күшіне енді. «ҚазИнвестБанк» АҚ-ның қалған талаптарының өтелуі «ҚазИнвестБанк» АҚ-нан қабылданған үшінші тұлғалардың, қарыз алушылардың міндеттемелері бойынша кепіл ретінде тарату комиссиясының әрекеттерінен байланысты болады.

Бағалау нәтижесінде Топ «ҚазИнвестбанк» АҚ-дағы қалдықтардың құнсыздануына 2017 жылы 2.619 миллион теңге (2016 жылы: 12.429 миллион теңге) мөлшерінде резервті есептеді, әрі ол бұл активтердің өтелімділігінің ең үздік бағалауды көрсетеді (31-ескертеме).

#### *«Delta Bank» АҚ-тағы ақша қаржаты мен банк салымдары*

2017 жылғы ақпанда Standard&Poors рейтинг агенттігі «Delta Bank» АҚ-ның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін «СС/С» бастап «D/D» дейін («дефолт») және артықшылықты қамтамасыз етілмеген облигациялар шығарылымының рейтингтерін «СС» бастап «D» дейін төмендетті. 2017 жылғы 2 қарашада Ұлттық Банк «Delta Bank» АҚ-ның лицензиясын шақыртып алу туралы шешімді қабылдады. 2018 жылғы 13 қарашада сот «Delta Bank» АҚ-ын мәжбүрлі тарату туралы шешімді қабылдады.

Жүргізілген бағалаудың нәтижесінде Топ «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған ақша қаражаты мен банк салымдарын кредиттік мекемелердегі қаражаттан басқа да ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтерге қайта жіктеді және 28.859 миллион теңге (2016 жылы: 15.298 миллион теңге) мөлшерінде 2017 жылы «Delta Bank» АҚ-дағы қалдықтардың құнсыздануына резервті есептеді (31-ескертеме).

### Тоқтатылған қызмет

2015 жылғы қыркүйекте Топ жаңа жекешелендіру жоспарын әзірледі, әрі оны Үкімет 2015 жылғы желтоқсанда бекітті. Жаңа жекешелендіру жоспарында KMG International N.V.-дағы («KMG I») қатысу үлесінің 51% қоса, белгілі бір активтерді сату көзделген. 2016 жылғы 15 желтоқсанда жекешелендіру жоспарына сәйкес Топ KMG I-дағы қатысу үлесінің 51%-ын сатып алу-сату шартына («ССШ») қолын қойды. 2017 жылы ССШ-та көрсетілген барлық кейінгі талаптар орындалды. 2017 жылғы 15 желтоқсанда сатып алушымен жасалған мәміленің бұрын келісілген талаптарын сақтап қалу мақсатында Топ ССШ-қа қосымша келісімге және мәміленің 2018 жылдың маусымында аяқталуымен KMG I акцияларын берудің шартты актісіне қолын қойды. Топ KMG I-дағы қатысу үлесінің 51% әділ құнын 680 миллион АҚШ доллары (баламасы 225.984 миллион теңге) сомасында айқындады.

Топ KMG I келесі критерийлер бойынша тоқтатылған қызмет ретінде жіктеу критерийлеріне сәйкес келеді деп есептейді:

- ▶ KMG I сатуға дайын және ағымдағы жай-күйде сатылуы мүмкін;
- ▶ сату бойынша процедуралар басталды және жыл ішінде аяқталады деп күтілуде.

Қосымша ашып көрсетулер *6-ескертеме*де келтірілген.

## 5. САТЫП АЛУ

«Біріккен химиялық компания» ЖШС

2016 жылғы 31 желтоқсанға Топ және «Фирма АЛМЭКС» ЖШС «КРІ» ЖШС-тегі қатысу үлесінің 51% және 49% иелік етті. КРІ-дың үстінен бақылауды алғанға дейін 2017 жылғы ақпанда Топ КРІ-ды үлестік қатысу әдісі бойынша бірлескен кәсіпорынға инвестиция ретінде ескерді.

2017 жылғы 10 ақпанда Топ КРІ жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49% сенімгерлік басқаруға алды. Осы сенімгерлік басқару шарты шарт жасалған күннен бастап және Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешені пайдалануға берілгеннен кейін алты ай өткенге дейін қолданылады, оны салу жобасын Топ іске асырады. Нәтижесінде Топ сыйақыны берместен және қатысу үлесіндегі өзгерістерсіз толық бақылау алды.

Сатып алу күніне тәуелсіз бағалаушының бағасына айқындалған КРІ сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құны былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	Сатып алу кезінде танылған әділ құн
Негізгі құралдар	38.926
Материалдық емес активтер	43.078
оның ішінде келісімшарттың құны	43.034
Өтелуге жататын ҚҚС	3.836
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	8.500
Қорлар	11
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	691
Сауда дебиторлық берешек	5.427
Өзге де қысқа мерзімді активтер	262
Кредиттік мекемелердегі қаражат	16.667
Ақша қаражаты мен оның баламалары	243
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	239
<b>Активтер жиыны</b>	<b>117.880</b>
Қарыздар	(1.178)
Басқа да міндеттемелер	(537)
Төленуге жататын табыс салығы	(63)
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>(1.778)</b>
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын таза активтер</b>	<b>116.102</b>
Минусы: Бақыламайтын қатысу үлесі (49%)	(56.890)
<b>Таза активтердегі үлестің әділ құны (қатысу үлесінің 51%)</b>	<b>59.212</b>
Минусы: Әділ құнға дейін қайта бағалаудан түскен кіріс	(26.449)
Минусы: Бақылауға ие болғанға дейін КРІ инвестициялардың баланстық құны	(32.763)
Сатып алудан түскен таза ақша қаражаты:	
Еншілес ұйыммен сатып алынған таза ақша қаражаты	243
Ақша қаражатының төленген сомасы	–
<b>Сатып алу кезіндегі таза ақша ағындары</b>	<b>243</b>

Сатып алынған күннен бастап КРІ компаниясының Топтың қаржылық нәтижелеріне таза зияны күйіндегі әсері 2.365 миллион теңге болды. Егер бірігу жыл басында болса, КРІ компаниясының таза зиян күйіндегі әсері 2.896 миллион теңге болар еді.

Топ шоғырландырылған бухгалтерлік баланста КРІ-ге 43.034 миллион теңге сомаға бақылауға ие болуының нәтижесінде алынған материалдық емес активті мойындады, әрі ол КРІ үшін экономикалық тиімді талаптарда пропанды сатып алуға арналған келісім-шарттың құнын білдіреді.



## 6. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛЕТІН АКТИВТЕР

### Тоқтатылған қызмет

#### *KMG International N.V.*

Топ 2015 жылғы желтоқсанда Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде KMG International N.V. (бұдан әрі – «KMG») үлесінің 51%-ын сату туралы шешім қабылдады. 2016 жылғы 15 желтоқсанда Топ KMG I-дағы қатысу үлесінің 51%-ын сатып алу-сату шартына қолын қойды. Есептен шығаруды 2018 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Бұл компания Топ үшін операциялар жүргізудің жеке географиялық ауданы болып табылады және тоқтатылған қызмет ретінде жіктеледі.

2016 және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы KMG қызметінің нәтижелері төменде берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2017 жыл</b>	<b>2016 жыл</b>
Түсім	<b>2.334.927</b>	1.695.688
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	<b>(1.379.192)</b>	(1.170.416)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>955.735</b>	525.272
Жалпы және әкімшілік шығыстар	<b>(36.921)</b>	(43.434)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	<b>(51.824)</b>	(53.706)
Сату шығыстарын шегере отырып әділ құнын қайта бағалау бойынша түзету	<b>(62.020)</b>	(50.237)
Басқа да операциялық шығыстар	<b>(3.503)</b>	(2.205)
<b>Операциялық қызметтен болған пайда</b>	<b>801.467</b>	375.690
Теріс бағамдық айырма, нетто	<b>(128)</b>	(2.272)
Қаржылық кіріс	<b>839</b>	452
Қаржылық шығындар	<b>(11.458)</b>	(10.437)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске, нетто	<b>385</b>	1.176
<b>Тоқтатылған қызметтен түскен салық салғанға дейінгі есепті жыл ішіндегі пайда</b>	<b>791.105</b>	364.609
Табыс салығы бойынша үнемділік	<b>1.745</b>	3.590
<b>Тоқтатылған қызметтен түскен есепті жыл ішінде салық салғаннан кейінгі таза пайда</b>	<b>792.850</b>	368.199

ХҚЕС-қа сәйкес, Топ тоқтатылған қызмет ретінде жіктелген компанияларға сатудан туындайтын, жалғастырылатын қызметтен түскен пайданың құрамында көрсетілген, компаниялар Тобы шоғырландыратын кірісті элиминациялауы тиіс. Тиісінше, Топтың пайдалары мен шығындары, егер олар Топтың шикі мұнайды KMG пайдасына сатуының елеулі көлемдері себебі бойынша жекелеген компаниялардың нәтижелері ретінде көрсетілген болса, жалғастырылатын және тоқтатылған қызметтен болған нәтижелерді көрсетпейді. 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы топшілік элиминацияларды есепке алғанға дейінгі KMG таза пайдасы 9.931 миллион теңге болды (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы таза зиян 13.513 миллион теңге болды).

## 6. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛЕТІН АКТИВТЕР (жалғасы)

Тоқтатылған қызмет (жалғасы)

*KMG International N.V. (жалғасы)*

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанына сатуға арналған ретінде жіктелген KMG активтері мен міндеттемелерінің негізгі кластары мынадай түрде берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
<b>Активтер</b>		
Негізгі құралдар	559.865	585.546
Материалдық емес активтер	69.774	73.933
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	13.278	12.644
Кейінге қалдырылған салық бойынша актив	33.545	34.545
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	3.374	2.949
Қорлар	141.472	115.235
Сауда дебиторлық берешек	161.543	128.944
Басқа да ағымдағы активтер	30.103	36.149
Ақша қаражаты мен оның баламалары	73.831	25.004
<b>Сатуға арналған деп жіктелген активтер</b>	<b>1.086.785</b>	<b>1.014.949</b>
<b>Міндеттемелер</b>		
Қарыздар	137.809	201.869
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	68.725	72.935
Резервтер	48.687	46.903
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	4.606	3.944
Сауда кредиторлық берешек	188.731	142.278
Басқа салықтар	24.406	19.114
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	58.039	63.183
<b>Сатуға арналған ретінде жіктелген активтермен тікелей байланысты міндеттемелер</b>	<b>531.003</b>	<b>550.226</b>
<b>Шығу тобымен тікелей байланысты таза активтер</b>	<b>555.782</b>	<b>464.723</b>

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны 346.416 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 372.055 миллион теңге) болатын негізгі құралдардың кейбір объектілері, 58.116 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 87.648 миллион теңге) мөлшеріндегі сауда дебиторлық берешек және 111.844 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 72.641 миллион теңге) мөлшеріндегі тауар-материалдық қорлар тоқтатылған қызметке жататын қарыздарды кепілмен қамсыздандыру ретінде болды.

2016 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша KMG таза ақша ағындары мынадай түрде берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Операциялық	1.485.325	559.895
Инвестициялық	(33.401)	(34.274)
Қаржылық	(63.997)	(24.095)
<b>Ақша қаражатының таза ағындары</b>	<b>1.387.927</b>	<b>501.526</b>

2017 жылғы топшілік элиминацияларды есепке алуға дейінгі KMG ақша қаражатының таза ағындары 47.980 миллион теңге болды (2016 жылы: таза кетулер 9.085 миллион теңге болды).

## 6. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛЕТІН АКТИВТЕР (жалғасы)

Есептен шығару

«Евро-Азия Эйр» АҚ

2018 жылғы 8 қарашада Топ «ЕвроАзияЭйр» АҚ акцияларының 100% сатуды аяқтады, әрі ол тоқтатылған қызмет ретінде жіктелмеді.

Активтердің есептен шығарылуынан болған пайда бұдан әрі көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Шығу күніне</b>
Алынған өтемақы	11.850
Шыққан таза активтер	(11.839)
Шығудан түскен пайда	11

Алынған өтемақы былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Шығу күніне</b>
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11.850
Шыққан еншілес ұйымның ақша қаражаты	(3.340)
Алынған өтемақының жиыны	8.510

### Электрэнергетикалық активтер

2017 жылдың төртінші тоқсанында Топ бұрын тоқтатылған қызмет ретінде жіктелмеген «Шығыс Қазақстан электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ, «ШығысЭнергоТрейд» ЖШС, «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ, «Ақтөбе ТЭЦ» АҚ өзінің бақылаушы үлесін сатты.

Активтердің есептен шығарылуынан болған пайда бұдан әрі көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Шығу күніне</b>
Алынған өтемақы	28.052
Шыққан таза активтер	(36.409)
Шыққан бақыланбайтын қатысу үлесі	3.133
Шығудан болған зиян	(5.224)

Алынған өтемақы былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Шығу күніне</b>
Ақша қаражаты мен оның баламалары	14.739
Мерзімі ұзартылған өтемақы	13.313
Шыққан еншілес ұйымның ақша қаражаты	(1.158)
Алынған өтемақының жиыны	26.894

## 6. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛЕТІН АКТИВТЕР (жалғасы)

### Жиынтық ақпарат

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер мынадай түрде берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Сегмент</b>	<b>31 желтоқсан 2017 жыл</b>	<b>31 желтоқсан 2016 жыл</b>
KMGІ	Мұнай-газ	1.086.785	1.014.949
«Транстелеком» АҚ	Тасымалдау	89.436	89.286
«Тұлпар-Тальго» ЖШС	Тасымалдау	28.514	15.451
«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ	Мұнай-газ	16.803	18.014
«Евро-Азия Эйр» әуе компаниясы» АҚ	Мұнай-газ	–	20.715
«Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ	Энергетика	–	31.831
«Шығыс Қазақстан өңірлік энергетика компаниясы» АҚ	Энергетика	–	16.490
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	Энергетика	–	10.786
Басқасы		65.121	66.392
		<b>1.286.659</b>	<b>1.283.914</b>

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтерге байланысты міндеттемелер мынадай түрде берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Сегмент</b>	<b>31 желтоқсан 2017 жыл</b>	<b>31 желтоқсан 2016 жыл</b>
KMGІ	Мұнай-газ	531.003	550.226
«Транстелеком» АҚ	Тасымалдау	62.323	75.800
«Тұлпар-Тальго» ЖШС	Тасымалдау	24.069	19.306
«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ	Мұнай-газ	1.925	1.964
«Евро-Азия Эйр» әуе компаниясы» АҚ	Мұнай-газ	–	8.930
«Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ	Энергетика	–	19.267
«Шығыс Қазақстан өңірлік энергетика компаниясы» АҚ	Энергетика	–	5.702
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	Энергетика	–	2.213
Басқасы		332	9.288
		<b>619.652</b>	<b>692.696</b>

## 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

<i>Миллион теңгемен</i>	Мұнай-газ активтері	Құбы-р жолдар және МӨЗ активтері	Үйлер мен ғимарат-тар	Теміржол жолдары және ин-фрақұрылым	Машиналар, жабдық және көлік құрал-дары	Тау-кен активтері	Басқасы	Аяқтал-маған құрылыс	Жыны
2016 жылғы 1 қаңтарға қалдық құны	4.437.273	853.816	685.159	904.076	2.459.653	40.848	61.325	885.570	10.327.720
Есептілік валютасын қайта есептеу	(67.897)	-	(1.263)	125	(1.033)	-	(104)	106	(70.066)
Есепті бағалаудағы өзгерістер	(49.620)	(6.078)	713	-	-	(808)	(888)	-	(56.681)
Түсімдер	266.864	4.155	8.684	70	109.346	14.168	7.259	842.534	1.253.080
Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу	-	-	5	-	3	-	13	25.869	25.890
Шығару	(5.647)	(3.112)	(8.580)	(815)	(30.016)	-	(3.894)	(12.201)	(64.265)
Тозу бойынша шығыстар	(75.334)	(49.529)	(51.692)	(23.771)	(199.476)	(10.705)	(10.428)	-	(420.935)
Тозу және шығулар бойынша құнсыздану	5.588	2.583	2.819	445	26.137	-	3.434	3.260	44.266
Түасту жасауды шегергендегі құнсыздануға арналған резерв, нетто	1.113	(1.207)	(1.678)	(31)	(4.629)	(1.391)	(671)	(13.751)	(22.245)
Резервті пайдалану	-	-	-	-	-	-	-	(29.701)	(29.701)
Тоқтатылған қызмет/сатуға арналған активтерге аударымдар	(105)	(17)	(6.716)	(9)	(90.427)	-	(2.066)	(20.642)	(119.982)
Материалдық емес активтерден/(ге) аударымдар	(700.349)	-	-	-	(624)	-	-	(4.988)	(705.961)
Барлау активтерінен/(не) / инвестициялық жылжымайтын мүлкінен/(ке) аударымдар	(4.370)	-	(3.626)	-	-	3.866	-	-	(4.130)
Қорлардан/(ға) аударымдар, нетто	(707)	645	93	(966)	889	858	222	2.065	3.099
Өте де аударымдар және қайта топтасулар	4.890	157.662	140.531	80.785	241.169	-	12.865	(637.902)	-
2016 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	3.811.699	958.918	764.449	959.909	2.510.992	46.836	67.067	1.040.219	10.160.089

## 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Миллион теңгемен	Құбыр жолдар және МӨЗ активтері		Үйлер мен ғимараттар		Теміржол жолдары және инфрақұрылым		Машиналар, жабдық және көлік құралдары		Аяқталмаған құрылыс	Жыны
	Мұнай-газ активтері	және МӨЗ активтері	Үйлер мен ғимараттар	тар	және инфрақұрылым	Дары	Тау-кен активтері	Басқасы		
2017 жылғы 1 қаңтарға қалдық құны	3.811.699	958.918	764.449		959.909	2.510.992	46.836	67.067	1.040.219	10.160.089
Есептілік валютасын қайта есептеу	(11.430)	-	(386)		50	372	-	142	(412)	(11.664)
Есепті бағалаудағы өзгерістер	13.459	(200)	(350)		-	34	4.826	1	-	17.770
Түсімдер	49.504	17.177	10.769		2.316	76.472	17.376	6.160	965.119	1.144.893
Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу	-	-	2.539		-	-	-	28	36.213	38.780
Тоқтатылған қызметтен жыл ішіндегі пайда	360.854	-	-	-
Басқа да живынтық (зиян) / кіріс	(35.240)	(658)	-	4.003
<b>Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы живынтық кірістің жиыны</b>	<b>324.931</b>	<b>55.174</b>	<b>37.225</b>	<b>5.802</b>
<b>Мыналарға келетін:</b>				
Бас компанияның акционеріне	248.057	28.139	33.502	2.959
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	76.874	27.035	3.723	2.843
<b>Бақыланбайтын қатысу үлесінің пайдасына төленген дивидендтер</b>	<b>(5.975)</b>	<b>(1.740)</b>	<b>(648)</b>	<b>(2.539)</b>
<b>Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат</b>				
Операциялық қызмет	1.276.181	60.198	66.300	22.397
Инвестициялық қызмет	(863.611)	(42.010)	(38.631)	(12.571)
Қаржылық қызмет	(312.020)	(13.534)	(4.611)	(18.342)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азаяу) / ұлғаюы</b>	<b>100.550</b>	<b>4.654</b>	<b>23.058</b>	<b>(8.516)</b>

## 18. КАПИТАЛ (жалғасы)

### 18.9 Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв

Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қайта есептеуден пайда болатын бағам айырмаларын есепке алу үшін пайдаланылады, оның функционалдық валютасы теңге болып табылмайды және оның қаржылық есептілігі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің осы нысандарына енгізілген. 2017 жылы есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв 19.874 миллион теңгені құрады.

Топтың АҚШ долларымен берілген кейбір қарыздары шетелдік операцияларды жүзеге асыратын еншілес ұйымдарға таза инвестицияларды хеджирлеу құралы ретінде анықталды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 42.377 миллион теңге сомасында осы қарыздарды қайта есептеуден бағам айырмасы бойынша іске асырылмаған шығыстар өзге жиынтық кірісте есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резервке ауыстырылды.

### 18.10 Хеджирлеу бойынша резерв

Хеджирлеу бойынша резерв шетелдік валютада берілген хеджирлеу кірістерінің құралдарына қатысты әділ құн бойынша кез келген пайдалар немесе шығындарды есепке алу үшін ақша қаражаты ағындарын хеджирлеу есебінің ықпал етуін қамтиды. Осы пайдалар мен шығындардың салдарынан тікелей операцияларды жүргізу кезіндегі пайдалар мен шығындарда мойындалады.

2015 жылы ҚТЖ ҰК транзиттік тасымалдардан швейцар франкілерінен түскен түсімдерді өзгерту тәуекелін азайту мақсатында 2019 және 2022 жылдары өтеу мерзімімен швейцар франкілерінде берілген еврооблигациялар бойынша ақша ағынын хеджирлеуді бастады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі компанияның Акционеріне келетін хеджирлеуден болған залал 3.479 миллион теңгені құрады.

2015 жылы Эйр Астана АҚШ долларымен берілген сатудан түсімдерді өзгерту тәуекелін азайту үшін АҚШ долларымен берілген қаржылық жалдау бойынша ақша ағындарын хеджирлеуді бастады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша хеджирлеуден болған пайда 271 миллион теңге мөлшеріндегі салықты шегергенге дейін 3.739 миллион теңгені құрады. Қатысудың бақыланбайтын үлесіне келетін хеджирлеуден болған пайда 1.832 миллион теңгені құрады.

Функционалдық валюта АҚШ долларына өтуіне орай бұл хеджирлеу 2017 жылғы 31 желтоқсаннан бастап экономикалық тиімді болуын қойды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 29.687 миллион теңге сомасында қаржылық лизинг бойынша міндеттемелерді қайта бағалаудан хеджирлеудің тиімді бөлігін білдіретін 5.937 миллион теңге мөлшерінде мерзімі өткен салықты шегергенге дейінгі шығын хеджирлеу бойынша резерв құрамында көрсетілді.

### 18.11 Өзге де күрделі резервтер

Өзге де күрделі резервтер, негізінен, олар жұмыс істейтін еншілес ұйымдардың борыштық құралдарымен жұмыскерлерге төленетін көрсетілген қызметтері үшін сыйақылар сомасын қамтиды. Төлемдер бойынша шығыстар үлестік құралдар негізінде қызмет нәтижелеріне қол жеткізу талаптары және/немесе белгілі бір мерзімде қызмет атқарған талаптары орындалатын және жұмыскерлер сыйақыға толық құқық алған күні аяқталатын кезең ішінде өзге де күрделі резервтерде тиісті ұлғаюымен қатар мойындалады.

## 18. КАПИТАЛ (жалғасы)

### 18.12 Акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс.

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2017 жыл</b>	<b>2016 жыл</b>
Активтер жиыны	<b>24.165.903</b>	22.460.860
Минусы: материалдық емес активтер	(923.811)	(922.465)
Минусы: міндеттемелер жиыны	<b>(12.502.738)</b>	(11.469.186)
<b>Жай акциялар үшін таза активтер</b>	<b>10.739.354</b>	10.069.209
31 желтоқсандағы жай акциялардың саны	<b>3.481.938.318</b>	3.481.670.758
Жай акцияның баланстық құны, теңге	<b>3.084</b>	2.892
<b>Акцияға пайда</b>		
Базалық және акцияға бөлінген пайданы есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны	<b>3.481.898.392</b>	3.481.669.063
Кезеңге таза пайданың негізгі және көбейтілген үлесі	<b>211,37</b>	165,21
Жалғасатын қызметтен таза пайданың /(зиянның) негізгі және көбейтілген үлесі	<b>(16,33)</b>	59,45

## 19. ҚАРЫЗДАР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар, оның ішінде төленетін сыйақы мыналарды қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2017 жыл</b>	<b>2016 жыл</b>
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	<b>4.909.976</b>	3.776.764
Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	<b>2.006.483</b>	1.973.964
	<b>6.916.459</b>	5.750.728
<b>12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде</b>	<b>(1.516.573)</b>	(820.570)
12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар	<b>5.399.886</b>	4.930.158
<b>Миллион теңгемен</b>	<b>2017 жыл</b>	<b>2016 жыл</b>
АҚШ долларында берілген қарыздар	<b>5.507.211</b>	4.587.544
Теңгемен көрсетілген қарыздар	<b>1.112.828</b>	935.849
Басқа валюталарда берілген қарыздар	<b>296.420</b>	227.335
	<b>6.916.459</b>	5.750.728

Кейбір қарыз шарттарының талаптары бойынша Топтың тиісті еншілес ұйымдары белгілі бір ковенанттарды сақтауға міндетті. Топ әрбір есепті күнге Топтың барлық қарыз шарттары бойынша ковенанттардың сақталуын тексереді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша солар бойынша ковенанттар талаптары орындалмаған және солар бойынша есепті күнге ковенанттарды қолданбау туралы келісім-хаты алынған қарыздардың баланстық құны 227.388 миллион теңге болды.

### Tokyo-Mitshubishi UFJ, LTD Банкінің қарызы

2015 жылғы 30 қазанда Қор КМГ Кашаган Б.В. акцияларының 50% сатып алу үшін Tokyo-Mitsubishi UFJ, LTD Банкімен 1.500 миллион АҚШ доллары сомасына қарыз келісімін (бұдан әрі – «Қарыз туралы келісім») жасады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда негізгі борыш пен төленетін сыйақының жалпы сомасы 497.311 миллион теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 497.056 миллион теңге).

## 19. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

### Tokyo-Mitshubishi UFJ, LTD Банкінің қарызы (жалғасы)

Қарыз туралы келісімге қаржы ковенанты жатады, әрі ол 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сақталды.

Қосымша, Қарыз туралы келісім бірқатар жалпы міндеттемелер мен шектеулерді қамтиды. Осыған орай КМГ Кашаган Б.В. акцияларына шектеулердің салынуы (39-ескертуге) Қордың немесе нарықтық құны 100 миллион АҚШ долларынан (немесе оның кез келген басқа валютадағы баламасы) асатын елеулі еншілес ұйымының кез келген активтерін қамалуға алуға тыйым салуға және ұзақтығы 40 күннен асатын мұндай мәселелер бойынша істерге қатысты Қарыз туралы келісімнің талаптарына сәйкес келмейді. Осыған орай, Қор 494.461 миллион теңге сомаға Tokyo Mitsubishi Банкі алдындағы берешектің ұзақ мерзімді бөлігін қысқа мерзімді міндеттемелердің құрамына қайта жіктеді. 2018 жылғы 7 наурызда Қор Tokyo Mitsubishi Банктен бұл құқық бұзушылық бойынша босату-хатын алды. Тиісінше, 2018 жылғы 7 наурыздан бастап Қор бұл қарыз бойынша міндеттемелерді ұзақ мерзімді міндеттемелерге қайта жіктеді.

### Облигацияларды шығару және өтеу

2017 жылдың ішінде, ҚМГ ҰК мен оның еншілес ұйымы Kazmunaigaz Finance Sub B.V. 2.750 миллион АҚШ доллары сомаға (орналастыру күнгі бағам бойынша баламасы 854.315 миллион теңге) еурооблигацияларды орналастырды.

2017 жылдың ішінде ҚМГ ҰК еншілес ұйымы «ҚазТрансГаз» АҚ 750 миллион АҚШ доллары (сату күнгі бағам бойынша баламасы 254.760 миллион теңге) сомаға еурооблигацияларды орналастырды.

2017 жылдың ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ 500 миллион АҚШ доллары (өтеу күнгі бағам бойынша баламасы 167.997 миллион теңге) сомаға еурооблигацияларды өтеді.

2017 жыл ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Мәскеу қор биржасында 15.000 миллион ресей рублі (орналастыру күнгі бағам бойынша баламасы 83.100 миллион теңге) сомаға облигацияларды орналастырды.

### Өзге де қарыздар

2017 жылдың ішінде «Біріккен химия компаниясы» ЖШС ҚХР Мемлекеттік Даму Банкінен 409 миллион АҚШ доллары (алу күнгі бағам бойынша баламасы 134.970 миллион теңге) сомасына қарыз алды.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың еншілес ұйымдарының бөлінісінде қарыздардың баланс сомасы төменде берілген:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
ҚМГ ҰК және оның еншілес ұйымдары	4.163.444	3.072.540
ҚТЖ ҰК және оның еншілес ұйымдары	1.158.981	1.086.719
Қор	808.453	854.533
Самұрық-Энерго және оның еншілес ұйымдары	298.527	329.179
КЕГОК және оның еншілес ұйымдары	161.789	175.099
ҚАӨ ҰАК және оның еншілес ұйымдары	121.284	127.765
Қордың өзге де еншілес ұйымдары	203.981	104.893
Барлық берілген қарыздар	6.916.459	5.750.728

## 20. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	719.410	796.275
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар	62.638	60.036
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен қарыздар		62.100
	<b>782.048</b>	<b>918.411</b>
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде	(5.907)	(6.231)
12 айдан кейін өтеуге жататын сумалар	776.141	912.180

2017 жылдың ішінде Қор 239.771 миллион теңге сомаға облигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеді. Облигациялардың жоспарлы өтелуіне орай өзіндік құны құрамында пайыздық шығыстар арқылы 79.499 миллион теңге сомасында дисконттың амортизацияланбай қалған бөлігі есептен шығарылды.

## 21. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Мұнайды жеткізу шарттары бойынша алдын ала төлем	1.109.265	1.068.819
Кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	29.157	36.560
Келешек кезеңдер кірістері:	25.944	22.587
Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша Акционер алдындағы міндеттемелер (18.5-ескертуге)	7.553	–
Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер	101	47.413
Солтүстік-Каспий жобасында қосымша үлесті сатып алу бойынша берешек	–	250.523
Басқа да қаржылық міндеттемелер	2.509	–
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер	40.798	50.886
	<b>1.215.327</b>	<b>1.476.788</b>

### Мұнайды жеткізу шарты

#### ҚМГ ҰК

2016 жылы ҚМГ ҰК Тобы алдын ала төлем алуды көздейтін шикі мұнай мен сұйытылған газды жеткізуге арналған ұзақ мерзімді шартты жасады. Топ шарт жасалған сәттен бастап 2021 жылдың наурызына дейін мұнай мен сұйытылған газдың шамамен 38 миллион тонна мен тиісінше 1 миллион тонна болатын ең аз мұнай көлемін жеткізеді.

Бұл операцияның шеңберінде 2017 жылы ҚМГ ҰК Тобы мәміле бойынша шығындарды шегере отырып 488.536 мың АҚШ доллары сомасында (алу күнгі бағам бойынша баламасы 159.302 мың теңге) алдын ала төлем алды (2016 жыл: 2.966.005 мың АҚШ доллары немесе 1.012.020 миллион теңге).

Шартта ағымдағы нарықтық баға белгілеудің негізінде бағаның айқындалуы көзделген, ал алдын ала төлем шикі мұнай мен сұйытылған газды нақты жеткізу арқылы өтеледі.

Топ бұл шартты Топтың сату талаптарына сәйкес қаржылық емес баптарды жеткізу мақсатында жасалған келісімшарт ретінде қарастырады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ ҰК Тобы 750.000 мың АҚШ доллары жалпы сомаға мұнайды жеткізу арқылы алдын ала төлемді ішінара өтеді.

Алдын ала төлем қалдығына жыл сайын LIBOR + 1,85% мөлшерлемесі бойынша пайыздар есептеледі.

## 21. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Мұнайды жеткізу шарты (жалғасы)

*КМГ Кашаган Б.В.*

2016 жылдың ішінде КМГ Кашаган Б.В. шикі мұнайды жеткізуге арналған ұзақ мерзімді шартты жасады. Шарт талаптарына сай КМГ Кашаган Б.В. 2017 қаңтар мен 2021 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Қашаған кен орнынан 7 миллион тоннаға тең болатын ең аз мұнай көлемін жеткізеді.

2017 жылдың ішінде КМГ Кашаган Б.В. шикі мұнайды жеткізуге арналған шартқа қосымша келісімге қол қойды. Қосымша келісімнің талаптарына сай мұнайды жеткізу мерзімі 2022 жылдың қыркүйегіне дейін ұзартылды, Қашаған кен орнынан алынатын мұнайдың ең аз көлемі 11,5 миллион тоннаға дейін ұлғайтылды. Шарттың жаңа талаптарының шеңберінде КМГ Кашаган Б.В. 2017 жылы Қашаған кен орнында өндірілген шикі мұнайдың жеткізілуімен өтетін мәміле бойынша шығындарды шегере отырып 596.974 мың АҚШ доллары сомасына (алу күнгі бағам бойынша баламасы 197.224 миллион теңге) (2016 жыл: 990.390 мың АҚШ доллары, (алу күнгі бағам бойынша баламасы 331.829 миллион теңге) (2019 жылдың қаңтарынан бастап өтеле басталады) қосымша алдын ала төлемді алды.

Шартта ағымдағы нарықтық баға белгілеудің негізінде бағаның айқындалуы көзделген, ал алдын ала төлем шикі мұнайды нақты жеткізу арқылы өтеледі.

Шарт талаптарына сай мұнайдың жеткізілуі 2017 жылғы қаңтардан басталды. КМГ Кашаган Б.В. бұл шартты КМГ Кашаган Б.В. сату талаптарына сәйкес қаржылық емес баптарды жеткізу мақсатында жасалған келісімшарт ретінде қарастырады.

Бұл алдын ала төлем қалдығына ай сайын LIBOR 1m плюс 2,05% мөлшерлемесі бойынша пайыздар есептеледі.

Шарт талаптарына сай Компания жеткізілетін шикі мұнайдың көлемі ауыртпалықсыз болатындығын қамтамасыз етуі тиіс.

### «Нұрлы Жол» бағдарламасының шеңберіндегі мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер

2016 жылдың ішінде «Нұрлы Жол» бағдарламасының шеңберіндегі мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер мойындалды. 2017 жылдың ішінде мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер 4.653 миллион теңге мөлшерінде мемлекеттік субсидиялар бойынша кіріс сомасына азайтылды. Мемлекеттік субсидиялар бойынша кірістер қарыздардың берілу пайызын дисконттың жалпы сомасына қолдану арқылы есептеледі.

2017 жылдың ішінде, сол бойынша дисконт 2016 жылы мемлекеттік субсидия бойынша міндеттеме ретінде танылған, Үкіметтен алынған қарызбен байланысты талаптардың өзгеруіне орай, Қор 17.237 миллион теңге сомаға мемлекеттік субсидиялар бойынша кірісті қосымша есептеді, сондай-ақ мемлекеттік субсидиялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелерді қысқа мерзімді міндеттемелерге қайта жіктеді.

Сонымен қатар, 2017 жылдың ішінде бұл бағдарлама бойынша қаражаттың бір бөлігін пайдаланудың мақсаты өзгертіліп, «Бәйте-рек» ҰБХ» АҚ-на қайта жолданды (18.4-ескертпе). Жолданған қаражат мемлекеттік субсидия ретінде жіктелмегендіктен, 11.382 миллион теңге сомаға міндеттеме қарызды беру сәтіне есептен шығарылды.

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2017 жыл</b>	<b>2016 жыл</b>
<b>1 қаңтарға арналған сальдо</b>	<b>47.993</b>	<b>-</b>
Кезеңде алынғаны	-	52.319
Пайдалар мен шығындарда танылғаны	(33.272)	(4.326)
<b>31 желтоқсанға балан</b>	<b>14.721</b>	<b>47.993</b>
Минусы: 12 айдың ішінде төленуге жататын сома	(14.721)	(580)
<b>12 айдан кейін төленуге жататын сомалар</b>	<b>-</b>	<b>47.413</b>



## 22. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топ негізгі құралдардың бірқатар объектілері, оның ішінде басым әуе кемелері бойынша қаржылық жалдау шарттарын жасады.

2012 және 2014 жылдары Топтың еншілес ұйымы «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Эйр Астана») тіркелген пайыздық мөлшерлеменен қаржылық жалдау талаптары бойынша 11 (он бір) әуе кемесін сатып алды. Әрбір әуе кемесі бойынша жалдау мерзімі 12 (он екі) жылды құрайды. «Эйр Астана» АҚ-да жалдау мерзімінің соңында номинал баға бойынша әрбір әуе кемесін сатып алу мүмкіндігі бар. 6 (алты) жаңа Airbus қатысты лизинг берушіге қаржы институттары берген қарыздар Еуропалық Экспорттық-Кредит агенттіктерінің кепілдігімен қамтамасыз етілді; 3 (үш) Boeing – -767 US Export Import Bank кепілдігінде, ал 2 (екі) Embraer Бразилия Даму Банкінің кепілдігінде. Эйр Астана қаржылық жалдау бойынша міндеттемесін қамтамасыз ету ретінде 68.671 миллион теңге баланс құнымен жалданған активтерге кепіл берді (2016 жылғы 31 желтоқсан: 74.353 миллион теңге).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыз сомасының есебі 2,99%-дан 19,59%-ға дейінгі (2016 жылғы 31 желтоқсан: 3,09%-дан 19,7%-ға дейін) тиімді пайыз мөлшерлемелеріне негізделді.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құнымен бірге қаржылық жалдау бойынша болашақ ең төменгі жалдау төлемдері былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	
	Ең аз жалдау төлемдері	Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны
Бір жыл ішінде	24.586	19.742
2 жылдан 5 жылды қоса алғанда	80.265	69.707
Бес жылдан артық	56.539	50.314
Минусы: қаржы төлемдерін білдіретін сома	(21.627)	–
<b>Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны</b>	<b>139.763</b>	<b>139.763</b>
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде	(24.586)	(19.742)
<b>12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар</b>	<b>115.177</b>	<b>120.021</b>

<i>Миллион теңгемен</i>	2016 жыл	
	Ең аз жалдау төлемдері	Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны
Бір жыл ішінде	22.470	18.332
2 жылдан 5 жылды қоса алғанда	71.381	60.510
Бес жылдан артық	59.091	55.568
Минусы: қаржы төлемдерін білдіретін сома	(18.532)	–
<b>Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны</b>	<b>134.410</b>	<b>134.410</b>
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде	(22.470)	(18.332)
<b>12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар</b>	<b>111.940</b>	<b>116.078</b>

Қаржылық жалдау бойынша «Эйр Астана» АҚ-ның міндеттемесі АҚШ долларымен берілген.

2015 жылғы 1 шілдеде «Эйр Астана» АҚ АҚШ долларымен берілген ықтималдығы жоғары болашақ кірістерді хеджирлеу ретінде АҚШ долларымен берілген қаржылық жалдау бойынша өзінің міндеттемелерінің бір бөлігін анықтады. «Эйр Астана» АҚ 39 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес ақша ағындарын хеджирлеуді есепке алу моделін қолданды.

Функционалдық валюта АҚШ долларына өтуіне орай бұл хеджирлеу 2017 жылғы 31 желтоқсаннан бастап экономикалық тиімді болуын қойды.

## 23. РЕЗЕРВТЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтер мыналарды қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер	Қоршаған ортаға келтірген зияны үшін міндеттемелер бойынша резерв	Салықтар бойынша резерв	Әлеуметтік объектілерді салу бойынша резервтер	Басқасы	Жиыны
<b>2016 жылғы 1 қаңтардағы резерв</b>	179.303	20.072	80.181	156.265	56.652	492.473
Есептілік валютасын қайта есептеу	(591)	–	77	–	(328)	(842)
Есеп бағалауларын қайта қарау	(62.219)	(3.104)	–	–	–	(65.323)
Дисконт сомасына ұлғайту	12.630	1.407	–	–	783	14.820
Бір жылғы резерв	2.328	10	9.275	447	66.585	78.645
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсімдер	–	–	–	–	2.187	2.187
Сатуға арналған активтермен тікелей байланысты міндеттемелерге аударымдар	(118)	–	–	–	56	(62)
Резервті пайдалану	(3.041)	(1.274)	(20.496)	(86.926)	(33.192)	(144.929)
Пайдаланылмаған сомаларды қайтару	(74)	–	(20.989)	–	(471)	(21.534)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсандағы резерв</b>	<b>128.218</b>	<b>17.111</b>	<b>48.048</b>	<b>69.786</b>	<b>92.272</b>	<b>355.435</b>
Есептілік валютасын қайта есептеу	233	–	15	–	59	307
Есеп бағалауларын қайта қарау	17.619	(948)	–	–	(109)	16.562
Дисконт сомасына ұлғайту	10.842	1.794	–	–	4.379	17.015
Бір жылғы резерв	3.735	8.785	7.783	28.452	10.703	59.458
Резервті пайдалану	(1.661)	(1.165)	(27.690)	(60.194)	(41.641)	(132.351)
Пайдаланылмаған сомаларды қайтару	(175)	–	–	–	(1.568)	(1.743)
<b>2017 жылғы 31 желтоқсандағы резерв</b>	<b>158.811</b>	<b>25.577</b>	<b>28.156</b>	<b>38.044</b>	<b>64.095</b>	<b>314.683</b>

Резервтердің ағымдағы және ұзақ мерзімді бөлігі былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер	Қоршаған ортаға келтірген шығын үшін міндеттеме бойынша резерв	Салықтар бойынша резерв	Әлеуметтік объектілерді салу бойынша резервтер	Басқасы	Жиыны
Ағымдағы бөлік	916	486	48.048	63.104	80.945	193.499
Ұзақ мерзімді бөлік	127.302	16.625	–	6.682	11.327	161.936
<b>2016 жылғы 31 желтоқсандағы резерв</b>	<b>128.218</b>	<b>17.111</b>	<b>48.048</b>	<b>69.786</b>	<b>92.272</b>	<b>355.435</b>
Ағымдағы бөлік	1.668	6.017	28.156	38.044	42.082	115.967
Ұзақ мерзімді бөлік	157.143	19.560	–	–	22.013	198.716
<b>2017 жылғы 31 желтоқсандағы резерв</b>	<b>158.811</b>	<b>25.577</b>	<b>28.156</b>	<b>38.044</b>	<b>64.095</b>	<b>314.683</b>

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да резервтерге 24.516 миллион теңге сомаға (2016 жылғы 31 желтоқсан: 19.597 миллион теңге) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві, 24.291 миллион теңге сомаға (2016 жылғы 31 желтоқсан: 24.361 миллион теңге) газды тасымалдау резерві кірді.

2017 жылдың ішінде басқа да резервтер газ турбиналы станция мен Химпарк Тараз аяқталмаған құрылысының 36.653 миллион теңге және тиісінше 4.477 миллион теңге сомаға баланстық құнының азаюына орай пайдаланылды (7-ескертпе).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әлеуметтік объектілерді салу бойынша резервтерге 19.820 миллион теңге сомаға (2016 жылғы 31 желтоқсан: нөл) жекпе-жек сарайын салу резерві, 13.321 миллион теңге сомаға (2016 жылғы 31 желтоқсан: 13.321 миллион теңге) гольф-клубты салу резерві кірді. 2017 жылдың ішінде әлеуметтік объектілерді салу бойынша резервтер ең бастысы Акционерге 53.511 миллион теңге сомаға Мұз айдыны Сарайын беру есебінен азайтылды.

## 24. ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ СЫАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық және жалақы бойынша шығыстар олар туындаған сәттегі шығыстарға жатқызылады.

Бұдан басқа, Топ жинақтаушы зейнетақы қорларына жұмыскерлердің жарнасы ретінде төленетін жұмыскерлердің жалақысынан 10% ұстап қалады. Осындай шығыстар олар орын алған кезеңде көрсетіледі.

### Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары

Әртүрлі жоспарлар бойынша жұмыскерлерге төлеу бойынша міндеттемелер Топтың кейбір еншілес ұйымдарының (ҚМГ ҰК, ҚТЖ ҰК, «Қазақтелеком» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, ҚАӨ ҰАК, «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ және «Қазпочта» АҚ) және кәсіподақ ұйымдары ұсынған осы еншілес ұйымдардың жұмыскерлері арасында жасалған ұжымдық шарттарға сәйкес төлеуге жатқызылады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспары бойынша Топтың жалпы міндеттемелері мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Белгіленген төлем мөлшерлері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелердің ағымдағы құны	83.487	73.059
Өтеу мерзімі жыл ішінде болатын міндеттеме	(6.883)	(6.172)
Өтеу мерзімі бір жылдан кейін болатын міндеттеме	76.604	66.887

31 желтоқсандағы жағдай бойынша төлемдердің және тіркелген төлемдердің белгіленген мөлшерлері бар зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелердің ағымдағы құнын салыстыру былайша берілген:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Міндеттемелердің жыл басындағы жалпы сомасы	73.059	78.823
Өзге де жиынтық кіріс құрамында кезең ішінде танылған актуарлық зияндар/(кірістер)	8.046	(7.424)
Пайыздар бойынша шығыстар	6.943	5.971
Ағымдағы қызметтердің құны	4.461	2.956
Бұрынғы қызметтердің құны	182	2.066
Жыл ішінде жасалған төлемдер	(8.770)	(6.935)
Бұрынғы қызметтердің танылмаған құны	(32)	(73)
Кірістер мен шығыстар құрамында кезең ішінде танылған актуарлық кірістер	(402)	(1.324)
Сатудан активтерге аударымдар	-	(1.001)
Жыл соңындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	83.487	73.059

19.198 миллион теңге мөлшерінде қызметтердің ағымдағы құнын, пайыздар бойынша шығыстарды, актуарлық шығынды және бұрынғы қызметтердің танылмаған құнын қамтитын қызметтердің жалпы құны 2017 жылы тиісті баптарда жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалды (2016 жылы: 2.172 миллион теңге).

Топтың міндеттемелерінің есептері өлім-жітім деңгейі бойынша жарияланған статистикалық деректер, сондай-ақ Топ жұмыскерлердің саны, жасы, жынысы мен өтілі бойынша нақты деректер негізінде дайындалды. Есепті күнгі барлық жоспарлар үшін орта өлшемді мән ретінде есептелген өзге де негізгі жол берулер төменде келтірілген:

	2017 жыл	2016 жыл
Дисконт мөлшерлемесі	8,92%	9,64%
Болашақтағы қаржылық көмектің күтілетін жылдық өсімі	6,11%	5,99%
Болашақтағы ең төменгі жалақының күтілетін жылдық өсімі	5,03%	5,29%
Болашақта теміржол билеттері құнының күтілетін жылдық өсуі	6,60%	7%

## 25. ӨЗГЕ АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге де ағымдағы міндеттемелер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Мұнайды жеткізу шарттары бойынша алдын ала төлем (21-ескертуге)	332.330	249.968
Солтүстік-Каспий жобасына қатысудың бөлінбейтін үлесінде қосымша үлес сатып алу бойынша берешек	272.148	271.597
Алынған аванстар және болашақ кезеңдердің кірістері	180.657	123.938
Қызметкерлерге төлемдер бойынша міндеттемелер	105.810	93.139
Төленуге жататын басқа салықтар	102.982	61.614
Клиенттердің қаражаты	24.777	24.027
Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер (21-ескертуге)	14.721	580
Кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	10.378	9.551
Төленуге жататын дивидендтер	4.077	3.965
Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша Акционер алдындағы міндеттемелер (18.5-ескертуге)	4.013	–
Басқа да қаржылық міндеттемелер	20.967	16.353
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер	45.374	38.245
	<b>1.118.234</b>	<b>892.977</b>

### Солтүстік-Каспий жобасына қатысудың бөлінбейтін үлесінде қосымша үлес сатып алу бойынша берешек

2008 жылы 31 қазанда Солтүстік-Каспий жобасына (бұдан әрі – «СКЖ») барлық қатысушылар келісімге қол қойды, оған сәйкес ҚМГ Қашағаннан басқа, жобаға қатысушылардың барлығы ҚМГ Қашаған Б.В.-нің СКЖ-дегі үлесін 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап 8,33%-дан 16,81%-ға дейін ретроспективалы ұлғайту үшін пропорционалды негізде жобадағы өз үлестерінің бір бөлігін ішінара беруге келісті.

СКП қатысудың бөлінбейтін үлесін сатып алу бағасына жылдық пайызды қоса негізгі борыштың 1,78 миллиард АҚШ доллары сомасы кіреді. Жылдық пайыз LIBOR 1м плюс 3% мөлшерлемесі бойынша есептеледі, әрі ол жыл сайын негізгі борыш сомасына капиталданып, қаржылық шығыстарда көрсетіледі.

Жинақталған пайыздармен бірге негізгі борыш сомасы Қашаған кен орнында Қашағанның коммерциялық өндірілуіне («ҚКӨ») қол жеткізілгеннен кейін үш бірдей жыл сайынғы төлемдермен төленуі тиіс.

2016 жылғы 7 желтоқсанда ҚМГ Қашаған негізгі борыштың 532.265 мың АҚШ доллары (ақы төлеу күнгі бағам бойынша баламасы 178.335 миллион теңге) және жинақталған пайыздардың 247.820 мың АҚШ доллары (ақы төлеу күнгі бағам бойынша баламасы 83.032 миллион теңге) мөлшерінде ДКП бойынша бірінші траншты төледі. 2017 жылғы 10 тамызда ҚМГ Қашаған негізгі борыштың 532.265 мың АҚШ доллары (ақы төлеу күнгі бағам бойынша баламасы 177.079 миллион теңге) және жинақталған пайыздардың 272.172 мың АҚШ доллары (ақы төлеу күнгі бағам бойынша баламасы 90.549 миллион теңге) мөлшерінде ДКП бойынша екінші траншты төледі. Үшінші төлем 2018 жылғы 1 қарашада төленуі тиіс.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2,54% мөлшердегі СКП сатып алынған бөлінбейтін қатысу үлесінің үштен бірі міндеттеме толық төленгенге дейін қамтамасыз ету ретінде басқа қатысушылардың пайдасына берілді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы берешектің амортизацияланған құны 272.148 миллион теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсан: 522.120 миллион теңге) құрайды.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелердің баланстық құны олардың әділ құнына теңестіріледі.

## 26. ТҮСІМ

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі түсім мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл (қайта есептелгені)*
Шикі мұнай сату	1.349.109	721.988
Теміржолмен жүк тасымалдары	765.599	684.271
Қайта өңделген газ өнімін сату	342.025	292.783
Мұнай мен газ тасымалдау	332.294	314.765
Мұнай өнімдерін сату	295.179	282.718
Электрлік кешен	263.517	232.899
Авиатасымалдаулар	255.331	227.324
Уран өнімін сату	233.878	293.203
Телекоммуникациялық қызметтер	200.484	201.439
Аффинирленген алтынды өткізу	193.797	154.042
Пайыздық кіріс	153.443	56.394
Алыс-беріс мұнайын өңдеу	128.535	98.380
Электр энергиясын тасымалдау	124.423	115.775
Жолаушылар темір жол тасымалы	83.095	81.279
Почта қызметтері	38.818	35.381
Минусы: жанама салықтар және коммерциялық жеңілдіктер	(301)	(1.215)
Минусы: Шикі мұнай сапасының банкі	(21.769)	(19.936)
Басқа да кіріс	386.701	296.203
	5.124.158	4.067.693

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2016 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келмейді, түзету туралы толық ақпарат 2 және 4 ескертпелерде келтірілген. Топ түсіміне тоқтатылған қызмет ретінде жіктелген KMG арқылы нарықтарға шикі мұнайды өткізу кірмейді (6-ескертпе).

## 27. МЕМЛЕКЕТТІК СУБСИДИЯЛАР

«Тасымалдаушының жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты шығындарын субсидиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы № 1188 қаулысына сәйкес 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚТЖ ҰК әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша тасымалдаушының шығындарын жабу ретінде субсидиялар ала бастады. Осы субсидиялар бойынша қандай да бір орындалмаған талаптар немесе шартты міндеттемелер жоқ. 2017 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жылға субсидияның сомасы 20.460 миллион теңгені құрады (2016 жыл: 22.530 миллион теңге).

«Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы № 1039 қаулысына сәйкес 2004 жылдың 4 тоқсанынан бастап «Қазақтелеком» АҚ әлеуметтік маңызды аудандарда байланыс қызметтерін көрсету кезінде шеккен операторлардың шығындарына өтемақы төлеуге арналған үкіметтік субсидиялар алды. Көрсетілген субсидияларға қатысты барлық талаптар мен шартты міндеттемелер орындалды. 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылы алынған субсидияның жалпы сомасы 7.168 миллион теңгені құрады (2016: 7.353 миллион теңге).

2016 жылдың ішінде «Нұрлы Жол» бағдарламасының шеңберіндегі мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер мойындалды (21-ескертпе). 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылы «Нұрлы жол» бағдарламасының шеңберінде алынған субсидиялардың жалпы сомасы 4.653 миллион теңгені құрады (2016 жыл: 4.326 миллион теңге).

Сондай-ақ, 2017 жылдың ішінде, Үкіметтің «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша қарызымен байланысты талаптардың өзгеріне орай, Топ 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы мемлекеттік субсидиялар бойынша 17.237 миллион теңге (2016 жыл: нөл) сомаға кірісті мойындады (21-ескертпе).

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы өзге де мемлекеттік субсидиялар бойынша кіріс 2.925 миллион теңге (2016: нөл теңге) құрады.

## 28. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНІҢ ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл (қайта есептелгені)*
Материалдар мен қорлар	1.894.036	1.211.615
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	761.145	726.650
Тозу, тауысылу және амортизация	481.879	400.621
Отын және энергия	266.791	223.419
Алынған өндірістік қызметтер	209.992	177.324
Пайыздық шығыстар	177.291	109.749
Жөндеу және қызмет көрсету	156.115	125.117
Көлік қызметтері	118.639	53.356
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	110.305	49.658
Жалдау	62.867	62.583
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардан басқа, салықтар	58.627	50.381
Басқасы	255.614	182.043
	<b>4.553.301</b>	<b>3.372.516</b>

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2016 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келмейді, түзету туралы толық ақпарат 2 және 4 ескертпелерде келтірілген.

## 29. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі жалпы және әкімшілік шығыстар мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	197.673	160.205
Табыс салығынан басқа салықтар	46.857	32.850
Кеңес беру қызметтері	27.757	29.648
Тозу және амортизация	23.183	16.442
Демеушілік көмек және қайырымдылық	16.210	16.665
Жалдау	8.712	9.364
Күмәнді берешек бойынша резервтер	7.436	8.574
Жөндеу және қызмет көрсету	7.078	5.869
Іссапар шығыстары	6.998	6.413
Айыппұлдар мен өсімақылар	(6.641)	(11.916)
Басқасы	77.598	70.587
	<b>412.861</b>	<b>344.701</b>

## 30. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САТУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі тасымалдау және сату бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Кеден алымы	105.717	84.199
Тасымалдау	89.807	74.730
Рента салығы	83.183	19.981
Агенттерге комиссиялық сыйақылар және жарнама	10.535	7.880
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	9.915	10.306
Тозу және амортизация	4.573	6.530
Басқасы	15.424	14.714
	<b>319.154</b>	<b>218.340</b>

### 31. ҚҰНСЫЗДАНУ ЗАЛАЛЫ

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі зиян мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	39.881	23.218
«Delta Bank» АҚ-да орналастырылған ақша қаражаты мен банк салымдарының құнсыздануы (4-ескертуге)	28.859	15.298
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануы (10-ескертуге)	19.334	159
«RBC Bank» АҚ-да орналастырылған ақша қаражаты мен банк салымдарының құнсыздануы (13-ескертуге)	10.496	–
Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнсыздануы	6.659	–
«Қазинвестбанк» АҚ-да орналастырылған ақша қаражаты мен банк салымдарының құнсыздануы (4-ескертуге)	2.619	12.429
Берілген қарыздардың құнсыздануы (11-ескертуге)	516	8.411
Сатуға арналған деп жіктелген активтердің (құнсыздануын қалпына келтіру)/құнсыздануы	(10.385)	9.759
Өтелуге жататын ҚҚС-тың (құнсыздануының қалпына келтірілуі)/құнсыздануы	(21.348)	(6.856)
Басқасы	18.302	6.236
	94.933	68.654

#### Өтелуге жататын ҚҚС

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте өтелуге жататын ҚҚС құнсыздануын қалпына келтіру негізінен Топтың еншілес ұйымдары «Эмбамұнайгаз» АҚ мен «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 2012 – 2015 жылдар аралығындағы кезеңде салықтық тексеру актілерін алумен байланысты болды, әрі олар Топтың 4.033 миллион теңге және тиісінше 26.073 миллион теңге мөлшеріндегі сомаларға өтелуге жататын ҚҚС өтеуге құқығын растады (39-ескертуге).

### 32. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі қаржы шығындары мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Қарыздар және шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар	360.150	301.569
Мұнайды жеткізу шарты бойынша пайыздық шығыстар	40.756	18.628
Резервтер және өзге де берешектер бойынша дисконт сомасына ұлғайту	19.262	15.714
Солтүстік Каспий жобасындағы қосымша үлесті иемденгені үшін берешек бойынша пайыздық шығыстар	19.202	36.241
Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша активтер бойынша дисконт	12.499	5.063
Қаржылық жалдау бойынша пайыздар бойынша міндеттемелер	4.559	7.915
Басқасы	18.218	15.825
	474.646	400.955

### 33. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі қаржылық кіріс мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Кредиттік мекемелердегі қаражат және ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша сыйақы	117.231	124.022
Қарыздар және қаржы активтері бойынша кіріс	44.468	44.720
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек дисконтының амортизациясы	10.876	12.684
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	7.412	5.899
Міндеттемелерді есептен шығарудан пайда	–	62.513
Алынған дивидендтер бойынша кіріс	–	7.308
Басқасы	11.945	16.592
	191.932	273.738

### 34. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНДАҒЫ ҮЛЕС, НЕТТО

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы / (шығынындағы) үлесі мыналарды қамтиды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
«Теңізшевройл» ЖШС	289.980	147.910
«Қазмырыш» ЖШС	58.049	37.391
«Каспий құбыр консорциумы» АҚ	54.666	74.909
«Маңғыстау Инвестментс Б.В.»	49.605	29.766
«ҚазГерМұнай БК» ЖШС	17.713	5.130
«Қаратау» ЖШС	10.707	11.990
Forum Muider Б.В.	10.481	6.020
Valseira Holdings Б.В.	9.751	10.414
«КАТКО» БК» ЖШС	9.495	16.422
«Ақбастау» БК» АҚ	9.254	10.174
«КазРосГаз» ЖШС	8.622	18.647
«Petro Kazakhstan Ink»	7.234	(15.810)
ЕМАЭС-2	(9.546)	788
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	(16.788)	(11.535)
Басқасы	22.618	13.753
	<b>531.841</b>	<b>355.969</b>

### 35. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтиды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
<b>Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар</b>		
Корпоративтік табыс салығы («КТС»)	156.319	125.219
Дивидендтер мен сыйақылар бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	31.683	16.147
Үстеме пайда салығы	10.746	(1.128)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыс/(үнемділік)</b>		
Корпоративтік табыс салығы («КТС»)	36.474	(4.804)
Дивидендтер мен сыйақылар бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	29.835	18.915
Үстеме пайда салығы	(1.275)	15.543
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>263.782</b>	<b>169.892</b>



### 35. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Бухгалтерлік пайдадан бастап табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша табыс салығын есептегенге дейін есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстыру 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішінде (2017 және 2016 жылдары 20%) былайша көрсетіліп отыр:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Жалғасып отырған қызметтен табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда	206.907	376.893
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	791.105	364.609
<b>Бухгалтерлік пайда бойынша табыс салығының шығыстары</b>	<b>199.602</b>	<b>148.300</b>
Есептен шығарылмайтын немесе салық салу мақсатында салық салынбайтын баптардың салық әсері	172.480	152.253
Кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтердегі өзгеріс	(46.593)	(98.311)
Үстеме пайда салығы	9.471	14.415
Корпоративтік табыс салығының әртүрлі мөлшерлемелерінің әсері	1.792	(8.496)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың салық салынбайтын пайдадағы үлесі	(60.085)	(50.370)
Басқа да айырмалар	(14.630)	8.511
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар жиыны</b>	<b>262.037</b>	<b>166.302</b>
Тоқтатылған қызметке жатқызылған табыс салығы бойынша үнем ескерілген	1.745	3.590
<b>Жалғасып отырған қызметтен корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>263.782</b>	<b>169.892</b>

### 35. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Активтер мен міндеттемелерді есептеу үшін салық негізімен шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сома арасындағы уақытша айырмаларға есептік күні қолданылған заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген 31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық сальдосы мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2017 жыл		2016 жыл					
	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер								
Негізгі құралдар	84.854	(2.214)	-	82.640	89.894	(1.900)	-	87.994
Кейінге шетерілген салық шығындары	615.877	-	-	615.877	594.312	-	-	594.312
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	13.235	233	-	13.468	13.457	46	-	13.503
Қаржы активтерінің құнсыздануы	6.135	-	-	6.135	5.340	-	-	5.340
Қоршаған ортаны ластағаны үшін міндеттемелер бойынша резерв	23.792	217	-	24.009	16.418	-	-	16.418
Басқа да есептеулер	3.933	1.347	-	5.280	3.921	163	-	4.084
Басқасы	51.646	-	-	51.646	33.637	-	-	33.637
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтер	(460.491)	-	-	(460.491)	(413.898)	-	-	(413.898)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(202.829)	-	-	(202.829)	(196.240)	-	-	(196.240)
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	136.152	(417)	-	135.735	146.841	(1.691)	-	145.150
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер								
Негізгі құралдар	604.907	15.712	-	620.619	573.088	15.716	-	588.804
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың бөлінбеген пайдасы	-	-	202.904	202.904	-	-	173.069	173.069
Басқасы	18.028	-	-	18.028	17.612	-	-	17.612
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(202.829)	-	-	(202.829)	(196.240)	-	-	(196.240)
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	420.106	15.712	202.904	638.722	394.460	15.716	173.069	583.245
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер	(283.954)	(16.129)	(202.904)	(502.987)	(247.619)	(17.407)	(173.069)	(438.095)

### 35. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелердегі өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2017 жыл			2016 жыл				
	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
1 қаңғардағы сальдо	247.619	17.407	173.069	438.095	254.553	1.864	154.154	410.571
Есептілік валютасын қайта есептеу	(744)	(3)	-	(747)	1.707	-	-	1.707
Өзге де жиынтық кірісте көрсетілгені	605	-	-	605	817	-	-	817
Тоқтатылған қызмет	-	-	-	-	(4.654)	-	-	(4.654)
Пайда мен зияндарда көрсетілген	36.474	(1.275)	29.835	65.034	(4.804)	15.543	18.915	29.654
31 желтоқсандағы сальдо	283.954	16.129	202.904	502.987	247.619	17.407	173.069	438.095

Кейінге қалдырылған салық активі болашақта соған қатысты актив пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданың болу ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер оларға байланысты салық жеңілдіктері іске асырылуы мүмкін ықтималдық одан әрі болмайтын сол дәрежеде азайтылады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтер, негізінен, 460.491 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 413.898 миллион теңге) сомада ауыстырылған салық шығындарына жатқызылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында ауыстырылған салық шығындары салық салу мақсатында олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін мерзімі өтеді.

## 36. ШОҒЫРЛАНДЫРУ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке келесі еншілес ұйымдар енгізілді:

	Иелік ету үлесі	
	2017 жыл	2016 жыл
1 «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ» ҰК) және еншілес ұйымдары	90,09%	90% – 1
2 «КМГ Кашаган Б.В.» ЧКОО	100,00%	100,00%
3 «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ («ҚТЖ» ҰК») және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
4 «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ («ҚАӨ» ҰАК») және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
5 «Самұрық-Энерго» АҚ («Самұрық-Энерго») және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
6 «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ («KEGOC») және еншілес ұйымдары	90% + 1	90% + 1
7 «Қазпочта» АҚ және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
8 «Қазақтелеком» АҚ («ҚТК») және еншілес ұйымдары	51,00%	51,00%
9 «Эйр Астана» АҚ («Эйр Астана»)	51,00%	51,00%
10 «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ («Қазақстан Инжиниринг») және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
11 «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
12 «Тау-кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
13 «Біріккен химия компаниясы» ЖШС («БХК») және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
14 «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	100,00%	100,00%
15 «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС	100,00%	100,00%
16 «КОРЭМ» АҚ	100,00%	100,00%
17 «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ	100,00%	100,00%
18 «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ	100,00%	100,00%
19 «Павлодар әуежайы» АҚ	100,00%	100,00%
20 «СК Бизнес Сервис» ЖШС және еншілес ұйымдары	100,00%	100,00%
21 - «Qazaq Air» АҚ	100,00%	100,00%
22 «AirKazakhstan» авиация компаниясы» АҚ	53,55%	53,55%

## 37. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24 ХБЕС-ке сәйкес тараптар, егер бір тараптың басқа тарапты бақылауға және қаржылық немесе операциялық шешімдерді қабылдау кезінде басқа тарапқа айтарлықтай ықпал етуге мүмкіндігі болса, байланысты деп есептеледі. Әрбір байланысты тараппен ықтимал қарым-қатынастарды бағалау кезінде қарым-қатынастардың заңгерлік ресімделуіне емес, олардың мәніне көп көңіл бөлінеді.

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізі басқарушы персоналына біршама қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

### 37. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

Мына кесте байланысты тараптармен 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

<i>Миллион теңгемен</i>		Қауымдасқан компаниялар	Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	Мемлекет бақылайтын өзге де кәсіпорындар
	2017 жыл	47.153	95.944	14.466
Байланысты тараптардың берешегі	2016 жыл	40.896	116.231	11.340
	2017 жыл	50.936	203.208	4.734
Байланысты тараптардың берешегі	2016 жыл	38.829	155.585	9.265
	2017 жыл	58.916	362.885	309.012
Тауарлар мен қызметтерді сату	2016 жыл	54.764	366.709	259.975
	2017 жыл	180.523	1.069.770	12.981
Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	2016 жыл	206.588	698.052	10.722
	2017 жыл	1.994	1.448	8.246
Өзге де пайда/(зияндар)	2016 жыл	(2.969)	2.107	8.765
Ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат (активтер)	2017 жыл	–	–	334.546
	2016 жыл	–	34	241.929
	2017 жыл	142.160	383.641	188.744
Берілген қарыздар	2016 жыл	182.394	246.388	187.227
	2017 жыл	–	5	1.442.348
Алынған қарыздар	2016 жыл	–	755	1.706.153
	2017 жыл	18.148	90.459	23.173
Басқа да активтер	2016 жыл	14.187	82.520	8.890
	2017 жыл	12.838	15.183	46.610
Басқа да міндеттемелер	2016 жыл	7.032	15.470	51.939
	2017 жыл	11.610	26.475	34.624
Алынған сыйақы	2016 жыл	15.873	23.967	20.300
	2017 жыл	108	10.770	179.550
Есептелген сыйақы	2016 жыл	6.063	4.976	113.710

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 65.629 миллион теңге сомасында (2016 жылғы 31 желтоқсан: 76.155 миллион теңге) Топтың бірқатар қарыздарына Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берді.

Қоса берілген жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға төленген жалпы сыйақы сомасы 2017 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 7.512 миллион теңгені құрады (2016: 7.182 миллион теңге). Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы негізінен келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және операциялық нәтижелерге қол жеткізуге негізделген өзге де төлемдерден тұрады.

### 38. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржы құралдары қарыздарды, ҚР Үкіметінен қарыздарды, қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді, клиенттердің қаражатын, туынды құралдарды, ақша қаражатын және оның баламаларын, берілген қарыздарды, кредит мекемелеріндегі қаражатты, өзге де қаржылық активтерді, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешектерді қамтиды. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізі тәуекелдер – бұлар пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және кредиттік тәуекел. Топ барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын өтімділікке байланысты тәуекелдерді де қадағалайды.

## 38. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі нарықтағы сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топ оларда өзінің жеке және қарыз қаражаты, сондай-ақ оның инвестициялары көрсетілген валюталар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің өзгерістеріне бақылауды жүзеге асыру арқылы пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелін шектейді.

Топтың пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне бейімділігі, негізінен, өзгермелі пайыздық мөлшерлемелермен Топтың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздарына қатысты болады (19-ескерту).

Мына кестеде Топтың табыс салығын (өзгермелі сыйақы мөлшерлемелерімен қарыздарының болуы салдарынан) есепке алғанға дейін (сату үшін қолда бар инвестициялардың әділ құнындағы өзгерістер салдарынан) пайдасының LIBOR өзгермелі пайыздық мөлшерлемелерінде болатын ықтимал өзгерістерге барлық қалған параметрлер тұрақты шама ретінде қабылданатын талаппен сезімталдығы көрсетілген.

Миллион теңгемен	Базистік пункттердегі ұлғаю/ (азаяу)*	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға және зиянға әсері
<b>2017 жыл</b>		
АҚШ Доллары	70/(8)	(12.458)/1.424
<b>2016 жыл</b>		
АҚШ Доллары	60/(8)	(15.640)/2.090

\* 1 базистік пункт = 0,01%.

### Валюталық тәуекел

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың, қаржылық жалға алу бойынша міндеттемелердің және сауда кредиторлық берешектің, банктердегі салымдардың, ақша қаражаты мен олардың баламаларының, кредиттік мекемелердегі қаражаттың және дебиторлық берешектің елеулі сомасының болуы нәтижесінде Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайына теңгеге АҚШ долларының айырбас бағамының өзгеруі біршама әсер етуі мүмкін.

Мына кестеде Топ пайдасының табыс салығын есептегенде дейін АҚШ доллары және евро айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге, барлық қалған параметрлеріне тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген.

Миллион теңгемен	Айырбастау бағамдарындағы ұлғаю / (кему)	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға және зиянға әсері
<b>2017 жыл</b>		
АҚШ Доллары	10,00%/(10,00%)	(177.916)/177.916
Еуро	13,50%/(9,50%)	(8.792)/8.792
<b>2016 жыл</b>		
АҚШ Доллары	13,00%/(13,00%)	(261.631)/261.631
Еуро	15,00%/(15,00%)	(18.710)/18.710

## 38. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел

Қарсыагенттердің Топтың қаржы құралдарымен жасалған шарттардың талаптарын орындамауы нәтижесінде туындаған кредиттік тәуекел, әдетте, қарсыагенттер міндеттемелерінің шамасы Топтың осы қарсыагенттердің алдындағы міндеттемелерінен асатын осындай жағдайлар болған кезде, сомамен шектеледі. Топ саясаты кредитке қабілетті контрагенттермен бірге қаржы құралдарымен операциялар жасауды көздейді. Кредиттік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы шамасы әрбір қаржы активінің баланс құнына тең. Топ өз тәуекелінің ең жоғары шамасы есепті күні көрсетілген құнсыздануға резервтерді шегергенде, берілген қарыздарының сомасында (11-ескерту), кредит мекемелеріндегі қаражат сомасында (12-ескерту), сауда-дебиторлық берешек пен өзге де ағымдағы активтерде (16-ескерту), өзге де қаржы активтерінде (13-ескерту) және ақша қаражаты мен оның баламаларында (17-ескерту) көрінеді деп санайды.

Кредиттік тәуекелдің жинақталуы оларға қатысты экономикалық жағдайлардың немесе өзге де жағдайлардың өзгеруі олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне бірдей әсер етеді деп күтуге негіз бар бір қарыз алушының немесе бірдей қызмет шарттарымен қарыз алушылар тобы берешегінің бірнеше сомасы болған кезде туындауы мүмкін.

Топта баламалы кредиттік тарихы бар контрагенттермен мәмілелер жасасуға және белгіленген кредит беру лимиттерінен асырмауға тұрақты бақылауды көздейтін саясат қолданылады. Топ өзінің контрагенттерінің көпшілігімен алдын ала төлем негізінде жұмыс істеу фактісінің арқасында кредиттік тәуекел азаяды.

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жуық құны бойынша қаржы активін шұғыл өткізу мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

Мына кестеде осы міндеттемелерді өтеудің мерзімі бөлінісінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан артық, бірақ 3 айдан аспайтын	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан аспайтын	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам	Жиыны
<b>2017 жылдың 31 желтоқсанына</b>						
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	24	29.026	171.717	2.011.241	2.212.021
Қарыздар	117.655	73.951	926.315	4.390.430	4.587.110	10.095.461
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	466	6.068	21.333	102.918	115.492	246.277
Клиенттердің қаражаты	22.476	574	1.727	12	–	24.789
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	179.331	335.372	130.279	19.506	6.926	671.414
	319.941	415.989	1.108.680	4.684.583	6.720.769	13.249.962
<b>2016 жылғы 31 желтоқсанға</b>						
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	24	35.640	189.319	2.827.145	3.052.141
Қарыздар	96.758	55.001	822.439	3.252.694	2.660.013	6.886.905
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	688	5.631	18.720	71.981	59.091	156.111
Клиенттердің қаражаты	24.014	–	12	16	–	24.042
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	248.541	284.922	52.403	6.366	6.925	599.157
	370.014	345.578	929.214	3.520.376	5.553.174	10.718.356

## 38. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Капиталды басқару

Топ ең бастысы өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқару арқылы және өзінің бақылау функцияларын іске асыра отырып, өзінің капиталын басқарады. Капиталды басқарудың басты мақсаты Топтың еншілес ұйымдары берешек пен капиталға қатысты оңтайландыру арқылы Акционерге кірістерді көбейтумен қатар қызметтің үздіксіз болуы қағидатын ұстануды жалғастыру жағдайында болуын қамтамасыз ету болып табылады. Топ әрбір еншілес ұйымның бизнесінің мұқтаждығын және қызметінің ерекшелігін ескере отырып әзірленген қызметтің белгілі бір көрсеткіштерін белгілей отырып, өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқарады.

Топ әрбір еншілес ұйымның бизнесінің мұқтаждығын және қызметінің ерекшелігін ескере отырып әзірленген қызметтің белгілі бір көрсеткіштерін белгілей отырып, өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқарады. Топ өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқару үшін пайдаланатын қызметтің негізгі көрсеткіштері - бұл мына коэффициенттер: Пайызды, Салық салуды, Тозуды және Амортизацияны Есепке алғанға дейін Кіріске Борыш («D/EBITDA»); және Капиталға борыш («D/E»). Борыш ақша қаражаты мен олардың баламалары құнына кемітілген тиісті еншілес ұйымдардың қарыздары, борыш қағаздары, кепілдіктері және қаржылық жалдауы бойынша міндеттемелеріне теңестіріледі. Капитал бас компанияның Акционерінің үлесіне жатқызылатын еншілес ұйымның бүкіл капиталына теңестіріледі.

Рұқсат етілген ең жоғарғы көрсеткіштер әрбір еншілес ұйымға оның бизнесінің мұқтаждығы және ерекшелікті артықшылығы негізінде мақұлданды және мынадай диапазондар шегінде өзгереді (Топ үшін қызметтің шоғырландырылған негізгі көрсеткіштері анықтамалық түрде берілді, өйткені Топ шоғырландырылған деңгейде қызметтің негізгі көрсеткіштерін бақыламайды):

Қызметтің негізгі көрсеткіштері	2017 жыл	2016 жыл
D/EBITDA	4,83	4,66
D/E	0,72	0,71

Миллиард теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Қарыздар (6,19-ескертпелер)	7.054	5.953
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (20-ескертпе)	782	918
СКЖ қатысу үлесін сатып алғаны үшін берешек (21,25-ескертпелер)	272	522
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер (22-ескертпе)	140	134
Клиенттердің қаражаты (25-ескертпе)	25	24
Қор Тобына кірмейтін компаниялардың міндеттемелері бойынша кепілдік берілетін негізгі борыштың номинал сомасы	147	288
<b>Борыш жиыны</b>	<b>8.420</b>	<b>7.839</b>
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары	(2.190)	(1.554)
<b>Таза борыш жиыны</b>	<b>6.230</b>	<b>6.285</b>
<b>EBITDA</b>	<b>1.742</b>	<b>1.683</b>
<b>Капитал жиыны</b>	<b>11.663</b>	<b>10.992</b>



### 38. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

#### Қаржы құралдарының әділ құны

Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және бағалау моделінің бөлінісінде ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мынадай сатылылықты пайдаланады:

- ▶ 1-деңгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықтардағы бағалар.
- ▶ 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады;
- ▶ 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

2017 және 2016 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құны төменде берілген қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнына негіздемелі түрде жақындау болып табылады:

Миллион теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	2017 жылғы 31 желтоқсан
<b>Қаржы құралдарының санаты</b>				
<b>Активтер</b>				
Сату үшін қолда бар қаржы активтері	3.611	11.702	235	15.548
Пайда мен зияндар арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	–	–	22.129	22.129
Туынды қаржы активтері	–	–	352	352

Миллион теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>Қаржы құралдарының санаты</b>				
<b>Активтер</b>				
Сату үшін қолда бар қаржы активтері	27.708	8.818	235	36.761
Пайда мен зияндар арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	–	–	17.371	17.371
Туынды қаржы активтері	–	–	352	352

## 38. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсанға				
	Баланс (ағымдағы) құн	Әділ құны	Әділ құнды бағалау пайдалана отырып		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Елеулі бақыла- натын бастапқы деректер(2-дең- гей)	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы дерек- тер (3-деңгей)
<b>Қаржы активтері</b>					
Кредиттік мекемелердегі қаражат	2.453.877	2.441.455	1.853.717	517.078	70.660
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>					
Қарыздар	6.916.459	7.041.992	4.626.211	2.320.864	94.917
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	782.048	596.584	–	596.584	–
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер	57.136	59.008	–	59.008	–

<i>Миллион теңгемен</i>	2016 жылғы 31 желтоқсанға				
	Баланс (ағымдағы) құн	Әділ құны	Әділ құнды бағалау пайдалана отырып		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Елеулі бақыла- натын бастапқы деректер(2-дең- гей)	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы дерек- тер (3-деңгей)
<b>Қаржы активтері</b>					
Кредиттік мекемелердегі қаражат	2.353.901	2.349.159	1.504.777	710.127	134.255
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>					
Қарыздар	5.750.728	5.837.893	3.411.579	2.074.569	351.745
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	918.411	729.061	–	729.061	–
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер	37.624	47.498	–	47.498	–

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарының әділ құны иеленетін пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

## 38. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер

<i>In millions of tenge</i>	Алынған қарыздар	Қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	Қаржылық қызметтен болған міндеттемелер жиыны
<b>2017 жылғы 1 қаңтар</b>	<b>5.393.250</b>	<b>134.410</b>	<b>5.527.660</b>
Ақша ағындары	628.427	(21.762)	606.665
Валюта бағамдарының өзгеруі	64.594	(69)	64.525
Есептелген сыйақылар	333.420	5.153	338.573
Алынған қарыздардың есебінен негізгі құралдарды сатып алу	135.393	–	135.393
Қаржылық жалдаудан түскен түсімдер	–	17.723	17.723
Капиталға айналдырылған сыйақы	36.803		36.803
Басқасы	13.430	4.308	17.738
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>6.605.317</b>	<b>139.763</b>	<b>6.745.080</b>

\* Қордың Корпоративтік Орталығының кейбір қарыздары бойынша ақша түсімдері мен төлемдері операциялық қызметтен болған ақша ағындарына қосылған, өйткені бұл қарыздар активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі қызметінің бір бөлігі болып табылады. Бұл қарыздар қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердің құрамына қосылмаған.

## 39. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Операциялық орта

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

### Шикі тауарларға бағалардың өзгеруі

Топ кірісінің көп бөлігі шикізат тауарларын, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан пайда болады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және ұсынысқа және сұранысқа өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді.

Баға тарифтер және импорттық баждар салу, биржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады.

Шикі тауарларға бағалардағы біршама немесе ұзаққа созылған төмендету Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелеріне және операциялардан болатын ақша ағындарына біршама немесе жағымсыз әсер етуі мүмкін. Топ шикі тауарларға бағалардың өзгеру тәуекелін біршама өзінің бейімдігін хеджирлемейді.

### Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансферттік баға белгілеу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар қол ұшын беру қағидаты бойынша айқындалған нарықтық бағалар негізінде есептелуін талап етеді.

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу туралы жаңа заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Жаңа заң анық көрсетілмеген болып табылмайды және оның ережелерінің кейбіреуі қолданудың шағын тәжірибесіне ие. Оның үстіне, заңда әзірлеу кезеңінде тұрған егжей-тегжей нұсқаулықтар жоқ.

## 39. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау (жалғасы)

Трансферттік баға белгілеу туралы заңды операциялардың кейбір түрлеріне қолданудың нәтижесінде трансферттік баға белгілеу туралы Қазақстандық заңмен байланысты белгісіздіктен салық органдарының ұстанымы Топтың ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар деп анық белгіленбеген, бұл 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтар, айыппұлдар мен өсімақылардың қосымша сомаларына әкелуі мүмкін.

Басшылық 2017 жылғы 31 желтоқсанда трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

### Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулер мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдері. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Тән белгісіздіктерге орай осы уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және 2017 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2017 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте есептелген немесе ашылып көрсетілген жағдайлардан басқа, Топтың салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп санайды.

#### *2009-2012 жылдар үшін ҚМГ БӨ кешенді салықтық тексеру*

2017 жылғы 11 желтоқсанда ҚМГ БӨ 2009- 2012 жылдар аралығындағы салық кезеңі үшін салықтық тексеру нәтижелеріне шағымдануына қатысты Жоғарғы Соттың түпкілікті шешімі берілді, соның нәтижесінде 2009-2012 жылдар аралығындағы кезеңде қосымша есептелген түпкі сома 6.534 миллион теңге болды, бұған негізгі сома, айыппұлдар мен өсімпұлдар кірді. Тиісінше, осы қаржылық есептілікте 7.031 миллион теңге мөлшерінде салық резервінің қалған сомасы қайтарылды.

#### *ҚМГ БӨ өтелуге жататын ҚҚС*

2017 жылғы мамыр мен маусымда «Эмбамұнайгаз» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ 2012-2015 жылдар аралығындағы кезеңде салықтық тексеру актілерін алды, әрі олар 4.033 миллион теңге және тиісінше 26.073 миллион теңге мөлшеріндегі сомаға өтелуге жататын ҚҚС құқығын растады. 2.053 миллион теңге және 2.006 миллион теңге мөлшеріндегі сомаларды «Эмбамұнайгаз» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ салықтық тексеру актілерімен өтелуге растамады.

Нәтижесінде Топ ҚҚС бойынша бұрын есептелген 30.106 миллион теңгені қайтарып берді.

### Сот істері

#### *ҚМГ еншілес компаниясы - «KMG Drilling & Services LLP» ЖШС-тің (бұдан әрі – «KMG D&S») сот істері*

KMG D&S ( Топтың еншілес ұйымы) өзін өзі көтеретін жүзетін бұрғылау қондырғысын (ӨКБҚ) салу бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу туралы шарттан туындайтын мәселелер бойынша «Ерсай Каспиан Контрактор» ЖШС мен «Caspian Offshore & Marine Construction LLP» ЖШС (бұдан әрі – «Консорциум» немесе «Талапкерлер») компанияларының Консорциумымен арбитраждық іске тартылды, әрі сол бойынша Консорциум Лондонның халықаралық арбитраждық сотына өтініш берді. KMG D&S Консорциум шағымын 2017 жылғы 17 қаңтарда алды. Шағымның қарар бөлігінде Талапкердің келесі талаптары көрсетілген:

- ▶ реттеуші органдар талаптарының өзгеруі салдарынан жобаның өзгеруін мойындау, мұндай өзгерістердің салдарынан Шарт құнының ұлғаюы, бұдан туындайтын шығындарды өтеу;
- ▶ жол берілген кідірістерге орай ӨКБҚ жеткізу мерзімдерін ұзарту;
- ▶ KMG D&S орындалған жұмыс актілеріне қол қою және ӨКБҚ құрылысының шешуші 5, 6, 7 кезеңдерінің құнын төлеу және мерзімі өткен төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын өндіріп алу.
- ▶ Шарттың құнын ұлғайтудан, KMG D&S Шартты бұзудан, сондай-ақ валюталық түзетулер мен Консорциумның қосымша шығыстарынан туындайтын залалдың орнын толтыру.

## 39. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Сот істері (жалғасы)

*ҚМГ еншілес компаниясы - «KMG Drilling & Services LLP» ЖШС-тің (бұдан әрі – «KMG D&S») сот істері*

Қазақстандық салық салу жүйесінде салықтардың әлеуетті сомасы, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдар, егер ондайлар 2017 жылы болса, Консорциум шағым сомасын 192.114 мың АҚШ долларына дейін ұлғайтты (баламасы 63.845 миллион теңге).

Топ қойылған талаптармен келіспейді және шағымды талдау аяқталғаннан кейін қорғану дәлелдерін келтіруге кіріседі. Топтың мүдделерін қорғау үшін заңгерлік және техникалық кеңес берушілер, тәуелсіз сарапшылар тартылған.

2017 жылғы 31 желтоқсанға Топ бұл шағым бойынша резервті таныған жоқ.

*Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Қор шағымы бойынша Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі*

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам қ. соты шешімінің негізінде Қордың оған тиесілі КМГ Кашаган Б.В. акцияларының 50% қатысты құқықтарына бұл акцияларға билік ету бөлігінде шектеу (бұдан әрі – «шектеу») салынды.

Аталған шектеу Стокгольмның Сауда Палатасының Арбитраждық Институтының жанында Арбитраждық трибунал 2013 жылы шығарған Қазақстан Республикасына қарсы Анатолий Статидің, Габриэль Статидің, Ascorm Group SA және Terra Raf Trans Trading Ltd. Ісі бойынша арбитраждық шешімнің Нидерландтарда танылуы және орындалуы бойынша шағымды қамтамасыз ету шеңберінде салынды.

Шектеуді алу туралы Қор бастаған аралық істің шеңберінде Амстердам қ. соты 2018 жылғы 5 қаңтарда шектеуді сақтап қалу туралы алдын ала шешімді қабылдады. Амстердам қ. сотының бұл шешімі Қордың КМГ Кашаган Б.В. акцияларына қатысты құқықтарына қандай да бір қосымша шектеуді жүктемейді.

Қазіргі уақытта Қор өз мүдделерін белгіленген тәртіппен қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алады.

### Өтелетін шығындарды тексеру

Өнімді бөлу туралы келісімнің («ӨБК») негізгі қағидаттарына сәйкес Үкімет шығындардың өтелуін тексеру құқығын өзіне қалдырады. 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін жасалған шығындардың өтелуін тексерудің нәтижесінде белгілі бір шығындар өтелмейтін етіп жіктелген. ӨБК тараптары бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың дауланатын шығындардағы үлесі 242.915 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 201.091 миллион теңге) болды. Топ және оның ӨБК бойынша серіктестері Үкіметпен бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

### Қазақстанның ішкі нарығына арналған жеткізілімдер бойынша міндеттемелер

Үкімет шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2017 жылы Топ өз міндеттемелеріне сәйкес, бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, ішкі нарыққа 5.407.526 тонна (2016 жылы: 3.236.644 тонна) шикі мұнайды жеткізді.

## 39. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнайды жеткізу шарты бойынша міндеттемелері, бірлескен кәсіпорынның міндеттемелерін қоса алғанда, 28,7 миллион тонна (2016 жылғы 31 желтоқсан: 28,1 миллион тонна) болды.

### Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісім-шарттар бойынша міндеттемелер

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Үкіметпен жасалған өнімді бөлу туралы лицензиялары, келісімдерінің және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарының талаптарына сәйкес ең аз жұмыстар бағдарламасын орындауға қатысты мынадай міндеттемелері (мың теңгемен) бар:

Жылы	Күрделі шығындар	Операциялық шығыстар
2018 жыл	186.859	88.861
2019 жыл	43.342	82.581
2020 жыл	52.706	84.097
2021 жыл	33.912	81.621
2022-2048 жылдар	160.800	408.969
<b>Жиыны</b>	<b>477.619</b>	<b>746.129</b>

### Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер

Операциялық жалдау жөніндегі міндеттемелер, негізінен, 5 (бес) жылдан 10 (он) жылға дейінгі жалдау мерзімімен ұшақтарды жалдауға байланысты. Операциялық жалдаудың барлық шарттары, егер Эйр Астана оларды ұзарту мүмкіндігін пайдаланған жағдайда, нарықтық бағаларды жаңарту жөніндегі бөлімдерді қамтиды. Эйр Астана жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жалданған активтерді сатып алу мүмкіндігіне ие бола алмайды.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық жалдау жөніндегі міндеттемелер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Бір жыл ішінде	27.807	23.317
Бір жылдан бес жылға дейін	97.451	97.193
Бес жылдан артық	67.422	90.321
<b>Жиыны</b>	<b>192.680</b>	<b>210.831</b>

Операциялық жалдау бойынша міндетті төлемдер тіркелген жалдау төлемдерін, сондай-ақ ұшу сағаттарына байланысты түрлендірілетін техникалық қызмет көрсету бойынша төлемдердің белгілі бір бөлігін қамтиды.

Тіркелген және өзгермелі жалдау төлемдері көрсетілген және АҚШ долларында төлеуге жатады. Осы валюта күнделікті әуе кемелерін жалдау кезіндегі халықаралық есептерде пайдаланылады.

### Қаржылық жалдау

2017 жылғы шілдеде Топ «Жолаушылар тасымалы» АҚ еншілес ұйымы арқылы, «БРК-Лизинг» АҚ-мен 18.892 миллион теңге жалпы құнымен, 20 жыл мерзімге және жылдық 1.1,75% сыйақы мөлшерлемесімен «Тұлпар-Тальго» ЖШС шығарған 62 бірлік көлемінде жолаушылар вагондарын жалдауға арналған қаржылық жалдау шартын жасады. Негізгі борышты төлеу бойынша жеңілдік кезеңі 6 жылды құрайды. Топ жалға алушы ретінде болады. Қаржылық жалдаудың басталуы 2018 жылдың желтоқсанында күтіліп отыр. Топ бұл міндеттемелер бойынша кепіл беруші ретінде болды.

Сонымен бірге Топ, «KTZ Express» АҚ мен «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымдары арқылы, «БРК-Лизинг» АҚ-мен вагон-платформаларды және жартылай вагондарды жалдауға арналған қаржылық жалдау шарттарын жасады, олардың жеткізілуі 2018-2019 жылдардың ішінде күтіледі.

## 39. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Кепілдіктер, аккредитивтер беру жөніндегі міндеттемелер және есеп операцияларына жатқызылған басқа да міндеттемелер

Топ үшінші тараптардың алдында клиенттердің міндеттемелерін орындау кепілдігін беру мақсатында қаржылық кепілдіктер мен аккредитивтерді ұсынады. Осы келісімдердің тіркелген лимиттері болады және әдетте, 15 (он бес) жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Кестеде көрсетілген міндеттемелер бойынша шарттық сомалар бұл соманың толығымен орындалатынын болжайды. Аккредитивтер бойынша кестеде көрсетілген сомалар, егер контрагенттер келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындамаса, есепті күні мойындалған барынша көп есептік шығынды білдіреді.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдіктер беру бойынша міндеттемелер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Кепілдіктер	592.923	712.475

Топ кредиттік бақылау мен басқарудың осындай саясатын баланстық операцияларды жүзеге асырған кезде пайдаланылатын баланстан тыс әлеуетті міндеттемелерді өзіне қабылдаған кезде қолданады.

Жоғарыда көрсетілген кепілдіктер беру жөніндегі шарттық міндеттемелердің қолда бар жалпы сомасы ақшалай қаражаттың болашақтағы қажеттілігін міндетті түрде білдірмейді, өйткені осы міндеттемелер олар қаржыландырылғанға дейін мерзімі өтуі немесе жабылуы мүмкін. Топ кредиттік қаржылық құралдар бойынша қамтамасыз етуді де сұрай алады.

### Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, жалпы сомасы 3.497.937 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан: 3.804.743 миллион теңге) болатын негізгі құралдарды сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелері болды.

### Дағдарысқа қарсы қаражатты қайталама пайдалану бойынша міндеттемелер

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясының 2012 жылғы 5 сәуірдегі, 2013 жылғы 7 қазандағы және 2017 жылғы 3 шілдедегі шешімдеріне сәйкес Қор жалпы сомасы 174.954 миллион теңге сомаға бірқатар инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыруға тиіс болды.

Қордың 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша игеру міндеттемелеріне 22.434 миллион теңге мөлшерінде «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасын қаржыландыру бойынша Қордың міндеттемелері және 152.520 миллион теңге мөлшерінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру міндеттемелері кіреді, оның ішінде:

- ▶ 56.770 миллион теңгеден артық емес мөлшерде «KPI Inc.» ЖШС жарғылық капиталындағы «Фирма АЛМЭКС ПЛЮС» ЖШС қатысу үлесінің 48% ОХК сатып алуын қаржыландыру;
- ▶ Атырау облысында «Интеграцияланған газ-химия кешенін салу инвестициялық жобаның іске асырылуын қаржыландыру. 92.316 миллион теңгеден артық емес мөлшерде Бірінші фаза», оның ішінде Атырау облысында «Интеграцияланған газ-химия кешенін салу инвестициялық жобаның іске асырылуына бұрын бөлінген қаражаттың есебінен». 12.495 миллион теңге сомасындағы Екінші фаза»;
- ▶ 3.434 миллион теңге мөлшерінде «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймақты құру» жобасын қаржыландыру.

## 40. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Басқару мақсаты үшін Топтың қызметі өндіретін өнім түріне және көрсетілетін қызметтің типіне сәйкес мынадай 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді:

- ▶ Мұнай-газ сараланымы мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, мұнай мен газды қайта өңдеу және сату, шикі мұнай, газ және қайта өңделетін өнімдер бойынша операцияларды қамтиды;
- ▶ Тау-кен сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі операцияларды қамтиды.
- ▶ Тасымалдау сараланымы жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау жөніндегі операцияларды қамтиды.
- ▶ Коммуникация сараланымы жергілікті, алыстағы қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері; сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері бойынша операцияларды қамтиды.
- ▶ Энергетикалық сараланым Энергетикалық сараланым электр энергиясын өндіру және беру жөніндегі, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық, диспетчерлеу және импортталатын электр энергиясын пайдалану жөніндегі операцияларды, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды.
- ▶ Өнеркәсіптік сегмент қорғаныс кешені мен азаматтық машина жасау, химия саласын дамыту кәсіпорындарын қамтиды.
- ▶ Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржы операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыздар беруді қамтиды.
- ▶ Басқа сегмент мемлекетке тұрғын үй құрылысына инвестицияларды салу арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда қолдау көрсету операцияларын және басқа да операцияларды қамтиды.

Жоғарыда аталған есептік сегменттердің кейбіреулері Топтың ұйымдық құрылымына сәйкес неғұрлым шағын операциялық сегменттерді біріктіру арқылы қалыптастырылды. Әрбір есептік сегмент ХҚЕС-қа сәйкес бухгалтерлік есепті жүзеге асырады. ҚХЕС-ке сәйкес дайындалған әрбір сегмент қызметінің қаржылық нәтижелері сегментке ресурстарды бөлу және оның қызмет нәтижелерін бағалау туралы шешімдерді қабылдау мақсаты үшін Басқарма төрағасына және шешімдер қабылдауға жауапты адамға беріледі.



## 40. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төменде 2017 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдалары мен шығындары, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Мұнай-газ	Тау-кен өндіруші	Тасымал-дау	Коммуникациялар	Энергетика	Өнер-кәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқасы	Элиминациялау	Барлығы
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	2.579.449	525.201	1.174.320	240.420	358.305	80.312	152.212	13.939	-	5.124.158
Басқа сегменттерге сатудан түсім	75.979	17.630	11.390	4.633	59.319	9.329	207.107	4.004	(389.391)	-
Түсім жиыны	2.655.428	542.831	1.185.710	245.053	417.624	89.641	359.319	17.943	(389.391)	5.124.158
Жалпы пайда	113.622	73.825	235.678	64.826	151.533	7.130	174.530	11.616	(209.460)	623.300
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(176.696)	(35.812)	(102.959)	(29.084)	(27.518)	(10.008)	(35.352)	(3.319)	7.887	(412.861)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	(306.383)	(5.093)	(8.808)	(4.049)	(15.471)	(1.282)	-	-	21.932	(319.154)
Қаржылық кіріс	123.197	9.523	9.168	6.982	6.613	2.208	66.192	3.705	(35.656)	191.932
Қаржылық шығындар	(313.480)	(9.698)	(109.513)	(8.257)	(33.569)	(9.481)	(29.553)	(1.550)	40.455	(474.646)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың табысындағы үлес	424.774	102.181	2.138	1.098	1.412	235	-	3	-	531.841
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс/(зиян), нетто	24.618	(1.665)	(16.616)	(228)	(4.014)	(1.737)	(1.397)	(16)	24.792	23.737
Тозу, тауарылу және амортизация	(271.999)	(17.288)	(116.249)	(47.534)	(56.862)	(2.614)	(426)	(355)	1.855	(511.472)
Негізгі құралдардың құнсыздануы	(24.123)	(7.899)	(855)	(1.339)	(1.342)	(4.182)	-	-	-	(39.740)
Басқа активтердің құнсыздануы	19.088	(18.178)	(12.792)	(228)	(31.265)	(1.335)	(6.926)	(3.557)	-	(55.193)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(196.003)	(17.517)	(9.830)	(8.614)	(18.667)	(225)	(9.948)	(1.670)	(1.308)	(263.782)
Жалғастырылатын қызметтен бір жылғы таза (зиян)/пайда	(321.090)	198.823	(2.269)	25.980	24.266	7.240	153.988	5.569	(149.382)	(56.875)
Тоқтатылған қызметтен бір жылғы таза пайда/(зиян)	792.850	-	-	-	-	-	-	-	-	792.850
Таза пайданың / (зиянның) жиыны	471.760	198.823	(2.269)	25.980	24.266	7.240	153.988	5.569	(149.382)	735.975
Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат										
Сегмент активтерінің жиыны	15.572.816	1.554.570	3.364.637	560.848	1.398.224	507.658	7.547.077	261.143	(6.601.070)	24.165.903
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	7.655.338	324.298	2.082.746	160.549	687.577	227.373	1.940.502	172.659	(748.304)	12.502.738
Күмәнді берешек бойынша резервтер	1.397	3.066	1.844	895	(1.307)	297	1.249	(60)	55	7.436
Бірлескен кәсіпорындардағы және қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	2.066.856	619.312	27.404	69.246	86.010	6.945	-	57	(32.341)	2.843.489
Күрделі шығындар	668.278	53.304	261.967	40.141	108.825	67.241	3.671	748	(2.821)	1.201.354

## 40. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төменде 2016 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдалары мен шығындары, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тәу-нен өндіруші	Тасымалдау	Коммуни-кациялар	Энергетика	Өнер-кәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқасы	Элими-нациялау	Барлығы
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	1.829.618	542.093	1.012.129	236.579	315.044	70.336	48.955	12.939	-	4.067.693
Басқа сегменттерге сатудан түсім	61.936	18.606	13.334	3.971	40.621	7.406	104.084	2.906	(252.864)	-
<b>Түсім жиыны</b>	<b>1.891.554</b>	<b>560.699</b>	<b>1.025.463</b>	<b>240.550</b>	<b>355.665</b>	<b>77.742</b>	<b>153.039</b>	<b>15.845</b>	<b>(252.864)</b>	<b>4.067.693</b>
Жалпы пайда	295.653	113.080	184.303	74.041	119.654	7.623	35.803	5.548	(106.319)	729.386
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(121.151)	(33.414)	(89.631)	(28.336)	(31.722)	(9.270)	(34.148)	(3.166)	6.137	(344.701)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	(200.754)	(7.283)	(6.984)	(3.591)	(3.336)	(1.021)	-	-	4.629	(218.340)
Қаржылық кіріс	169.592	18.041	9.962	6.792	10.099	4.748	117.839	7.482	(70.817)	273.738
Қаржылық шығындар	(271.055)	(11.559)	(97.325)	(7.234)	(26.266)	(6.419)	(11.352)	(1.870)	32.125	(400.955)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың табысындағы үлес	257.121	112.131	670	(13.568)	4.970	(5.352)	-	(3)	-	355.969
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс/(зиян), нетто	(12.671)	3.114	15.901	(640)	6.614	747	(36.101)	(22)	(525)	(23.583)
Тозу тауысылу және амортизация	(190.076)	(16.985)	(124.342)	(33.498)	(56.811)	(1.879)	(712)	(363)	438	(424.228)
Негізгі құралдардың құнсыздануы	(3.250)	(13.626)	(4.996)	(23)	(349)	(582)	-	-	-	(22.826)
Басқа активтердің құнсыздануы	(15.015)	(8.426)	(3.688)	(720)	(1.070)	(1.063)	(12.091)	(3.755)	-	(45.828)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(105.653)	(18.185)	1.821	(11.266)	(18.395)	39	(14.850)	(1.911)	(1.492)	(169.892)
Бір жылдағы жалғасатын қызметтен түскен таза пайда/(зиян)	(6.684)	149.005	27.696	56.391	61.751	4.848	47.566	2.859	(136.431)	207.001
Тоқтатылған қызметтен бір жылғы таза пайда/(зиян)	368.199	-	-	-	-	-	-	-	-	368.199
<b>Таза пайданың / (зиянның) жиыны</b>	<b>361.515</b>	<b>149.005</b>	<b>27.696</b>	<b>56.391</b>	<b>61.751</b>	<b>4.848</b>	<b>47.566</b>	<b>2.859</b>	<b>(136.431)</b>	<b>575.200</b>
<b>Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат</b>										
Сегмент активтерінің жиыны	14.131.230	1.395.264	3.254.303	545.512	1.482.227	309.795	7.539.497	244.898	(6.441.866)	22.460.860
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	6.534.000	279.047	2.061.124	170.711	756.234	121.716	2.081.221	165.946	(700.813)	11.469.186
Құманді берешек бойынша резервтер	4.363	491	178	922	1.531	303	779	101	(94)	8.574
Бірлескен кәсіпорындардағы және қауымдастырылған компаниялардағы инвестициялар	1.947.125	608.918	23.078	67.161	86.010	39.296	-	53	(36.505)	2.843.489
Күрделі шығындар	755.128	38.690	333.057	21.881	119.145	40.456	13.999	175	(770)	1.321.761

## 41. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

### Алынған қарыздар

2018 жылғы 24 сәуірде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Kazmunaigaz Finance Sub B.V. (еншілес компания) 3,25 миллиард АҚШ доллары жалпы көлемінде шығарған көлемі 10,5 миллиард АҚШ доллар болатын орта мерзімді жаһандық ноттарды шығарудың ағымдағы бағдарламасының шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еурооблигациялардың шығарылымдарын орналастыру процесін аяқтады. Еурооблигациялар үш серияда шығарылды, оның ішінде: (i) 4,750% купон мөлшерлемесімен және 2025 жылы өтелуге жататын 500.000 мың АҚШ доллары (баламасы 163.260 миллион теңге); (ii) 5,375% купон мөлшерлемесімен және 2030 жылы өтелуге жататын 1.250.000 мың АҚШ доллары (баламасы 408.150 миллион теңге); және (iii) 6,375% купон мөлшерлемесімен және 2048 жылы өтелуге жататын 1.250.500 мың АҚШ доллары (баламасы 489.780 миллион теңге).

### Топ құрылымындағы өзгерістер

2018 жылғы 23 қаңтарда, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ БӨ), ҚМГ ҰК ірі еншілес ұйымдарының бірі, өз акцияларын сатып алуын жария етті. 2018 жылғы ақпан-сәуірде ҚМГ БӨ тендерлік ұсынысты аяқтады, соның нәтижесінде ҚМГ ҰК мен ҚМГ БӨ жалпы алғанда ҚМГ БӨ шығарылған жай акцияларының 99,5% ие болды.

2017 жылғы желтоқсанда «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ мен Самесо «Инкай БК» ЖШС қайта құрылымдау бойынша мәмілені аяқтады. Сату туралы келісімнің талаптары бойынша «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ «СП Испай» ЖШС-тегі қатысу үлесін 40%-дан 60%-ға дейін ұлғайтты және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап кәсіпорынға бақылауды алды.